Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ескерткішті Омбы қаласына сыйға тартты. Мүсінші Азат Баярлин Шоқанды ашық кітаппен суреттеген. Ескерткіш аттас көшеде орнатылды.

Абай Құнанбайұлы

Абай ескерткіші әлемнің бірнеше елінде орнатылған: Ресей астанасы Мәскеу қаласындағы "Чистые пруды" желекжолында, Венгрия астанасы Будапешттегі Астана көшесінде, Қытайдағы Бейжіңдегі "Чаоян" саябағында, Ташкенттегі Қазақстан Елшілігі ғимаратының алдында, Иран Ұлттық кітапханасы аллеясында, Тегеранда. және т.б.

Жамбыл Жабаев

«Ленинградтық өренім!» жырының авторына Санкт-Петербургте, оның есімімен аталатын көшеде ескерткіш орнатылды. Мүсіндердің авторы-Феликс Романовский мен Валентин Свешников.

Мәншүк Мәметованың Невель қаласындағы (Псков облысы) ескерткіші, сол қала үшін шайқаста қаза тапты

Әлия Молдағұлованың ескерткіші Санкт-Петербургтің Красногвардейский ауданында, аттас көшедегі 5 үйдің алаңында орналасқан.

Кеңес одағының батыры ***Нүркен Әбдіров*** тақтасы.

Мамай қорғаны, Волгоград, Ресей.

Ғұлама ұстаз - ***Әбу Насыр Әл-Фараби***.

Дамаскідегі Зират, Сирия.

Египет пен Сирияның сұлтаны - ***Бейбарыс***.

Дамаскідегі Зират, Сирия

Түркістан халықтарының шежірешісі - ***Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати***.

Кашмирдегі Зират, Үндістан.

Ораз-Мұхаммед - Қасым хандығының ханы.

Рязань облысындағы зират, Ресей.

Төртқара Сейітқұл мен **Әйтеке би**.

Зират Нұрата, Навои облысы, Өзбекстан.

Ташкент жоғарғы биі және билеушісі - **Төле би**.

Зират Ташкентте, Өзбекстанда.

Күй атасы – **Құрманғазы**

Зират Астрахань облысында, Ресей.

Ұлт көсемі - **Әлихан Бөкейханов**, тіл қорғаушысы-Нығмет Нұрмақов.

Дон зираты, Мәскеу, Ресей.

Батырлардың соңғысы - **Оспан Батыр Исламұлы**.

Зират ИКАО, Шыңжаң, Қытай.

Ішкі Орда ханы – **Бөкей хан**.

Зират Астрахань облысында, Ресей.

УДК 94 (574)

РОЛЬ ЖАНГИР ХАНА В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

Джакупова А.Г.

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет

им. Жангир хана, г. Уральск, Казахстан

E-mail: Aigul_GULGAZ@mail.ru

Одной из самых примечательных и выдающихся личностей в истории Казахстана по праву считается Жангир хан. Этот правитель обладал управленческим талантом и имел огромную тягу к знаниям. Кто такой хан Жангир? Чем он прославился, какой след оставил в истории?

Бокейулы Жангир - один из самых известных казахских политических деятелей XIX века. Он родился в 1801 году у Атанханым - второй жены основателя хана Букея. Образование Букеевского ханства историки связывают с его именем. Фактически Букеевское ханство - вассальное кочевое государство в составе Российской империи - существовало с 1801-го по 1845-й. Но некоторые историки утверждают, что держава кочевников

прекратила существование после смерти сына и преемника Жангир хана Сахиб-Керея в 1847 году. Чем примечательна личность хана Жангира? Многие исследователи, изучающие историю и культуру Казахстана, утверждают, что Жангир -это казахский хан-просветитель, который придавал огромное значение образованию и культурному обогащению народа. Он вошел в историю как реформатор.

Рассмотрим подробнее жизненный и политический путь великого Жангира:

С юных лет Жангир понимал, что ему уготовано великое будущее - он станет преемником хана-отца. И обладая гордым и упорным нравом, как и многие представители казахского народа, юноша начал постигать науки. Можно с уверенностью утверждать, что будущий хан получил отличное по тогдашним меркам образование:

- Начальные знания получил от домашнего учителя.

- Далее Жангир перебрался в Астрахань, в дом Степана Семеновича Андреевского - друга отца и губернатора края. В доме русского дворянина образованием юноши занимались профессиональные преподаватели. Они учили его основам политики, административному управлению и прочим важным для правителя наукам.

- Жангир в совершенстве владел тремя иностранными языками: русским, арабским и персидским. Также мог достаточно сносно изъясняться на немецком языке.

Жангир - третий по счету казахский хан, управляющий Букеевской Ордой. Несмотря на то что он старший сын и наследник Букея, управлять общиной Жангир не мог до 22 лет. Отец умер, когда мальчику едва исполнилось 14 лет. Взять на себя бразды правления он не мог, поэтому фактически Внутренней Ордой до его совершеннолетия управлял родной дядя Шигай. После достижения Жангиром зрелости император Александр I назначил его ханом Букеевского ханства. Период правления хана Жангира в казахском государстве составляет почти 22 года. Почетный пост Жангир занимал с 1823-го по 1845-й год.

Жангир был не только умелым правителем, но и любящим семьянином. У хана было три жены-красавицы - Юзум, Фатима и

Салиха. Любимые женщины подарили правителю 11 потомков: восемь сыновей и трех дочерей. Один из старших сыновей, Сахиб-Керей, по слухам, был любимчиком Жангира. Поэтому он унаследовал ханские полномочия после смерти великого правителя. Также вошло в историю имя самой старшей дочери хана - Зулейхи: она вышла замуж за видного политического деятеля, потомка татарского дворянства, полковника Александра Тевкелева.

Смерть настигла хана рано: он скончался в возрасте 44 лет. Исторические источники выдвигают три версии скоропостижной смерти великого Жангира:

1. Убийство. Некоторые историки утверждают, что хана убил цирюльник. Приказ ему отдал якобы император Николай I.

2. Естественная смерть от инсульта.

3. Отравление. В народе ходили слухи, что хана отравили. Поговаривали, что до дня смерти Жангир был здоров и активен. Поэтому версия отравления достаточно правдоподобная. О том, что хан и его Орда стали неудобны русским правителям, свидетельствует и тот факт, что приемник Жангира, его 16-летний сын Сахиб-Керей внезапно погиб по пути домой из Петербурга. После этого ханский титул упразднили, а главным органом власти в ханстве стал Временный совет.

Жангир хан - великий реформатор. Некоторые историки утверждают, что Жангир обладал достаточно жестким нравом. Не лишенный честолюбия хан пытался усилить свою власть в Орде, ориентируясь на русскую самодержавную модель государственного правления. Но надо отдать хану должное - он многое сделал для своего народа:

В период становления Букеевская Орда находилась на невысоком культурном уровне развития. Кочевой образ жизни не способствовал внедрению школьного образования. Сам хан, получивший достаточно неплохое образование, был уверен, что знания - ключ к улучшению благосостояния и укреплению позиций казахского народа на политической арене. Когда хан начал посещать Казанский университет, то стал все чаще задумываться над идеей создания института образования во Внутренней Орде. Вот несколько действенных шагов, которые предпринял Жангир, чтобы улучшить ситуацию с образованием казахов:

- Возведение стационарных школ. Хан на собственные деньги построил высшую школу, в которой дети походили подготовку перед поступлением в учебные заведения. Нередко он сам проводил в школе уроки, принимал экзамены.

- Личный пример, агитация. Жангир отправил своих детей учиться в Казань и призывал знатных казахов поступить также.

- По его приказанию в административных центрах строили мечети, а при них возводили небольшие начальные школы-мектебы. Очень скоро уровень образованности населения вырос. За годы правления Жангиру удалось поднять жизнь в Букеевском ханстве на качественно новую ступень.

Заслуги хана высоко оценили и его потомки. Недаром Западно-Казахстанский аграрно-технический университет с мая 2003 года носит его имя. Ныне известное и престижное высшее учебное заведение официально именуется ЗКАТУ имени Жангир хана. Здесь размещен историко-этнографический музей имени Жангир-хана. В трех залах представлены работы ремесленников, национальные костюмы, предметы быта, фотографии, которые рассказывают о Букеевской Орде.

Реформа социально-экономического устройства. Жангир, как наиболее образованный среди предшествовавших ему казахских правителей, предпринимал попытки укрепить позиции своей державы и улучшить условия жизни народа. Он инициировал ряд нововведений:

- Создал управленческий аппарат с централизованной властью. Ханский совет, канцелярия, совет биев, депутатская группа и есаулы подчинялись непосредственно хану.

- Усовершенствовал государственную налоговую политику. Налоги должны были платить все жители Орды.

- Упорядочил развитие торговли. Хан организовал ярмарки, на которых жители Орды торговали с купцами из соседних государств.

- Зародил в сознании кочевников идею оседлости. Хан понимал, что очень важно создать для народа такие условия, при которых кочевникам захочется осесть и завести хозяйство. Для этого он раздавал землю в частное пользование. Но усилия хана не дали желаемых результатов. Земли на всех не хватало, и чаще она

доставалась людям не бедным и со связями. Огромная часть населения не получила права на использование земельных ресурсов. Это и усугубило социальные разногласия. Народные волнения впоследствии вылились в восстание, предводителями которого стали Исатай Тайманов и Махамбет Утемисов. Хану Жангиру ничего не оставалось, как обратиться за помощью к русскому правителю и с помощью его вооруженной армии подавить восстание.

Дипломатия Жангир хана. Как известно, Жангир хан фактически пребывал на службе у русского императора. Он был обязан проводить колониальную политику царизма. И хан неукоснительно соблюдал запрет на заселение казахами близлежащих территорий, которые принадлежали Российской империи. Такая политика вызывала непонимание и возмущение со стороны соплеменников. Конечно, нельзя сказать, что казахский хан был искренним народолюбом. Но это не умаляет его заслуг в сфере просвещения.

Жангир хан - выдающийся политический и общественный деятель, который много времени и сил посвятил просвещению казахского народа. Новаторские реформы, внедренные на территории Букеевского ханства, имели огромное влияние на развитие других регионов Казахстана.

Литература:

- 1. История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.: сб. документов и материалов/сост. Б.Т.Жанаев, В.А.Иночкин, С.Х.Сагнаева. Алматы: Дайк – Пресс, 2002. 1120 с.*
- 2. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств XVIII- первой половины XIX вв. Жангир хан (1801-1845 гг.). Алматы: Наш мир, 2001. Т.4.*
- 3. Мукатаев Г.К. Хан Жангир. Великий преобразователь степи. К 200-летию образования Внутренней Букеевской Орды и 200-летию со дня рождения хана Жангира Букеева. СПб., 2001.*

ХАСАН НҰРМҰХАМЕДОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ

Балжанова Г. Ж.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

E-mail: erlan.alataev@mail.ru

XX ғасырдың басында ұлттық идеяны ту етіп көтерген Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары, қалыптасқан ағартушылық үрдісін жалғастырушылар, бар білім, ақыл-ойын туған халқының игілігіне, бостандығына арнаған нағыз ұлтжанды азаматтар еді. Қазақ оқығандары Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен-ақ елдің саяси, мәдени өміріне белсене араласа бастады. Сондай Алаш қайраткерлерінің бірі ретінде Алашорданың Батыс бөлімінің басшылары Жаһанша және Халел Досмұхамедовтермен бірге ұлттық бірлік саясатын таңдап алған Хасан Нұрмұхамедовті де атауға болады. Алаш қайраткерлері қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырды, аз уақытқа болса да ұлан-байтақ қазақ топырағында Алашорданың Батыс бөлімін құрып, миллион жарым қазақты біріктіріп, ел басқарды. Сөйтіп, бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің алғашқы нышандарын құрып беріп кетті.

Хасан Нұрмұхамедов, Хасан хазірет өзінің бүкіл саналы ғұмырын халқының рухани тағылымын жетілдіруге бағыштаған Батыс Алаш қайраткерлерінің бірі.

Атасы Шектібай хазірет өз заманында ғұлама діни ағартушы қайраткер болған. Кейбір деректерге қарағанда Бекет Ата мектебінде тәрбиеленіп, өзінің рухани тәлім-тәрбиесін Ойыл, Жем, Сағыз, Елек, Қиыл, Қобда бойларында балалар оқытып, көпшілікті имандылыққа баулуға бағыттаған. Осы Шектібай атасының тәлім-тәрбиесін алып өскен Хасан мен ағасы Рахметолла хазірет атанып, ісін жалғастырады. Екеуі де Бұхарадағы діни жоғары оқу орнын бітірген. Ел арасында діни ағартушы қайраткерлер атанған.

Жергілікті мұрағатта Хасан Нұрмұхамедовтің екі томдық ісі сақтаулы. Бұл істерде сақталған анкетада Хасан Нұрмұхамедовтің 1871 жылы туылғанын, туған жері Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, №1 ауыл деп көрсетілген. Оның негізгі тұрағы Ойыл ауданы, Ақтөбе облысы делінген. Әлеуметтік тегі: бай- молла, білімі – жоғары діни және 1930 жылы салық төлемегені үшін 5 жылға жер аударылған (бірақ қай жер екені көрсетілмеген.) делінген.

Оның жанұясында: әйелі Нұрмұхамедова Сахып – 47 жаста, баласы Шектібаев Мұхамбет – 22 жаста, Ойыл ауданында жер бөлімінде жұмыс жасайды деп берілген. Оның ағасы Хұсайын Нұрмұхамедов – 65 жаста, Тайпақ ауданында жұмыс істеп, сол жерде тұрады деп көрсетілген. Бұл анкетаның толтырылған уақыты 26 қараша 1937 жыл делінген [1]

Үлгілі әулетте тәрбиеленген Хасан алғашқы кезде ауылдағы мешіт жанындағы мектепте араб, түрік, татар тілдерін меңгерген. Сол кезде Тайсойған, Ойыл өңіріндегі мешіттердің жанында татарлар дәріс берген мектептерді бітіріп, 1886-1901 жылдары Бұхарадағы жоғары діни оқу орнында білімін жалғастырған. Хасанның дүниетанымы осы оқу орнында жүрген студенттік кезінде қалыптасқан. Бұхар шаһарындағы жоғарғы оқу орнын үздік бітірген ол 1901 жылдан бастап Қызылқоғадағы 7 ауылда қатардағы молда ретінде жұмысқа кірісті. Парасатты жас маман қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға жете мән беріп, орталық калалардан шығып жатқан басылымдар бетіндегі жаңалықтардан хабардар болып, сол кездегі оқыған зиялылармен байланыс жасап отырған. Әсіресе діни-ағартушылық мәселеге баса назар аударып, ауқатты азаматтармен байланысып, 1903 жылы Тайсойған өңірінде жеке меншік мешіт ашады. Кейін оның жанынан сауаттандыру мектебі де жұмыс жасай бастайды. Әсіресе, Батыс Қазақстан облысы бойынша мұхтасиб болып тағайындалғаннан кейін округ бойынша діни - рухани тағылымға жауапты және ұйымдастырушы ретінде белгілі бола бастайды.

Мұхтасиб лауазымына тоқталып кетсек, бұл жоғарғы діни лауазым Х ғасырда Қарахан әулетінен бастап қолданыла бастағанын білеміз. Кейін бұл үлкен атақ Уфадағы Бас

мұсылмандар басқармасының шешімімен, жоғары білімі бар, ұйымдастыру қабілеті күшті діндарларға берілген.

Хасан Нұрмұхамедовтың саяси ахуалға қатысы туралы баяндағанда оның Халел Досмұхамедов арқа сүйеген ықпалды адамдардың бірі болғандығын көреміз. Күнбатыс Алашорда жеті адамнан тұратын жаңа үкімет құрумен қатар, халық арасында беделді оқыған он адамнан ақсақалдар кеңесін құраған. Ақсақалдар кеңесінің құрамында Қуанай хазірет, Хасан хазірет, Мәулімбеулі Ишан, т.б. болған. Осы он жеті адам Батыс Алашорда ұйымына жетекшілік еткен. Яғни Хасан Нұрмұхамедовтың Батыс Алашорда ұйымының белсенді мүшелерімен тығыз байланысты жұмыс жасағанын көреміз. Ол өз іс-әрекетінде кеңес үкіметіне және оның жүргізген саясатына қарсы болмаған, тек діни нанымға, ұлттық әдет-ғұрыпқа, салт-санаға қарсы жүргізілген озбырлыққа наразылық білдірген [2].

Хасан Нұрмұхамедов 1917 жылы сәуірде Орал қаласында өткен Орал қазақтарының бірінші съезіне қатысады. Осы жиында Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Орал облысынан делегат болып сайланады. Сол жылы мамыр айында Мәскеуде өткен Мұсылмандар съезінен соң осындағы қазақ делегаттарының кеңесіне қатысып, кеңес қаулысымен 1917 жылы 1 тамыз – 10 қыркүйек аралығында Ташкент қаласында жалпықазақ съезін өткізуді қолдайды. 1917 жылы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен II жалпықазақ съезінің делегаты. Съезде Алаш автономиясын дереу жариялауды және автономияға Түркістан қазақтарын қосып алуды жақтап дауыс береді. Сонымен қатар халықаралық деңгейдегі жиындарға да қатысып отырған. 1922 жылы Женевадағы ұлттар лигасының мәжілісіне, Уфа қаласында өткен мұсылмандардың 1923, 1926 және 1928 жылғы съездеріне қатысқан.

Бірақ 1925 жылдан бастап өзге діни қайраткерлермен бірге Кеңес үкіметі тарапынан қатаң бақылауға алынып, діни-рухани қызметіне шектеу қойылады. Хасан Нұрмұхамедовты 1930 жылы аудандық соттың шешімімен, мезгілінде мемлекеттік салықты төлемегендігі және жекеменшік малын жан-жаққа үлестергені үшін деген жала жабылып, 2 жылға жер аударуға үкім шығарады. (Бірақ қай жер екені көрсетілмеген) [3].

Ақыры, 1937 жылы тұтқындалып, Орал қаласындағы губерниялық түрмеге қамалады. «Маңғыстаулық мұхтасиб Хади Сұлтанов, белгілі Оразмағамбет молда Тұрмағамбетов, имам Әбіл Өтемағамбетовпен бірлесіп жапон тыңшысына агент болды, ақ эмигрант Мұстафа Шоқаймен астыртын байланысты» деген айып тағылады. Ол бүкіл Батыс Қазақстан аймағындағы «істі» болған зиялы қауымның, діни оқыған азаматтардың басшысы, «көсемі» ретінде айыпталып, пан ислам ұйымының негізін құрушы ретінде жауапқа тартылған.

Сонымен бір мезгілде Хасан хазіреттің туған-туысқандары және Қаражан Сарбөпиев, Нұғыман Хасанов, Мырзағали Иманғазиев секілді пікірлес, таныстары да қудаланады. Тек Атырау облысында 45 молда, 13 священник Хасан хазіреттің «құйыршықтары» деп атылып кеткен [4]. Белгілі «Хасан хазірет мешіті» бұзылып, жоқ етілді.

1938 жылы ақпанда Хасан хазірет КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясы «үштігінің» қаулысымен ату жазасына кесіледі [5]. Сүйегі қайда қалғаны бүгінге дейін белгісіз.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген сөзді бұрынғылар текке айтпаған, бұл сөз оқалы бөрік, жез телпек киіп, мыңғырған мал айдауды армандау емес, өмірден өткен ата-бабаларды естен шығармай, барын бағалап, жоғын жоқтап отыруды меңзеген. Қазақ баласы ежелден бастың амандығын, бауырының бүтіндігін ең басты байлық санаған. Адам баласы өмірге келіп, есі кіргеннен соң бұл дүниеден не аларын емес, артына не қалдырарын ойлайды. Соның бірі ұрпақ қалдыру екен. Сол арқылы өмірінің жалғасқанын, соңында іздеушісі, ісін алға апарушы қалғанын қалайды. Хасан Нұрмұхамедовтың артында қалған жалғыз тұяқ Ахметбек ата. Ол кісінің әңгімесін тыңдағанда бейне бір тарих оқулығын ақтарғандай боласың. Ахметбек атаның әңгімесінен үзінді келтірейін: «1939 жылы мен мектепті ерекше үлгідегі аттестатпен бітірдім. (Қазір бұл құжатым жергілікті музейде сақтаулы.) Содан бір жыл бұрын әкемді қамауға алды. Кетерде айтқан сөздері әлі есімде: «Уақыт талабына сай өмір сүр, жақсы оқы, жамандық жасама және шешенмен қарындасыңа қорған бол». Мен әкемнің аманатын орындадым деп ойлаймын. Тек бір әттеген-айы қарындастарымды құтқара алмадым. Майданнан

оралған мені жалғыз апам ғана қарсы алды. Байғұс қарындастарым бұл күнге жете алмай аштан өліпті. Дәл 1939 жылы мен КазГУ-дің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны үздік оқып жүрдім. Үздіктер қатарында 7-8 адам болған еді. Сол кездегі газеттерде біз туралы мақала да жазылған болатын. Ол мақала «Қазақстанның болашағы» деп аталған еді. Күтпеген жерден оқуды тоқтатуға мәжбүр болдық, себебі әскер қатарына шақыртылды. Ректорымыз қанша алып қалуға әрекет жасағанымен, ештеңе шықпады. Сол кезде Ворошиловтың арнайы бұйрығы шыққан еді. Мен Батыс Украинаның артиллериялық полкында өз әскери борышымды өтедім. 1941 жылдың қыркүйегінде біздің үйге қайтуымыз керек болатын, күтпеген жерден маусым айында соғыс басталды да кетті. Он күн өткеннен соң біз қоршауда қалдық. Бізге берілген бұйрық мынадай болды: Бірінші болып атыспау, тек жай ғана аңдысын аңду, шешуші айқасты күту, қолдағы бар оқ дәріні үнемдеу. Ал қоршауда қалған біз бір ай бойына шегінумен болдық. Еш байланыс, ешқандай азық-түлік қатыстырылмады. Содан-соң шешуші айқас басталды. Сол айқасқа түскен 2000 адамнан тек 40-ы ғана аман қалды.

...Соғыс аяқталған соң елге келіп мектепте математика пәнінен сабақ беріп жүрдім. Күн сайын мені НКВД-ға шақырумен болды. Сөйтсем, өзімнің мұғалімдерім маған жала жапқан екен. Сөйтіп, 1948 жылы отанына сатқындық жасады деген желеумен 25 жылға сотталып кете бардым. Оның 8 жылын атақты Колымада өткіздім.

Қанша снаряд қасымнан жарылып жатса да, қанша адамдар құрт-бит болып өліп жатса да мен әлі күнге тірімін. Сірә қазақтың «қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі» дегені рас болса керек», - дейді Ахметбек ата.

Ел басына күн туған шақта тек елім деп халқының болашағын ойлап халқына бағыт сілтеп, тәуелсіздікке қол созған осы зиялылардың өмір жолдарына терең үңіліп, зерттер болсақ, бүгінгі жас ұрпаққа алар өнеге мен тәлім-тәрбие жеткілікті. Сондықтан да келер ұрпақ өз ата-бабаларының қилы тағдырын оқып, зерделеп, олардың айбынды да, қажырлы еңбектері туралы ой түйі тиіс.

Әдебиеттер:

1. ҚР ҰҚК БҚО мұрағаты П-1124-ші іс, 1-том, №6 қор
2. *Ғ.Нығмет, Х.Табылдиев Ақтаңдақтар ақиқаты – А., 1999.*
3. *Д.Д.Сүлейменова «Зұлмат жылдар құрбаны болған Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры хақында» Орал өңірі 2011.*
4. *Алаш қозғалысы: теория, тарих, тағылым атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Орал. 2008.*
5. *Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. «Арыс» баспасы, 2002 жыл.*

УДК 908 (574)

ОРАЛДАҒЫ ШЕШЕН ДИАСПОРАСЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ

Әділгереева Н.А.

М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: adigereeva_nurgul@mail.ru

Екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы әлем картасындағы мемлекеттік территорияларды қайта бөліске салу сылтауының желеуімен жүргізілгендігі бүгінде бізге мәлім. Кеңес Одағы иелігіне өзара келісімді бұза отырып, аяқ басқан неміс әскерлері Кеңес Одағының бұл соғысқа араласуына мәжбүрледі және бұл соғыс бізге Ұлы Отан үшін болды.

Алғашында қарсылас күшінің қарқыны мықты болуынан Кеңес әскерлері еріксіз шегіне отырып, көптеген елдер мен жерлерден айырылды. Сондай майдандардың бірі Төменгі Еділде орын алған болатын және бұл кезде қарсылас әскерлерінің назары Шығысқа қарай жылжу себепінен Кавказ халықтары шайқастан тыс қалды. Қарсылас әскерлерінен ойлағаны іске аспай, Еділден әрі аса алмай, күшінің таусыла бастауы, Кеңес әскеріне жаңа дем беріп, соғыс барысын өзгертіп, көптеген жерлерді азат еткеннен соң, сол өңірлердегі соғыстан тыс қалған халықтарға Сталиндік жүйенін шүйлігуі басталды.

Бірінен соң бірі қудаланып, жер аударыла бастаған саны аз халықтардың ішінде шешен және ингуштарда енгізілді. Оларға қарсы 1943 жылдың қазан айында «Жасымық» атты арнайы жоспар жасалынып, 500 мыңға жуық шешендер мен ингуштарды жер аудару қолға алынды. Оның ішінде 200 мың адамды Новосибирск облысына, 35-40 мыңын Алтайға, Красноярск өлкесіне және Омбы облысына көшірілмек еді [1, 38 б.]. Алайда, кейінірек, 1943 жылы желтоқсанда Л. Берия ұсынған жоспарға сай оларды Қазақстан мен Қырғызстан облыстары арасында бөліп таратылу шешілді [2, 121 б.]. Бұл жоспарда шешендер мен ингуштарға «Кеңестерге және Қызыл Әскерге қарсы террористік қимылдарға белсенді араласты» деген айып тағылып, Л. Берияның жеке басшылығымен жүргізілген операцияға НКВД, НКГБ және Смерштің 19 000-ға жуық жедел қызметкерлері, шамамен 100 мың адам жұмылдырылған [3, 103 б.].

1944 жылдың 29 қаңтарында «Шешендер мен ингуштарды жер аудару жүргізу нұсқаулықтар» қабылданып, жер аудару туралы қаулы 31 қаңтарға белгіленіп, соған сәйкес 1944 жылы 21 ақпанда НКВД-ның бұйрығы шықты. 1944 жылдың 31 қаңтарында ГКО «Арнайы жер аударылғандарды Қазақстан мен Қырғызстан аймақтарына орналастыру шаралары жөніндегі» қаулы жариялады.

Вайнахтардың негізгі бөлігі Қазақстанға аттандырылып, ақпан айына қарай шешендер 240 мың және ингуштар 80 мың адам болса, бірінші наурызға орай 478 479 адам жіберілді. Олардың 387 229 шешендер, 91 250 ингуштар болды [4, 40-41 б.].

Арнайы жер аудару қоныстарына сотталған, Қызыл Әскер қатарында болған, Кеңес Одағының Еуропалық бөлігіндегі қалаларда тұрып жатқандар, Кавказдағы жасырынып жүргендер және т.б. тарттырылды. 1944 жылдың 20 наурызында 180 эшалонмен Қазақстанға 494 456 мың адам жеткізілді. Олар Солтүстік Қазақстанға – 39 021, Қостанайға – 45 768, Павлодарға – 42 127, Ақмолаға – 59 988 және басқа өңірлерді таратылды. Бұл алып келінген адамдар қатарында шешен және ингуштардан бөлек кабардин және балкарларда болатын [4, 40-41 б.].

Бүгінде бұл халықтарды туған жерінен күштеп жер аудару жөніндегі тарихи зерттеулер көптеп қолға алынып, оқиға туралы

тың деректерді жарыққа шығаруда еңбек етіп жүрген ғалымдар аз емес.

Тақырыпқа алғаш болып назарын аударғандардың бірі америкалық тарихшы, әрі жазушы, Кеңес тарихының маманы Роберт Конвест болатын. Ол «Кеңес Одағындағы билік пен саясат», «Кеңестік халықтарды депортациялау» атты еңбектердің авторы. Оның 1968 жылы жарыққа шыққан «Үлкен террор: 30 жылдардағы сталиндік тазалаулар» атты еңбегі қуғындаулардың ауқымдылығы мәселелерінің қарастыруға бастама жасап берді [5].

1975 жылы кеңес тарихшысы-эмигрант А.М. Некрич жаппай депортациялаулар туралы, соның ішінде шешендер мен ингуштар туралы «Жазаланған халықтар» атты еңбегін шет елде басып шықты [6].

Ресей ғалымдары Н.Ф. Бугай мен В.Н. Земскованың ғылыми жұмыстары депортацияланған халықтар мен әлеуметтік топтардың тарихын зерттеудің дамуына зор үлесін қосты. Ал Қазақстанда бұл уақытта жаппай қудаланған және жер аударылған халықтардың тарихы мәселелерін М. Қозыбаев, Ж. Абылхожин, К. Алдажұманов және басқалары қолға ала бастады.

Сталиндік жер аударулар М. Гелб, С. Виола, Ж.Ж. Мари және басқалары секілді шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылды. Б. Уильямс, Н. Наймарк, Т. Мартин секілді тарихшылар Кеңес Одағындағы аз халықтардың күштеп жер аударылуларын XX ғасырдың Еуропадағы ұлттық тазалаулар сияқты ауқымды контекстте қарастырды.

Солтүстік Кавказдың жер аударылған халықтарының тарихына шешен ұлтынан шыққан шетел тарихшысы А.Г. Авторханов «Ұлт өлтіруші – шешен-ингуш халықтарының өлтірілуі» атты еңбегін арнады. Солтүстік Кавказ халықтарының күштеп жер аударылуының зерттелуі Г. Гакаев, Д. Гакаева, А. Гонов, Ю. Дешериев, Х.М. Ибрагимбейли, М. Музаев, Л. Парова, З. Шахбиев, Д.М. Эдиевтердің еңбектерінде біраз деңгейде даму алды. Олар Солтүстік Кавказ халықтарының жер аударылуы және ақталуларының әртүрлі мәселелерін құжаттар негізінде қарастырды. Сонымен қатар аталған мәселе Шешен мемлекеттік университетінің ғалымдары С. Цуцулаев, Муса и Мовсура Ибрагимовтар, В. Муртазалиев, Х.А. Матаговалардың және ингуш

ғалымдары Л.Я. Арапханова, И.Б. Дидигова, Д. Кокурхоева және басқаларының зерттеулерінде тереңірек ашылды [7].

2009 жылы Алматыда жарық көрген профессор Ж.А. Ермекбаевтың «Қазақстандағы шешендер мен ингуштар. Тарихы мен тағдыры» монографиясында Қазақстанның өңірлеріндегі арнайы жер аударылғандардың пайда болу тарихын, құқықтық жағдайын, тұрмыстық-материалдық өмірлерін, олардың еңбекке пайдаланудың ерекшеліктері мен өңірлердегі экономикаға сіңісуі қарастырылады [8].

Шешен мен ингуш халықтарын күштеп жер аударылуы мәселесіне деген тарихшылардың қызығушықтарының әліде сақталуы соңғы жылдардағы жарияланымдардан байқалады. 2003 жылы Грозныйда шыққан Г. Локаевтың «Спецпереселнцы» еңбегіде маңызды болып табылады.

Қазақстанға күштеп жер аударылғандардың ерекшеліктеріне арналған ғылыми еңбектерді М.Т. Баймаханов, С.Д. Дильманов, А.Р. Кукушкина, Л.В. Михеева, А.Т. Казбекова сияқты ғалымдар зерттеді [7].

Жоғарыда атап өткеніміздей жер аударуға ұшыраған шешен ұлтының көп бөлігі Орталық Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды өңірлеріне орналастырылған. Демек темір жол бойында орналасқан ірі өндірістік орындары бар облыстар мен қалаларға қоныс аудару әуел бастан сталиндік режимнің жаңа жұмыс күші ретінде жүзеге асыруды көздегендігін көрсетеді. Қазіргі Батыс Қазақстан облысы сол кезеңде аталған бағыт бойынша теміржол бойында орналаспағандықтан, шешен ұлтын біздің облысымызға жер аудару жоспарланбаған деген пайымға келуге болады. Әрине, бұл тек бір ғана себеп емес екендігі түсінікті, өйткені Батыс Қазақстанның географиялық орналасуы Кавказдан жырақ болмауы да, кеңестік биліктің халықтың ауа кейін көшуінен сақтанса болса керек, туған жерлерінен алысқа жіберуіне бұл түрткі болғаны ғажап емес.

Батыс Қазақстандағы шешен диаспорасының қалыптасуы негізінен жаппай жер аударудан кейінгі жылдары бастау алады. Қазақстанның өзге өңірлеріне жер аударылған шешен ұлтының өкілдері шаруашылық жағдайға, құрылысқа, оқу орнындағы жолдамаларына байланысты Батыс Қазақстан облысына ерікті

түрде қоныс аударып бастаған. Бұл дерекке дәйек ретінде ҚХА Батыс Қазақстан облысы бойынша «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің жетекшісі Данильбек Саратов мырзамен сұхбат барысындағы ақпараттарды келтіруге болады. Оның айтуынша: «Менің ата-анам Қостанай облысына депортацияланған, мен сол облыста дүниеге келдім. Кейін біздер Түлкібас ауданына қоныс аудардық. 1968 жылы анам Шешенстанға қоныс аударамыз деп шешті. Алайда мен ол жақта тұра алмадым, 1975 жылы Оралға құрылыс отрядында жұмыс жасау үшін келдім. Маған дейін келген шешендер оқу орындарындағы жолдамалар бойынша келген адамдар. Мысалы ретінде құрметті құрылысшы Гурсаев Заинди, Аблдаев Шамсуддин сияқты құрметті адамдарды айтуға болады. Гурсаев Заинди 1968 жылы құрылыс отрядына жұмысқа келген, 1969-1970 жж. Аблдаев Шамсуддин құрылыс техникумына жолдама бойынша оқуға келген». Көрсетілген сұхбатқа сүйенсек Батыс Қазақстан облысында шешен диаспорасының қалыптаса бастауы 1960 жылдарға сәйкес келеді деген түйінге келе аламыз. Дегенменде, бұл қоныс аударулар кең ауқым ала алмады.

Негізінен Батыс Қазақстан облысындағы шешен диаспорасының ұлғайуы ХХ ғасырдың соңғы он жылдығына сәйкес келеді [9]. Шешен Республикасында орын алған 1994-1996 және 1999-2000 жылдар аралығындағы соғыс бейбітшілікті бұзып, елдің тыныштығын кетірді. Бейбіт халық ұрпағының болашағы үшін қолайлы жер іздеп, жат жерге кетуге мәжбүр болды. Осы орайдағы архивтік деректерінде Батыс Қазақстан облысында 1995 жылы 1200, 1999 жылы 800 шешен қолдау алып, баспанамен қамтылып, тыныш өмір бастауына мүмкіндік алған.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстанға жер ауып келген шешен ұлты өкілдерін нақты санын анықтап айту оңайға соқпай тұр. Дегенменен, сол оқиғаларды өз көзімен көріп, басынан өткерген кісілердің бүгінгі таңда Жәнібек, Қазталов және басқа да аудандарында тұрып жатқандығы белгілі. Сол адамдармен сұхбат жүргізу арқылы көптеген мәліметтер қол жеткізуге болады.

Батыс Қазақстан облысына жер аударылғандардың жалпы санын анықтау үшін жүргізілген зерттеу жұмысымыз кезінде бірде-бір құжаттардағы күштеп жер аударылған халықтардың

өкілдері ескерілмегендігі мәлім болды. Сондықтан біз аталған жер аударылған халықтардың санының толық есепке алынбағанын ескере отырып, мұндағы көрсеткіштердің әлдеқайда жоғары болуы мүмкіндігін тілге тиек етеміз. Архив деректерінің ұзақ уақыт бойы құпия сақталуы және ғылыми зерттеулерде енді ғана жариялана басталуы бұл тақырыпты әліде тереңірек зерттеу керектігін білдіреді. Алайда қазіргі уақытта деректерді толықтай қолға түсіруде қиындық бар, өйткені мұндай деректердің басым бөлігі орталық құрылымдардың архивтерінде сақтаулы, сондықтан зерттеуші үшін қолайсыздық тудырады [10, 51-53 б.].

Облысқа қоныс аударған шешендердің жай-күйі мен ары қарайғы тағдыры туралы архив құжаттарындағы мәліметтердің аздығы қол байлағанымен, біз бүгінгі таңда облыстағы шешен ұлтының өкідерінен сұхбатқа бет бұрдық. Бөрлі ауданына қарасты, Жарсуат елді-мекені шешен ұлтының шоғырланған жері ретінде танылған. Дегенмен, қазіргі уақытта олардың көпшілігі өз тарихи отандарына немесе басқа елді-мекендерге көшіп кетіп, нәтижесінде, Жарсуат елді-мекенінде үш ғана шешен отбасы қалған.

Жарсуаттағы Хажамурадовтар мен Ибрагимовтар әулеттері аталарының қайдан жер ауып келгендігі, жер аудару барысында отбасынан қанша адам опат болғандығы, қоныстандырылған жерлердегі өмір сүруге қаншалықты жағдайдың жасалғандығы жөнінде сауалдарға алған жауабымыздан келген келесідегідей. Шешен ұлтының жер аударылуы өте қатал, әрі қатыгез жолмен жүзеге асырылып, әр жанұяда кем дегенде 30-50 пайыз мүшелері ертеңгі күнін көре алмаған. Мұндай адам шығындарының саны оданда көп болуы мүмкін болғанымен жергілікті ұлт өкілдерінің мол адамгершілігі пен мейірімі бір ұлттың тағдырына балта шабылуына жол бермеген. Өз кезегінде шешен ұлтының өкілдері қазақ тілін, мәдениет меңгеріп, еліміздің барлық салаларында еңбек етіп, елдің дамуына септігін тигізіп келеді [8, 18-21 б.].

Жат жұртқа жер аударылған Солтүстік Кавказ халықтары өзара түсіністікке негізделген жергілікті халықпен байланысқа түсіп, достық қарым-қатынасқа ие болды. Өндіріс үрдісіндегі әртүрлі ұлт өкілдерінің қарым-қатынасы ұлттық ынтымақтықты тудырып, өзара байланысқа ықпал етіп,

оларды өз құқықтары үшін күресте біріктірді, халықаралық ынтымақтастық пен халықтар достығының негізін қалады.

Соғыстан кейінгі жылдардағы орын алған жұмыс күшінің тапшылығының жойуда арнайы жер аударылған ұлттардың атқарған еңбегі орасан болды. Олар негізінен көмір, тау-кен өнеркәсібінде, шахталар, өнеркәсіптік нысандар құрылысында және т.б. қызмет етті. Еңбек қызметі арнайы қоныстанушыларға қаржылық жағдайын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар моральдық және психологиялық қиындықтардан арылуға септігін тигізді.

Билік басшылары жағдайды жақсартуға және одақтас республикалар кәсіпорындарындағы осы санатты адамдарының тұрмысын нығайтуға ықпал ететін шараларды іске асыруда түрлі шешімдер қабылдады. Құқықтық жағдайы шектелген шешендер мен ингуштар арнайы қоныстанудың жаңа, өте қиын өмір сүру жағдайларына төтеп берді, талмай еңбек ете білді.

Тақырыпты түйіндей келе мынадай ойға тоқталамыз, сталиндік саясаттың бұл халықтарға көрсеткен озбырлығының өте ауырлығына қарамастан, халық рухын жоғалтпады, өз аңсаған армандары – туған жері, халқының бірлігін сақтауға деген үміттері ешқашан үзілмегенді. Ал, қонақжай қазағымыздың кең жүректігі бұл халықтардың кеудедегі үміт оттарын сөндірмей ұстауына септігін тигізді. Нәтижесінде, күштеп жер аударылған халықтар қазақты бауыр санап, өздернің ұрпақтарына қазақты құрметтеуді мұра ретінде қалдырып кетті. Сол ата сөзін мұра еткен ұрпақтары бүгінде еліміздің әр түрлі салаларында ел үшін, аянбай қызмет етіп жүргендеріне біз куәміз.

Әдебиеттер:

1. Бугай Н.Ф., Гонов А.М. *Кавказ: народы в эшелонах (20–60-е гг.)*. М., 1998. 367 с.
2. Полян П.М. *Принудительные миграции в годы Второй мировой войны и после ее окончания (1939–1953)* // Полян П.М. *Не по своей воле... История и география принудительных миграций в СССР*. М., 2001. С. 95–143.

3. Бугай Н.Ф. Л. Берия – И. Сталину: «Согласно Вашему указанию...»: о депортации народов в СССР в 30–40-е гг. М., 1995. 319 с.
4. Табулденова А.Н. Депортации народов и эвакуация населения в Северный Казахстан (1937-1956 годы): монография. Костанай: Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева, 2015. 192 с.
5. Conquest R. *The Great Terror: Stalin's Purge of the Thirties*. Rev. ed. Harmondsworth, 1971. 830 p.
6. Некрич А.М. Наказанные народы. Нью-Йорк, 1978. 170 с.
7. Абуов Н.А. Депортации народов в Казахстан в 1936–1957 гг. (на материалах Северо-Казахстанской и Кокчетавской областей): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Караганда, 2008. 30 с.
8. Ермекбаев Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы. Алматы, 2009. 506 с.
9. Чеченцы в Казахстане / Гунашев, А. А., Алматы: Дәуір, 2003. 151 с.
10. Н.Э.Масанов, Ж.Б.Абылхожин, И.В.Ерофеева, А.Н.Алексеев, Г.С.Баратова. История Казахстана. Народы и культуры. Дайк-пресс, 2000 г. 608 с.

УДК 94 (574)

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГАЗ ӨНДІРІСІНІҢ ТАРИХЫ

Жексенов А.Б.

М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан
E-mail: zheksen-azat@mail.ru

ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан халқының меншігінде, әлемдегі ең бай жер қойнауы бар. Мұнай, газ, сирек кездесетін қымбат рудалар мен минералдар, орман, құстар, балық т.б. - бүкіл қоғамға және әрбір адамға жұмыс істеу тиіс. Қазіргі Қазақстан экономикасының негізі және еліміздің экспорттық түсірілімдерінің бастысы мұнай мен газ болып табылады. Соңғы

жылдары Қазақстанның мұнай өндірісіне бес миллиард доллардан астам ақша аударылды, бұл республикамызға түскен тікелей инвестицияның үлкен бөлігін құрайды [1, 229 б.].

Қазақстанда дамыған өндірістік, әскери-өнеркәсіптік және әлеуметтік дамудың көрсеткіштері жаман болмады. Өндіріс факторларының құрлымында қор факторларының үлесі едәуір асып түсті. Өнеркәсіптік әлеуетті сақтап, дамытуға бағытталған тиісті құрылымдық саясат Қазақстанның тек шикізаттың әлемдік және өңірлік нарықтардан ғана емес, сонымен біре бәсекеге қабілетті бірқатар жоғары технологиялық өнімнің қатары бойынша да өз «орнын» табуға мүмкіндік берді. Өйткені, оның жоғары аграрлық-өнеркәсіптік әлеуеті, бүкіл халықтың жалпы оқу білімдік деңгейі, бай ресурстар қоры бар еді. Ал 1992 жылдан Қазақстанда нарықтық қайта өзгерістер жүргізіле бастады, олар өнеркәсіптің жай-күйін түбірімен өзгертуге тиіс болды. Жекешелендіру белестерін, кезеңдерін, нәтижелерін түрліше бағалауға болады. Бірақ бір нәрсені мойындау керек, жекешелендіру отандық өнеркәсіптің аса маңызды кәсіпорындарының меншік нысанын түгелдей өзгертті [1, 235 б.].

Экономикалық қайта өзгерістер сөзсіз қажет болды, оларсыз ұлттық экономиканы жасау мүмкін емес еді. Алайда экономиканың салдары әр қилы болды. Олардың арасында өндірістің құлдырауын, кәсіпорындардың тоқтап қалуын, оған қоса әлеуметтік шығындар өте көп болды. Тек 1996 жылдан бастап ғана Қазақстан бұл дағдарыстан шыға бастады. Республика 1992 жылы Халықаралық валюта қорының, Халықаралық даму және жаңғырту банкінің, Қазақстанда нарықтық қайта өзгерістерді қолдаған басқа да халықаралық қаржылық мекемелердің құрамына кірді. Қайта құрулар кезеңінде мұнай-газ секторында бірқатар компаниялар да құрылды [1, 237б.].

ҚР мұнай мен газда геологиялық барлау жұмыстарының 1992-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған кешенді бағдарламасы Қаз КСР-інің Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1991 жылғы 3 шілдедегі №5 директивалық хатын орындау үшін әзірленді. Бағқларламаның негізінде Қаз ГБЗҒЗИ-ның, «Гурьевмұнайгазгеология», «Оралмұнайгазгеология»,

«Ақтөбемұнайгазгеология», «Қазгеофизика», «Оңтүстікказгеология» ӨГБ - лерінің талдамалары негізге алынды. Кешенді бағдарламаны әзірлеуге Геологиямемком төрағасының бірінші орынбасары С.М.Камаловтың басшылығымен, мұнай және газ бөлімінің бастығы Б.М.Қуандықовтың тікелей қатысуымен О.М.Марченко, З.Е.Бөлекбаев, К.С.Шудабаев, Р.У.Бердіғожин, С.Қ.Құрманов, С.Ө.Өтеғалиев, Э.С.Воцалевский т.б.қатысты. 1986-1990 жылдары «Жолдыбай-Серверный»,

«Комсомольское», «Құмкөл», «Қарашығанақ», «Урихтау (Рухтау)», «Қожасай», «Қаратұрын», «Арман», «Кенбай», «Арысқұм» кеніштері бойынша қорлар КСРО-ның ҚМК-нда таныстырылып, жоғары бағамен қорғалды. Осы жылдары 2093,5 мың метр терең ұңғымалар бұрғыланды, 1201,1 миллион сом күрделі қаржы игерілді [1, 241-242 б.].

Осы жылдары Батыс Қазақстан облысында: Қарашығанақ, Степной леопард ЛТД, Қазтүркмұнай, Қазфен калибр бірлескен кәсіпорындары жұмыс жасады. Оның ішінде ең ірісі - Қарашығанақ кен орны болатын [1, 243 б.].

Қарашығанақ кен орнының тарихи ертерек уақыттан басталады. 1927 жылы Қазақстан мұнай кәсіпшілігінде еңбек еткен, қазақ жастарына арналған алғашқы «Мұнай» атты оқулығында С.Шарипов: «Орал-Жем аймағындағы мұнай 40-50 жылдан бері ізделген. Одан арғы жерде де, сондағы тұрғын қазақтар мұнайдың бар екендігін білген, керегінше пайдаланған. Құдық қазып, не болмаса жердің не судың үстіне шығып жатқан мұнайды алып жұмсаған. Ол мұнаймен қазақ кәсіп қылмаған. Түйенің қотырына, адамның іші ауырғанда, болмаса қотыр болғанда ем қылып, сондайға ғана жұмсаған.

Оның отын орнына жарайтынын білмеген, жағып пайдаланбаған. Сол қазақ- тар мұнайдың атын «мұнай» деп қойған», - деп анықтаған-ды. Мұрағат қорларынан табылған құжатта «Орал облысындағы ең алғашқы белгілі болған мұнайлы мекен Мәтен Қожа Май болатын. Ол Ойыл өзеніне жақын, Бүйрек, Тайсойған құмдарының ортасында, Калмыковск станциясынан 100 шақырым жерде. Мекен XIX ғасыр басында өмір сүрген молда Мәтен атымен аталған. Мәтен молда осы

кезеңде қазақтарға мұнайдың емдік қасиеттерін пайдалануды үйреткен» [2, 25 б.].

Батыс Қазақстан экономикалық ауданы мемлекеттің ең перспективалы аймақтарына жатады. Қазақстанның барлық ашылған, зерттелген және өндірілетін мұнай, газ және конденсат кен орындарының 92,5 % -ы осы аймаққа тиесілі.

Қарашығанақ кен орны - 1979 жылы мамырда ашылған. Ал 1984 жылы 20 қазаннан өндірістік эксплуатацияға берілген [3, 47 б]. Бұл кен орны ҚР Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының аумағында орналасқан. Қарашығанақ солтүстік ендіктің 51 параллелінен және шығыс бойлықтың 50 меридианынан солтүстік шығыста, Ақсай қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 16 км немесе Орал қаласынан 150 км қашықтықта мұхит деңгейінен 80-130 м биіктікті орналасқан.

Қарашығанақ кен орнына жүргізілген бірнеше зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша геолог барлаушылар бұл мекеннің жер асты байлығының мол екендігіне көздері жетті. Осыдан кейінгі зерттеулер Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі қабаттарына жүргізілді. Нәтижесінде Қарашығанақ газ-кен орны, Одақ тарпынан бірдей жоғары бағаланды. Кен орнының географиялық орналасқан аумағы аудан орталығы Ақсайда -25 км. Қарашығанақ кеніші КСРО газ-өнеркәсібі министрлігінің бүкілодақтық Ленин Орденді «Орынборгаз өнеркәсіп» бірлестігі негізінде құрылды. Бірақ кенішті толығымен игеру жұмыстары тек 1984 жылы 26 қазандағы Одақтың ГӨМ-нің №440 бұйрығымен іске асты. Қарашығанаққа осы жылы Одақ бюджетінен 1,7 млрд сом бөлінді. Бұл қаржы кенді барлау, іздеу, әр түрлі техникалар алуға шеттен мамандар әкелуге жұмсалды. Негізгі қорға да 1,2 млрд сомға тең ауқымды қаржы бөлінді. Алғашқы игеру жұмыстарына барлаушылар 100 ұңғыны пайдаланды. Бірақ оның барлығы толық іске қосылған жоқ. Кеніш тек өнеркәсіптік тәжерибе лаңы ретінде пайдаланыла бастады. Кеніш басынан 3 млн тонна қуаты бар мұнай өңдеу зауыты құрылысын салу жобасы жасалды. Алайда ол жобаны іске асыру қаржы тапшылығы салдарынан кейінгі қалдырыла берді.

1986 жылы 25 ақпан -6 наурыз аралығында КОКП ның XXҮІІІ съезі болып өтті. Онда негізгі басты алты мәселе қаралды. Соның ішінен ең маңыздысы ретінде Кеңестер Одағының отын энергетика кешенін дамыту ісі болды. Осы мақсатта батыс аймақтағы кеніштерді көптеген жұмыстары жүргізілді. Қарашығанақ кен орнының тәжірибе өнеркәсіптік пайдалану кешенінің бірінші кезеңі іске қосылды. 1985 жылдан бастап жалпы ұзындығы 150 шақырым құрайтын Қарашығанақтан Орынборға дейін 2 газ және конденсат құбыры тартылған еді. Осы құбырлар арқылы кеніштегі терең өндірілген, терең өңделген газ, газ конденсаттары Орынбордан өңдеуден өткізіп, Одақтың ірі ошақтарына жөнелтілді. 1990 жылға дейін Қарашығанақта 242 ұңғы бұрғыланып, оның 140-қа жуығы іске қосылды [4, 53б].

1986 жылдан бастап Қазақ КСР ГМ-нің мұнай-газ барлау бөлімі өз қарамағындағы кен орындарының құрылыс нысандарын түгелдей іске уақытанан бұрын қосты. Кен орнында ғылыми-техникалық прогресстер, автоматика және электронды есептеу құралдары, шет елдік іздестіру техникасы қолданылды [5,19-20 бб].

1986 жылы қарашада Д.Қонаев Мәскеуге келіп, М.Горбачевтың қабылдауында болады. Қабылдау барысында басты әңгіме Батыс Қазақстандағы енді игеріліп жатқан мұнай-газға бай Қарашығанақ кен орнын Ресейге қосу туралы сөз болады. М.С.Горбачев Д.Қонаевқа «осы мәселеге қатысты КСРО Жоғары Кеңесінің қаулысын шығартып беруін» сұрайды. Ал, Д.Қонаев бұл өтінішіті орныдай алмайтынын айтып, бас тартады. Кенішті игеруге 1984-1987 жылдары Одақ тарапынан жалпы 90 млрд сом қаржы бөлінген. Содан кейін, КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы, саяси бюро мүшесі Н.И.Рыжов Қарашығанаққа екі рет сапармен келіп кетеді. Ондағы негізгі мақсат та осы мәселе төңірегінде болады.

Сол кездегі Батыс Қазақстан облысындағы басшылықта 1975-1986 жылдары М.Б.Ықсанов қызмет жасаған. Ол Орал өңірінде геологиялық- барлау жұмыстарына қомақты қаржы бөліп қана қоймай, кен орнының құрылысына да үлкен қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, бұл басшылардың ұлтжанды бірбеткейлігі де осы мәселені үкімет алдына қоюға септігін тигізген. Облыс басшылығы қызметіне 1986 жылы келген

Н.Есқалиев те жоғарыда айтылған идеяның маңыздылығын ескеріп, Қарашығанақ мұнай - газ өңдеу зауытын салуға барынша күш салады. Оның тапсырмасымен Қазақ газ кәсіпшілігі басқармасы мұнай-газ өңдеу зауыты құрылысын жаспарлауды қолға алады. Осы шешімінен кейін жедел іске кіріскен басқарма зауыттың бой көтеретін орнында белгілеп қояды (Приуральный селосының оңтүстігінен 10 шақырым қашықтықта). Зауыттың құрылысына шетелдік фирмаларды тарту, бірлескен кәсіпорындарды ашу мәселелері де зерттеле бастайды. Сол уақыттың өзінде біріккен кәсіпорын құруға Италия, ФРГ, Чехославакия және оңтстік Корея мемлекеттерінің фирмалары қызығушылық танытқан. Алайда осындай үлкен жұмыстар әрі қарай жалғасын таппай қалады. Өйткені, бұл кезең Кеңестер Одағының құлауымен тұспа-тұс келеді. 1986-1987 жылдары Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамыту бойынша шаралар жалғастырылады.

1986 жылы мамырда «Қазақ газпром» мекемесі құрылады. Бұл мекеменің басты мақсаты - Қарашығанақ кен орынын игеруге ат салысу, жергілікті мамандарды осы салаға жұмылдыру деп белгіленеді.

1986-1989 жылдары Қарашығанақта барлығы 1500 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген. Жұмыстарды негізінен КСРО газ өнеркәсібі министрлігі жанындағы И.М.Губкин атындағы ғылыми-зерттеу институты және Еділ-Орал, Нижеволжск, Украина және тағы да басқа ірі ғылыми орталықтар атқарып, белгілі мамандар аталмыш кен орнына өте жоғары баға береді. Қарашығанақ кен орнын зерттеген ғалымдар қатарында М.М.Иванов, С.М.Қаратаев, Г.В.Рассохин, С.С.Степанов және тағыда басқаларын атауға болады. Жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінен ауа қысымын, тереңдікті, сұйық көмірсутектің құрамын, өнім сапасын, өнім мөлшерін анықтауға бағытталып, 1988 жылы толығымен аяқталады [5, 22-23 бб].

Қазіргі кезде Қарашығанақ кен орны ірі мұнайгазконденсат өндіретін орталықтардың бірі болып табылады, оны кейде супергигант деп те атайды. Қарашығанақ дүние жүзіндегі 25 ірі кен орын қатарына кіреді. Осында Қазақстанда өндірілетін газдың 34%-ын өндіреді, алайда оның көп бөлігін жағуға

жұмсайды. Жалпы мұнай мен конденсат қоры 200 млн т (9,5 млн баррель), ал табиғи газ қоры 1 350 млрд м³ (48 триллион куб фут). Орташа күндік өндірілу дебиті газ үшін 51,526 млрд м³, мұнай үшін 46,63 млн т. Кеннің игерілуі 1984 жылы басталды, ал газ бен конденсатты Ресейдегі Орынбор өңдеу зауытына экспорттап отырды. Жалпы кен орнының бастапқы қоры 1 млрд тоннадан артық мұнай мен газконденсатын құрайды [4, 57-58 б].

Қарашығанақ Интегралданған Ұйымы өз жұмысын Қазақстанда Карачаганак Петролиум Оперейтинг деген атпен жүргізеді. Оның құрамына мынандай компаниялар кіреді: Вгіііzh Оаз - 32,5%, Адір - 32,5%, Техасо - 20%, «Лукойл» - 15%. Келісімшарттың негізгі бөлімдері төмендегідей: Келісімшарт мерзімі 40 жыл, 1998 жылдан 2037 жылға дейін;

- Жобаның әр кезеңіндегі әр жақтың өздерінің міндеттері орындалуы тиіс.

- Әлеуметтік жобаларға жыл сайын 10 млн доллар инвестиция бөлу;

- Қоршаған ортаны қорғау, жұмыс тауып беру және оқыту туралы міндеттерді орындау [5, 53-58 б].

2005 жылы газ 3,75 млрд м³, ал конденсат 3,98 млн т өндірілді. Кенорынның барлық мүмкіндігін іске асыру үшін өндірістік нысандарды, ұнғымаларды, мұнай құбырларын және тағы басқа мұнайгазконденсат өндіруге қатысты инфрақұрылымды дамытуға байланысты. КПО концорциумы жобадағы Қазақстанның ролін және қазақстандық кәсіпкерлердің қатысуында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 2006 жылғы жаңа келісімшарттардың пайыздық құрамын қарастырсақ, Қазақстандық үлес 63%-ды құрайды. КПО-ның қазақстандық жабдықтаушыларды көбейту туралы бағдарламасының екінші кезеңінің үкімет осы жылдың басында бекітіліп, мұнайгаз секторында үлгі ретінде қолданылып жүр [6].

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5- том. -Алматы: Атамұра, 2010. 688 б., суретті, карталы.*

2. Мұқтар Ә. Қазақ мұнайының тарихы.-Алматы, Өлке, 2006.-224 б.

3. Кобенова Г.И. Политика Советского государства в Казахстане по развитию нефтяной промышленности (1917-1990 гг). - Актөбе, 2008. 104 с.

4. Логинов А.Н. Проблемы и перспективы нефтегазового комплекса Республики Казахстан // Казахстан: реалии и перспективы независимого развития. - Москва, 1995. С.73-58.

5. Серикова Л.С. Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2010 жж). Монография. - Орал, М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2016. 152 б.

6. Мұқтар Ә.Қ. Алғашқы қазақ мұнайшылары және ағайынды

Нобельдер ҒЦрґ://e aeten.kg/agiiie/15933 -aiahavhdу-дагад-типаувһуагу-һдапе-адҺаууһһу-ноBelheг. Пайд. уақыты: 15.03.2021 ж.

УДК 94 (574.1)

АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЕҢІСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ғұбай А.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: aidanagybay@mail.ru

Көп ұлтты кеңес халқы үшін ауыр сын болған Ұлы Отан соғысы туралы көптеген сүбелі еңбектер жазылды. Бірақ арада жылдар өтті, айтылды не жазылды екен деп тарихымызды, әкелеріміз бен аналарымыздың ұлы ерлігін ұмытуға хақымыз жоқ.

Қаһарлы жылдардың бұрын-соңды болмаған асқан қиындығы, халқымыздың майдандағы, тарихта теңдесі жоқ ерлігі, тылдың майданға көмегі, елде қалған кәрі мен жастың ерлік қимылы, жанқиярлығы, әкені баладан, аруды жардан айырған бұл

сұрапыл соғыс туралы әлі де жазылары сөзсіз. Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысының орталық бөлігін алып жатыр. 1941 жылдың 1 қаңтарында қазіргі Ақжайық ауданының аумағындағы халық саны 59,4 мыңнан астам болды. Халықаралық жағдайдың барынша шиеленісе түсуіне байланысты бірнеше ауылдық Кеңестерге бөлінген осы Чапаев және Тайпақ аудандары тұрғындарының, ауылшаруашылық құрылымдары мен мемлекеттік мекемелерінің, өзге де еңбек ұжымдарының алдына бүкіл елдегідей аса күрделі міндеттер жүктелді. Алдымен жергілікті басқару органдары қажет болғанда жаппай әскери мобилизациялау жұмысын шұғыл жүргізу мүмкіндігі реттелді. Оның заңнамалық негізі 1936 жылы қабылданған Одақтық жаңа Конституция және 1939 ж. 1 қыркүйекте жарияланған жалпыға бірдей міндетті әскери қызмет туралы заң болатын. Конституцияда «Военная служба-почетная обязанность всех граждан ССР» деп көрсетілді. Аудандық әскери комиссариаттар тарапынан Қызыл Әскер қатарына шақырылуға жататын азаматтардың есебін алу, оларды тұрғылықты жерде әскери қызметке қысқа мерзімде даярлау және жөнелту жүзеге асырылды. 1938 ж. Ілбішін (Чапаев) ауданынан 138, Тайпақ ауданынан 52 адам Қызыл Әскер қатарына шақырылған.

Жергілікті партия ұйымдарынан әскерге сауатты саяси жетекші офицерлер іріктелді. Ауыл жастарын әскери қызметке баулу, мектептердегі әскери даярлық ісіне жете мән беру аудандық халық ағарту бөлімдерінің ерекше назарына алынды. Осы мақсатта аудан орталығында 2 орта мектепке әскери жетекшілер (қазіргі бастауыш әскери дайындық пәні мұғалімі) алған 1938 жылы 21 маусымда тағайындалған.

30.11.1939 ж.-13.03.1940 ж аралығында Совет Одағы Финляндиямен соғыс жағдайында болды. Бұл оқиғаға байланысты аудан аумағында жаппай әскерге шақыру болмағанымен, мерзімді әскери қызметте болып Совет-Фин соғысына қатысқан ақжайықтық жауынгерлердің аз болмағаны белгілі.

Работая по этим направлениям, учителя истории ОШ №16 используют большое количество форм и методов организации учебно-познавательной деятельности учащихся. Для достижения поставленных целей и задач на уроках учителями ОШ № 16 используются не традиционные приемы и методы, способствующие раскрытию творческого потенциала и интереса учащихся.

Так, в рамках изучения раздела «Жизнь древних кочевников», темы «Краеведческий музей и исторические экспонаты», занятия с обучающимися 5-х классов в текущем учебном году прошли на базе онлайн экскурсий в Западно-Казахстанском краеведческом музее [2]. Учащиеся с интересом познакомились с экспонатами археологического зала № 5, посвященного Таксайской принцессе, жившей в V веке до н.э.

Место её захоронения археологи обнаружили четыре года назад во время раскопок в курганном комплексе Таксай возле села Долинное. Комплекс входит в список сакральных мест Казахстана.

Особый интерес учащихся вызвали размещенные в разделе «Артефакты» золотые височные подвески (V в до н.э.), найденные в комплексе Лебедевка II, курган №6 [3]; подпружные бронзовые бляхи с изображением свернувшегося кольцом волка (могильник Кырык-Оба, V в. до н.э.), височное женское украшение (могильник Лебедевка, VI-V вв. до н.э.), височное женское украшение (могильник Кырык Оба II, VI-V вв. до н.э.), золотое ожерелье (могильник Лебедевка, VI- V вв. до н.э.), золотая гривна (могильник Кырык Оба II, курган 23) [4], псалии сбруйные бронзовые двукольчатые с изображением грифона и кабана (могильник Кырык-Оба II, курган 12, V-IV вв. до н.э.), зеркало бронзовое с ручкой в виде кабана и головы грифона (VI-V вв. до н.э.) [5], фалар серебряный дискообразный с изображением борьбы конного всадника на крылатом коне-пегасе с 3-х ликой химерой драконом (могильник Володарка 1.к.4 нижнее погребение, IV век до н.э.) [5], ритон-серебряный сосуд для вина в виде короткого рога с протомой животного (V в. до н.э.) [5], которые погрузили учеников в атмосферу искусства раннежелезного периода в истории Казахстана. Это способствовало пониманию того, что история родного края неотделима от истории Казахстана в целом.

По окончанию виртуальной экскурсии учащиеся подготовили презентации по темам «Искусство раннего железного века (на примерах экспонатов Западно-Казахстанского краеведческого музея)», «Таксайская принцесса - один из самых ярких памятников культуры раннежелезного века».

Занятия, проводимые во внеурочной форме - массовые, групповые, индивидуальные. Поэтому мероприятия, основанные на сведениях по местной истории и проходящие во внеурочное время, можно разделить на три группы:

1) мероприятия, на которых участники выступают в роли потребителей информации (классные часы, экскурсии, встречи с

представителями администрации и другими интересными людьми);

2) мероприятия, продолжающие ученическую деятельность, начатую на уроке (игры, праздники, выставки творческих работ);

3) мероприятия, которые позволяют применить знания и умения, полученные ребятами в учебном курсе (работа краеведческого кружка, защита рефератов, научно-исследовательская работа, поисковые экспедиции).

Так, во внеурочное время на базе ОШ №16 в рамках внеурочной туристско-краеведческой деятельности учащиеся школы принимают активное участие в работе клубов «Эдельвейс», «Вымпел». Основная форма деятельности клубов – пешеходный туризм в окрестностях Уральска направлена на совершенствование интеллектуального, духовного и физического развития учащегося, а так же способствует изучению родного края. Так, в преддверии 30-летия независимости Республики Казахстан, 17 октября т.г. учащиеся кружков «Эдельвейс» и «Вымпел» во главе с руководителем Ибрагимовым Э.С. вышли в поход выходного дня по маршруту «ОШ №16 – Этнокультурный центр «Саят» - Международный сад-питомник имени Исаева С.И. – Дом-интернат №2 – Садовское озеро – Поселок Обитель – ОШ № 16». Мероприятие было нацелено на воспитание чувства патриотизма, изучение истории родного края, гордости за свою малую Родину, экологическое воспитание [6].

В апреле т.г. в ОШ № 16 в рамках работы клубов была проведена краеведческая акция, приуроченная к 18 апреля - Международному дню памятников и исторических мест в рамках общенационального проекта «Марафон Добрых Дел», приуроченного к 30-летию Независимости Республики Казахстан. Перед учащимися поставлена задача: сделать фото или снять видео рядом с памятником или историческим местом города Уральска, собрать материал об истории его создания и рассказать, в честь чего он поставлен. Цель акции - привлечь внимание учащихся к важности сохранения культурного наследия казахстанского народа, ознакомление с историческими достопримечательностями различных городов и местностей. По

окончании акции была проведена защита проектных работ учащимися [7].

В целом, в рамках уроков краеведения как в учебное, так и не в учебное время у обучающихся благодаря использованию не традиционных форм и методов появляется интерес к изучению родного края, и учащиеся учатся элементам исследовательской деятельности.

Литература:

1. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/st_alya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya
2. <https://olke.kz/rus/virtual-tour>
3. <https://olke.kz/rus/shedevry-kolleksii/artefakt?start=19>
4. <https://olke.kz/rus/shedevry-kolleksii/artefakt?start=16>
5. <https://olke.kz/rus/shedevry-kolleksii/artefakt?start=15>
6. https://www.instagram.com/p/CVMe_fsIvBY/?utm_medium=copy_link
7. https://www.instagram.com/p/CN2BIiVFuW5/?utm_medium=copy_link

УДК 94 (574)

ҚАРАТӨБЕ АҚ ҚҰМ ҚАЗЫНАСЫ

Аюпова М.В.

КММ №16 ЖОББМ Орал қ., Қазақстан

E-mail: muslima.ayupova@mail.ru

«Аққұм», «аппақ құмдар», «қозғалатын құмдар», «ежелгі қала жаңғырығы»... Бұл атаулардың барлығы Қаратөбе ауданының аумағында орналасқан, өлкетанушылар мен білімқұмарлардың қызығушылығын тудыратын жерге қатысты айтылған.

Және де бұл жерден бұлақ көзі де алыс емес. Сусыған құмдар арасында кейде пайда болып, кейде жоғалып кететін көл

бар. Оның атауы – Жұмбақкөл. Халық арасында сол көлді көрген адам бақытты да табысты болады деген сенім бар.



Бұл экзотикалық жер шындығында бірегей. Елестетіп көріңізші, қайыңдар мен басқа да өсімдіктер ортасында аппақ құмда тұрсыз, жел қуған құм қиыршықтары түрлі өрнектер құрайды, алыс шетелге шығып, алты қырдың арғы жағын кездің керегі жоқ. Бұл құмдар қалайша пайда болды екен? Бұл жұмбақтың жауабын ғалымдар да, өлкетанушылар да іздеген. Бұл оазистің тарихын аңыз қылып айтатын байырғы тұрғындар не дейді екен? [1]

Баяғыда, шамамен XII-XIV ғасырларда бұл жерде қалмақ ханы Алшағырдың ордасы және ірі сауда орталығы болып табылатын ежелгі қалашық болса керек. Алайда хан қыпшақ Қобыланды батырдан жеңіліс тапқан. Кеңес уақытында археологиялық қазбалар мен зерттеулер жүргізілгенде, бұл жерден қару бөлшектері – жебе ұштары, қисық қылыштар, қорғандар мен тағы басқа әскери атрибутика табылған. Одан өзге құмыра сынықтары мен тұрмыстық заттар, сондай-ақ сәндік бұйымдар, соның ішінде алтын монеталар табылды. Бұл жер ғалымдар, өлкетанушылар және басқа да рухани мәдениетке бейжай қарай алмайтындармен зерттеліп, бейнеленген, олардың қатарында Л.Б. Аристархова, М.П. Петров, А.А. Чибилев, А.З. Петренко, М.М. Фартушина бар. Аққұмдар Сырт алды ойығының ежелгі атыраулы құм жазығында, Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылынан он шақты шақырым жерде орналасқан. Аумағы 128

шаршы шақырым, солтүстікке қарай алмұрт пішінінде созылған формада. Оңтүстіктегі ені 6-8 шақырым, солтүстіктегі ені – 1-2 шақырым, ұзындығы – 16 шақырым [1].

Құм төбелердің биіктігі әр түрлі, олардың биіктігі құмдармен тығыз байланысты тұз күмбездерінің жергілікті қозғалысы мен өсуіне байланысты, шамамен жылына 1-2 миллиметрге жуық. Орталық бөлігіндегі құмдар орташа адырлы, адырлы-қырқалы немесе қырқалы-шағылды болып келеді, ал шеттеріне қарай ірі шұңқырлармен бөлінген ұсақ адырлы болып келеді. Адырлы белестердің биіктігі оңтүстікте 10-12 метр, солтүстікте биігірек – 15-20 метр. Құмдар Қалдығайты және Қалдығайтының Қуағаш атты арнасы арасында орналасқан. Құмдар тек «өз аумағында» ғана көшеді. Жергілікті тұрғындар соңғы онжылдықтарда құмдардың аумағы азайғанын айтады, «олар көшіп кеткендей», бұрынырақта Егіндікөлде құм жауып тұрғандай болатынды.

Ақсақалдардың сөзіне сенсек, осы құмдар арасында пайда болатын көл бар. Аз ғана уақытқа... Мүмкін, бұл шөлдерде болатындай сағым шығар? Алайда, аңшылар сол көлге суға түскендерін айтқан. Жұмбақ та сырлы көл түрлі жерлерде «туады», және оны бүгін көрсеңіз, ертең таба алмай қалуыңыз мүмкін. Табиғат метаморфозасы. Тұрғындардың сөзінше, бұл құбылыс құм астындағы тұщы судың қорына байланысты, яғни жер асты сулары әр жылдары солтүстіктен оңтүстікке, әлде кері қарай шұңқырларды толтырып, көшуіне байланысты. Судың бар екені рас, себебі ұсақ өзен арналарын құрайтын бұлақ көздері көп. Ылғал көп болған жылдары су тоғандары пайда болып, қиындық тудыратынын ғалымдар да растайды. Әдетте, мұндай жағдай көктемгі және күзгі мезгілде болып тұрады. Бұл жерлердің ерекшелігі туралы ауыл маңындағы емдік қасиеті бар бұлақ көзі болғаны да айғақтайды. Байырғы тұрғындар Аққұмдарды қасиетті санайды.

Аққұм ландшафтты қорықшасы деп аталатын 7,5 мың гектар аумақты алып жатқан жер жәннатын құмда өсетін өсімдіктер әсемдеп, көз қуантарлық көрініс құрап, жағымды әсер қалдырады. Қалдығайты өзені арнасының жоғарғы жағында

Беккер бетегесі, құмдақ жусаны, шөл еркекшөбі, арша, Қаспий талдары өседі. Баянас өзенінің арнасы шиға толып кеткен.

Солтүстік бөлігінде құмдарда қалың өскен талдар, оңтүстікте Қаратал орман алқабы қоршалған. Қарасу жылғасының жағасында 400 гектар аумақта – қырыққұлақ тұқымдас қайың орманы, ал батпақты учаскелерінде – шымтезек мүгі, көкек зығыры, қойбүлдірген, бежір, батпақ жылантамыры, бұталар арасында – итмұрын, итшомырт, шеңгел өседі. Әдемі бейнелі жайылымдар алуан шөпті болып келеді.



Батыс жағында тобылғы, ешкісабақ, қаражеміс бұталары, сонымен қатар, мойыл, дала шиесі, орман алмасы басым келеді. Сұр бүлдірген жақсы жеміс береді, күз болғанда жергілікті тұрғындар көптеп жинайды. Өкінішке орай, соңғы жылдары ылғалдың аздығынан қайың мен көктерек шоқтоғайлары сиреп кетті, кейбір бұлақтар тартылып қалды. Эндемиялық өсімдіктердің тағдыры да алаңдаушылық туғызып отыр.

Жануарлар дүниесі де өте бай. Бұл жақтарда еліктер, бұғылар, орман түлкісі, қасқырлар мен қабандар мекендейді. Алып сусоқыр, қамыс мысығы сияқты Қызыл кітапқа енгізілген

сирек кездесетін жануарлар да бар. Алып сусоқыр өзінің тұқымдастарына қарағанда шырайлы көрінетін кеміргіш түрі, үлбірлі терісінің арқасында мамықты ойыншыққа қатты ұқсайды. Салмағы бір келідей, дене тұрқы 25-30 сантиметрдей. Көбіне жер астын мекендейді, үш метр тереңдікке дейінгі, ұзындығы бірнеше жүз метрге жететін көп қабатты жолдар қазады. Екі жылда бір тұқым беретін бұл жануар жойылып бара жатқан жануарлар қатарында.

Ал қамыс мысығы сияқты сүйкімдіні батпақ сілеусіні немесе алаяқ мәлін деп те атайды. Бұл жыртқыш та індерді мекен еткенмен, оларды өзі қазбайды, басқа жануарлардың «апартаменттерін» қолданады. Оның дене тұрқы 60-90 сантиметр, салмағы 8-12 килограммға жетіп-артылады. Оның ұзын аяқтары мығым келеді, денесі кербез, құлағында шашақтары бар.

Бұл жерде Егіндікөл ауылы маңындағы емдік бұлақ көзі де бар. Сауықтыру мақсатында жергілікті тұрғындармен қолданылатын бұлақтан басқа, Аққұмдармен жалаң аяқ жүріп өту де жеңілдік әкеледі.

Ғалымдар мен жергілікті тұрғындар Аққұм табиғи қорықшасының аумағын ұлғайтып, оны Баянас мемлекеттік ландшафтты қорығына айналдыру керек деген ойды ұстанады. Ол қорыққа Баянас және Қалдығайты өзендерінің, Егіндікөл, Шошқалы көлдерінің бассейндерін, Алмаз-тау мен Қособа тауларын да қосуға тырысады. Бұл флора мен фаунаның сақталып, келесі ұрпақтарға табиғатпен жаратылған қорғаудағы бірегей мекенді қаз-қалпында табыстауға мүмкіндік береді [2].

Басқа мемлекеттердің табиғат ескерткіштерімен сүйсінетін адамдар бар, бірақ біздің еліміздегі табиғат ескерткіштері де дес бермейді, тіпті кей уақытта олардан асып түседі. Аққұмдар елімізден тыс жерлерде де қазақ хандығын жаулаушылардан қорғаған халық батырына арналған «Қобыланды батыр» жыры арқылы танымал. Ол батырдың образы көптеген жыршылар, ақын-жазушыларды мазалаған. Эпос көптеген тілдерге аударылған, басқаларды халқымыздың батырлыққа толы өткенімен, қазақ мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстырады. Аққұмдарды «Қазақстанның киелі орындары» қатарына енгізу

әділ болар еді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атап өткендей, «Шағын Отанға – туған жерге деген махаббаттан үлкен Отанға – өз еліңе деген махаббат басталады» [3].

Әдебиеттер:

1. *Ақ құмдар қазынасы – газета «ИНФОРМБИРЖА news» (ibirzha.kz)*
2. *ЮНЕСКО қорғауындағы 11 тарихи нысан (e-history.kz)*
3. *Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы*

УДК 913 (574.1/410)

ПРИГРАНИЧНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ И ОРЕНБУРГСКОЙ ОБЛАСТИ

Жвыкова Е.А.

ЗКУ им.М.Утемисова, г.Уральск, Казахстан

E-mail: Vmironova358@gmail.com

Сотрудничество России с территориями Центральной Азии – явление не новое. Ретроспективный взгляд в прошлое России позволяет утверждать, что с XVIII в. юго-восточное азиатское направление занимало особое место во внешней политике страны. Великой юго-восточной равниной, воротами, находящимися между Уральским хребтом и Каспийским морем, называл русский историк С.М. Соловьев эти земли, которые непосредственно соприкасались с казахскими степями. В советские годы был создан единый народнохозяйственный комплекс страны, связавший экономику республик тысячами нитей. Период после развала СССР был сложным и для России, и для Казахстана. Особенно это отразилось на приграничных территориях, которые из-за разрыва экономических, социальных связей испытывали настоящую депрессию. Однако национальные лидеры Казахстана и России

пошли по пути интеграции двух независимых государств, и это в корне изменило ситуацию.

На Оренбургскую область, как приграничный субъект Российской Федерации, приходится самый протяжённый участок российско-казахстанской границы, составляющий 1876 километров. Оренбуржье граничит с Западно-Казахстанской, Актюбинской и Костанайской областями Республики Казахстан. В области 13 приграничных районов и 2 города: Орск и Новотроицк. На долю приграничных территорий региона приходится 38% населения, 34% промышленного и более 35% сельскохозяйственного производства области.

Интеграционные связи Оренбургской области с сопредельными территориями Республики Казахстан (Западно-Казахстанской, Актюбинской, Костанайской областями) развиваются на основе соглашений о сотрудничестве по торгово-экономическим, научно-техническим, гуманитарным и правоохрательным вопросам. Республика Казахстан является важнейшим стратегическим и крупнейшим торговым партнером Оренбургской области. На долю Оренбуржья приходится более 10% объема внешней торговли России с Казахстаном. Доля Казахстана во внешнеторговом обороте области – около 30%, со странами СНГ – более 70%.

Оренбуржье поставляет в Республику Казахстан природный газ, сырую нефть, нефтепродукты, кокс, продукцию машиностроения, продовольственные товары, черные и цветные металлы, цемент, удобрения, асбест.

В свою очередь из Республики Казахстан регион получает по импорту продукцию топливно-энергетического комплекса, черные металлы и изделия из них, хромовую руду, цементное сырье, кварцит, продукты неорганической химии, продовольственные товары. Основным торговым партнером Оренбургской области в Республике Казахстан является Западно-Казахстанская область. В структуре взаимной торговли Оренбургской и Западно-Казахстанской областей около 70% составляет импорт

природного газа и газового конденсата Карачаганакского месторождения.

Второе место в межрегиональной торговле Оренбуржья и Казахстана стабильно занимает Актюбинская область. Основа торговых отношений – импорт хромовой руды на ОАО «Новотроицкий завод хромовых соединений», цементного сырья (клинкер товарный) на ОАО «Новотроицкий цементный завод» и кварцита на ООО «Медногорский медно-серный комбинат»; экспорт цемента из Оренбургской области. Казахстан активно инвестирует в экономику Оренбургской области. По итогам 2015 года на его долю приходится 10,2% регионального объема иностранных инвестиций или 66,2 млн. долларов США. В Оренбургской области зарегистрировано 85 предприятий с участием казахстанского капитала. Реализуются крупные совместные инвестиционные проекты с Республикой Казахстан.

В рамках реализации Межправительственного Соглашения, подписанного 3 октября 2006 года на российско-казахстанском форуме приграничных территорий, создается совместное российско-казахстанское предприятие на базе Оренбургского газоперерабатывающего завода. Соглашение ратифицировано в январе 2008 года в Республике Казахстан, в июле 2008 года – в Российской Федерации. Освоение Карачаганакского месторождения позволяет обеспечить увеличение объемов добычи и поставки на переработку сырого газа до 16 млрд. куб. м в год.

Оренбургская и Западно-Казахстанская области выступили инициаторами крупного совместного российско-казахстанского проекта по сохранению и оздоровлению экосистемы бассейна трансграничной реки Урал. В настоящее время сформирована совместная Межправительственная российско-казахстанская Комиссия по сохранению экосистемы бассейна реки Урал, которая уже с 2011 года приступила к работе.

Значительный импульс развитию внешнеэкономических связей регионов России со странами Центральной Азии даст реализация крупного инфраструктурного проекта создания международного транспортного коридора «Китай – Казахстан – Россия – Западная Европа», маршрут которого пройдет через

Актюбинскую область Республики Казахстан и Оренбургскую область в районе автомобильного пункта пропуска «Сагарчин». На прошедшем в Астане в начале октября 2016 года XIII форуме межрегионального сотрудничества Казахстана и России обсуждался вопрос о развитии транспортно-логистического потенциала Евразийского пространства. И хотя возможности обеих стран в этой сфере колоссальны, используются они не настолько эффективно, как хотелось бы и как задумывалось изначально. Китай строительство своего участка завершил, Казахстан – закончит в этом году, а вот оренбургские дорожники с реконструкцией запаздывают. Эта проблема в двустороннем сотрудничестве сейчас является наиболее актуальной.

Одним из важных направлений развития сотрудничества Оренбуржья и Казахстана является совместная реализация проектов в сельскохозяйственной сфере. На территории области создано ООО «Оренбург-Иволга», являющееся частью казахстанского агропромышленного холдинга ТОО «Иволга Холдинг». Основным направлением деятельности компании является выращивание зерновых культур. На сегодняшний день «Оренбург-Иволга» обрабатывает 370 тысяч гектаров пашни, что составляет 4,7% всех сельскохозяйственных угодий Оренбургской области.

Дополнительный импульс развитию сотрудничества Оренбуржья и Казахстана, несомненно, придает создание Таможенного союза, Евразийского Союза. Развитию сотрудничества способствуют контакты между отделениями торгово-промышленных палат, советами промышленников и предпринимателей, а также участие в форумах, выставках – ярмарках, бизнес-семинаров, научных конференций. Так, в последние годы в г. Актюбинске состоялось несколько российско-казахстанских промышленных выставок «Европа-Азия. Сотрудничество без границ». В их работе приняли участие 153 компании и организации регионов России и Казахстана, в том числе 60 – оренбургских.

В рамках выставок проведены:

- презентации: ОАО «Корпорация развития Оренбургской области» и бизнес-проектов Оренбургской области для казахстанских предприятий, предприятий Актюбинского Завода Полиэтиленовых Труб (ТОО «Актюбстройхиммонтаж»), ТОО «AQUAGAS», ТОО «Монтаж КВ»;
- круглый стол «Альтернативная энергетика и энергосбережение. Перспективы развития и международного сотрудничества»;
- семинары: «Требования к пищевым продуктам и продовольственному сырью при обороте на территории Таможенного союза», «Бизнес в России и Казахстане. Условия успешного предпринимательства (регистрация, налогообложение, сертификация, участие в тендерах и т.д.)».

По итогам работы выставок были подписаны: Меморандум о взаимном сотрудничестве между Объединением юридических лиц «Национальная экономическая палата Казахстана «Союз «Атамекен» Кызылординской области и Торгово-промышленной палатой Оренбургской области; соглашение о сотрудничестве между Торгово-промышленной палатой Волгоградской области и Торгово-промышленной палатой Актюбинской области. 19 предприятий заключили соглашения о поставке товаров.

Расширению приграничного сотрудничества способствовало определение международно-правового статуса границы между Российской Федерацией и Республикой Казахстан. 12 января 2006 года вступил в силу Договор о государственной границе между Российской Федерацией и Республикой Казахстан, который закрепил итоги делимитационных работ. В настоящее время демаркационные работы в основном завершены. В соответствии с Межправительственным Соглашением «О порядке пересечения российско-казахстанской государственной границы жителями приграничных территорий Российской Федерации и Республики Казахстан» на оренбургском участке границы предусмотрено открытие 22 дополнительных мест пересечения границы для граждан Российской Федерации и Республики Казахстан, проживающих в приграничных районах. 18 таких «упрощённых» пунктов пропуска уже функционируют. Закончено или заканчивается строительство

новых многосторонних автомобильных пунктов пропуска «Илек», «Орск», «Маштаково», железнодорожного пункта пропуска «Илецк-1», ввод в действие которых значительно оптимизирует пересечение российско-казахстанской границы на оренбургском участке. На прошедшем в октябре 2016 года в Астане XIII форуме межрегионального сотрудничества Казахстана и России руководство Казахстана и России подчеркнуло актуальность рассмотрения вопроса о расширении пункта пропуска «Сагарчин» (Оренбургская область, граничит с Мартукским районом). Сегодня пропускная способность КПП «Сагарчин» в две тысячи автомобилей в сутки с функционированием одной кабины паспортного контроля приводит к скоплению автотранспорта у границы. Со стороны Казахстана пропускная способность КПП «Жайсан» увеличена с двух до восьми тысяч автомобилей, а дорога расширена с трех до шести полос.

Развитию сотрудничества способствует укрепление добрососедских отношений и дружбы между простыми людьми, ведущую роль здесь играет гуманитарная составляющая.

Оренбургская область активно развивает гуманитарные контакты с казахстанскими партнерами в сфере науки, образования, здравоохранения, культуры и экологии. По инициативе Правительства Оренбургской области и Акимата Западно-Казахстанской области Республики Казахстан проведено уже около 20 российско-казахстанских совместных экспедиций по изучению вопросов рационального использования биоресурсов, сохранения флоры и фауны бассейна реки Урал. Ежегодно на территории Илекского района проводится российско-казахстанский лагерь «Соседи», целью которого является укрепление связей между молодежными организациями двух стран.

Оренбургские вузы (педагогический университет, аграрный университет, классический университет) сотрудничают с университетами имени Жубанова (г.Актобе) и Жангир-Хана (г. Уральск). Обмен студентами и аспирантами, участие в работе ученых советов по защите докторских и кандидатских диссертаций, совместные научные разработки по внедрению

технологий повышения эффективности аграрного производства стали традиционными формами приграничного взаимодействия в научно- образовательной сфере. Среди последних событий по этой линии – состоявшиеся в г.Актобе 6-7 октября 2016 г. «Пятые Кадырбаевские чтения» - международная конференция по истории, организованная совместными усилиями Оренбургского педагогического университета и Актюбинским областным историко-краеведческим музеем, Актюбинским региональным университетом. Возникла площадка, реально способствующая совместному обсуждению нашего общего прошлого и выработке общего подхода к его оценке. Постоянные гости в Оренбуржье – казахстанские спортсмены. На территории региона ежегодно проводится от десяти до пятнадцати открытых областных, всероссийских и международных турниров с участием соперников из Казахстана. Они составляют достойную конкуренцию россиянам в соревнованиях по вольной и греко-римской борьбе на приз Губернатора Оренбургской области, турнире по вольной борьбе «Ковер надежд», национальной борьбе казахша-куреш. Участвуют казахстанские спортсмены в первенствах по боксу, теннису, волейболу на кубок Губернатора. Практически ни одно спортивное мероприятие в области не проводится без участия делегации Актюбинской и Западно-Казахстанской областей.

Ежегодно проводятся обменные гастроли театральных коллективов Оренбургской области и сопредельных территорий Республики Казахстан. В последние годы в г.Оренбурге открыты мемориальные доски, посвященные проведению первого и второго общеказахских съездов, а также деятельности казахского ученого А.Байтурсынова. Большой концерт в г.Уральске дал Оренбургский академический русский народный хор. Активно развивается сотрудничество в сфере здравоохранения. Оренбургским филиалом Межотраслевого научно-технического комплекса (МНТК) «Микрохирургия глаза» каждый год проводится не менее 15 тыс. операций, из них не менее трех тысяч – для граждан Республики Казахстан. Кроме того, жители приграничных территорий Казахстана получают в лечебных учреждениях области и другие виды медицинских

услуг (операции на открытом сердце; диагностика, лечение онкологических заболеваний и т.д.). В Оренбургской области проживает более 125 тыс. человек этнических казахов. В целях этнокультурного развития казахского населения Оренбуржья созданы и действуют 13 национально-культурных общественных объединений. Объединяющей все казахские общественные организации области является созданная в 1999 г. Ассоциация казахов Оренбуржья.

Казахский язык как предмет преподается в 35 образовательных учреждениях в 12 городах и районах области с общим охватом учащихся около 900 человек. В образовательных учреждениях Оренбургской области обучается не менее полутора тысяч граждан Казахстана, из них более 600 – в вузах.

Многое делается для удовлетворения национально-культурных запросов казахского населения. В Домах культуры работают 69 казахских фольклорных творческих коллективов. Ежегодно в местах компактного проживания казахского населения проводятся праздники и фестивали национальной культуры, Наурызы. Активное участие в них принимают гости из приграничных районов Республики Казахстан: Актюбинской, Западно-Казахстанской и Костанайской областей. При поддержке Правительства Оренбургской области издается областная казахская газета «Жана Айкап». Активно работает в культурном комплексе «Национальная деревня» казахское национальное подворье «Касым хана», которое стало своеобразным объединяющим центром. На его базе проводятся этнокультурные мероприятия, действуют курсы родного языка.

В развитии приграничного сотрудничества между нашими странами – залог успешной реализации национальных программ развития обоих наших государств.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

Калиева Н.Б.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: azhurasova@mail.ru

Қазіргі әлемнің интеграциясы мен жаһандану процестері ғылым мен білім саласына да үнемі ықпал етіп отырады. Қоғамдағы білім, ғылым және өндірістің интеграциялануы бұрыннан бар құбылыс. Ғылым мен білімнің мұнай, газ сияқты алмастырылмайтын ресурстардан айырмашылығы стратегиялық білімнің ресурсы ретінде орын алуында, себебі ол қолданғаннан кейін кемімейді, керісінше өндіріс процесінде интеллектуалдық потенциал арта түседі. Университеттер мен зерттеу лабораториялары ғылыми жетістіктердің көзі болып табылады.

«Қазақстан- 2030» Жолдауының өзінде Елбасы ғылым мен білім саласындағы толық интеграцияны жан-жақты қолдауға басты назар аударды «Процесс глобализации и научно-технического прогресса, особенно в развитии новых информационных и телекоммуникационных технологий представляет уникальные возможности для нашей большой, но малонаселенной страны ... крайне важно понимать эти технологии, добиваться их полной интеграции в наше общество, поддерживать научно-технические кадры»[1].

Қазақстанның шекаралас елдермен ынтымақтастығы стратегиялық әріптестікті қалыптастырумен сипатталады. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдер негізінде жүзеге асырылады. Мысалы 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриальды-инновациялық даму стратегиясына сай индустриальды-инновациялық дамудың Аймақтық бағдарламасы жасақталды. Осы бағдарламаға

Қазақстан, Ресей, Қытай мемлекеттері қатысып, білім мен ғылым саласындағы алмасулар жүзеге асты.

Яғни Қазақстан мен Ресей арасындағы әріптестік байланыстар әлеуметтік-экономикалық және мәдени саламен ғана шектелмейді. Оң үдеріс орта және жоғары білім беру жүйесінен де кең көрініс тауып отыр. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ресейлік жоғары оқу орындарымен бірлескен жобаларды іске асыруға мүдделі. Өйткені, маман даярлау ісіндегі мол тәжірибені бірлесіп игеру екі жақ үшін де өте тиімді. Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыс әуелден орныққан болса, еуразиялық ықпалдастық шеңберінде одан әрі тереңдей түсуде.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл идеясы экономиканың әр саласында ғана емес, сонымен бірге, ғылым мен білімді бірлесе дамытуда да көрініс табуы қажет болды. Нұрсұлтан Назарбаев бұл мәселеге М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзінде Астана қаласында 2001 жылдан бері Мәскеу мемлекеттік университетінің қазақстандық филиалының жұмыс жасап жатқанына тоқталып, «Соның арқасында бұрыннан тарихи байланыс бар Қазақстан мен Ресейдің ғылыми, білім байланыстары бүгінде жаңа мазмұнға ие болды», деп атап өтті. Екі елдің жоғары білім беру жүйесіндегі байланыстары шекаралас аймақтарда қарқынды дамып келеді.

Соның бір дәлелі ретінде М.Өтемісов атындағы Батыс қазақстан университетінің Ресейдің бірнеше жоғары оқу орындары, ғылыми зерттеу институттарымен ынтымақтастық байланыс орнатуын атап көрсетуге болады.

Ресейлік оқу орындары Ульянов мемлекеттік педагогикалық университетінің ғалымдары өздері жасақтаған озық жобаларды ортаға салса, Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов университеті ғалымдары тек оқу үрдісіне ғана емес ғылыми бағытта да бірлескен шараларды кеңінен жүзеге асырады. Аталған университеттермен кездесу барысында екі оқу орнының біріккен оқу бағдарламасын жасау, қазақстандық магистранттардың Ресейде ғылыми іс-тәжірибеден өтуін қамтамасыз ету, студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту секілді бірнеше инновациялық жобалармен алмасу жүзеге асырылды.

Ресейлік осы оқу орындары үшін де қазақстандық университет маңызды серіктес болып табылады. Отыр. Әсіресе Ульянов университетімен кездесудің маңызы өте зор болды. Тарихы бай екі іргелі оқу орындарының қабырғасы бір жылда қаланған. Ең бастысы, екі ел білім ордасының бір-бірінен үйренетін тұстары аз еместігі айқын, бұған дәлел болашақта атқарылар ауқымды бірлескен ғылыми жобалар мен халықаралық ынтымақтастық аясындағы атқарылар жұмыстар. Сонымен қатар, болашақта екі оқу орны алдында бірлескен бизнес-инкубатор құру жоспары қарастырылған. Кездесу барысында халықаралық ынтымақтастық аясында екіжақты байланысты нығайтуда меморандумға қол қойылды. Ресейлік жоғары оқу орны шағын мектептердегі жұмыс тәжірибесімен бөлісті, енді шағын құрылымды мектептер бүгінгі таңда тек қана біздің өңір ғана емес, жалпы Қазақстан бойынша бұл мәселе өте күрделі болып тұр. Шағын мектептерге мұғалімдер дайындау мәселесіне келетін болсақ, Ульяновск қаласының мемлекеттік педагогикалық университетінің мол тәжірибесі бар екендігі және де бұл жағынан да болашақта үлкен тәжірибе алмасу болатыны сөзсіз. Сонымен қатар, университет ғалымдары үшін бірлескен ғылыми жобаларды атқаруға жаңа мүмкіндіктер ашылары айқын. Ал РФ И.Н.Ульянов атындағы мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры Наталья Ильинаның айтуынша, екі жаққа да өте тиімді әріптестік байланыс тек педагог мамандарды ғана емес, жалпы әлеуметтік-гуманитарлық саладағы кадрларды даярлау ісінен айқын көрініс тауып отыр. Білім беру бағдарламасы аясында даярлықтан өткен мамандар бірден Ресейдің және Қазақстанның дипломын иеленеді. Және бір ұтатын жеріміз, академиялық ұтқырлық негізінде білім алатын жас ізденуші ғалымдармен бірге магистранттар мен профессорлық-оқытушылық құрамның қатары да арта түседі. Бұл – университеттің Ресейдің жоғары оқу орындарымен байланыстарының бір ғана көрінісі. Оқу орнындағы екі ел арасындағы байланыс жоғары білім беру жүйесіндегі академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы да тиімді жүргізілуде. Заманауи білім беру жүйесі дамуының маңызды тенденцияларының бірі студенттер мен

оқытушылардың академиялық ұтқырлығы болып табылады. Академиялық ұтқырлық – халықаралық білім беру кеңістігіне ғылым мен жоғары оқу орындары интеграциялануының маңызды жақтарының бірі. 2011 жылдың 19 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы академиялық ұтқырлық тұжырымдамасында атап көрсетілгендей, «халықаралық білім беру кеңістігіне қозғалыстың жүзеге асырылуының басты мақсаты – қазақстандық жоғары білімнің сапасын әлемдік стандарттарға сәйкесті қамтамасыз ету және оның бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын арттыру»[2]. Оның негізгі қабілеті қазақстандық білімнің халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануына, адам капиталының даму деңгейі мен білім сапасының артуына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің интернационалдануын күшейтуге негіз болады. Аталған бағдарлама аясында университетіміз іргелес отырған Ресейдің жоғары оқу орындарымен білім, ғылым, мәдениет, өнер саласында ынтымақтастық байланыста. «Мәдениет – өміріміздің негізі, ол ұлы идея төңірегінде құндылықтарды туғызатын бірегей тетік. Бейбітшілік, руханият және келісім – бұл бірліктің кепілі», деді Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында сөйлеген сөзінде. Университет мәдениет пен өнер саласында Самара мемлекеттік мәдениет және өнер академиясы, Саратов консерваториясымен мәдени байланысын нығайтуда. Бұл өз кезегінде жастардың шығармашылық талпынысы мен кәсіби білімге ынталандыруға септігін тигізері анық. Осы Ассамблея отырысында сөйлеген сөзінде «Алысты-жақынды шетелдермен ықпалдастық жайына, G-Global жүйесінің мән-маңызына тоқталған Елбасы, ХХІ ғасыр – интеграция ғасыры. Ең дамыған елдердің барлығы бүгінгі биіктерге интеграция арқылы жетті. Интеграция – ел тәуелсіздігіне еш қауіп тудырмайды, керісінше, нығайта түседі. Ол нарықты кеңейтеді, алыс-беріс пен барыс-келісті арттырады, бәсекелік қабілетімізді шыңдайды».- деген болатын[3].

Қазақстан мен Ресей жоғары оқу орындары арасындағы ықпалдастық байланыс білім мен ғылым саласында да бәсекелестік қабілетті арттырып, бірлескен ғылыми жобаларды

жүзеге асырып, маман даярлау ісіндегі мол тәжірибені бірлесіп игеруге зор мүмкіндіктер тудырары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. *К экономике знаний - через инновации и образование // akorda.kz*
2. *Искалиев М. Казахстан в системе международных экономических отношений //Analytic. - 2006. - №1. - С. 31-34. с. 32*
3. *egemen.kz: <https://egemen.kz/article/32480-bilim-salasyndaghy-baylanystar-da-terenhdey-tuspek>*

УДК 913 (574.1)

ШЕКАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚТАҒЫ ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ РОЛІ

Басанбаев А.М.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: azhurasova@mail.ru

Өзен – Жер-ананың тұла бойына нәр тарататын тіршілік тамыры. Сондай маңызды өзеннің бірі –Жайық өзені. Ол Каспий теңізіне құятын ірі су артериясы болып табылады. Оның ұзындығы шамамен 2,5 мың шақырым, өзінің көрсеткіші бойынша Европадағы Еділ мен Дунайдан кейінгі үшінші ірі өзен. Сонымен қатар Жайық траншекаралық су объектісі болып табылады. Өзен өз бастауын Орал тауының батыс жоталарынан ала отырып, Башқұрстан,Ресей Федерациясының Челябині және Орынбор облыстарының, қазақстанның Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының территорияларынан өтеді. Мұның өзі Жайық өзенінің Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің стратегиялық ресурстарының біріне жататынын көрсетеді. Осыған орай өзендер басқа да табиғат байлықтары секілді өзіне

назар аударуды және “жаңғыру” үдерісі үшін қорғай білуді қажет етеді.

Сондықтан «Қазақстан – 2050» стратегиясының негізгі мақсаттарының бірі – 2020 жылға қарай халықты таза ауыз сумен, 2040 жылға қарай ауыл шаруашылығын және 2050 жылға қарай жалпы елімізді су ресурстарымен тұрақты қамтамасыз ету проблемасын шешу болып табылады.

Қазақстан бойынша суға деген сұраныстың жылдам өсуі және судың орнықты қорларының азаюы нәтижесінде 2030 жылға қарай 14 млрд. м³, ал 2050 жылға қарай 20 млрд. м³ су тапшылығы күтілуде. Оның үстіне қазақстандық гидрологтардың бағалауы бойынша РФ территориясындағы реттеу барысында Жайық өзені жылына 1-ден 1,5 куб км-ге дейін жоғалтатыны анықталған [1].

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және болашақтағы су тапшылығын болдырмау мақсатында трансшекаралық суларды бірлесіп пайдалану мен қорғау, жерасты суларын кәдеге асыру, инфрақұрылым салу мен жөндеу бойынша кешенді іс-шараларды іске асыру қажет. Мұнда трансшекаралық сулар мәселесі ерекше орын алады. Шекараны кесіп өтетін өзендер мен басқа елдерге де ортақ су айдындары ресурстарын тиімділікпен пайдалану проблемасы бүкіл дүние жүзінде шиеленісіп барады әрі әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туындап, мемлекетаралық қақтығыстардың жиілеп кетуіне себеп болуда. Қазақстан жағы да, Ресей жағы да өзеннің су режимі бойынша келісімдерге келу қажеттігін түсінеді. Жайық өзенінің су режимі «қазақстандық типке» жатады. Яғни өзен негізінен қар, жаңбыр, мұздық, жер асты суларымен қоректенеді. Көктемгі қар ерігенде өзен ағыны күрт көтеріледі [2].

Жайық өзенінің бір ерекшелігі, оның төменгі ағысында салалары жоқ. Сондықтан су деңгейінің түсуі немесе көтерілуі жоғарғы жақтан келетін су мөлшеріне тікелей байланысты болып табылады.

Негізінен трансшекаралық сулар мәселелері бойынша қазақстандық-ресейлік бірлескен жұмыстарды атқаруды реттейтін құқықтық-келісімдік база сонау 1990-жылдары қабылданған

құжаттармен бекітілген болатын. Ол құжаттар бүгінгі заман талабына жауап бере алмайды. Бұл соңғы он жылда көптеген кешенді экологиялық мәселелердің жинақталуымен байланысты.

Соңғы жылдары Жайық өзені маңайындағы экологиялық жағдай күрделене түсті. Жайықтың бір сағасы – Елек өзеніндегі алтываленттік хромның мөлшері кейбір кездерде мөлшерден бірнеше есе асып түседі. Жайық-Каспий бассейнінің Ойыл, Сағыз, Жем сияқты өзендерінің суы ауыз су үшін жарамсыз, әрі жаз ортасында үзіліп қалады. Жер беті және жерасты су көздерінің Жайық-Каспий бассейнінің төменгі ағысында орналасуына байланысты су сапасы нашар. Өйткені Ресей Федерациясы мен Қазақстанның көптеген зауыттары өздерінің өзенге ағызатын өндірістік суларының көлемін азайтпай отыр. Өзен арнасының батпақтану үрдісі тоқтар емес. Сонымен қатар экологиялық зардапқа балық мәселесі де жатады. Жайық сонау тарихи заманнан бері балық кәсіпшілігі өркендеген, әсіресе «қызыл балықтың» негізгі мекені болып келді. Өткен ғасырдың 70 жылдары әлемдегі бекіре тұқымдас балықтың үштен бірі Жайықтан ауланса, қара уылдырықтың 40% пайызы осында өндірілген. Каспий бассейні бекіре тұқымдас балықтарының жалғыз табиғи түрде уылдырық шашатын мекені болғандықтан бүгін жүйелі түрдегі өзен түбін тазарту мен жағасын бекіту, арнасын тосқауылдардан тазарту, соңғы он жылдықта 30 есе азайған Жайық-Каспий бекіре тұқымдас балықтарының көбеюін қалпына келтіру секілді жұмыстарды атқару қажет[3]. Екі елдің ғалымдары да осындай ұстанымға келіп отыр. Қазақстан үшін тағы бір өзекті мәселе – өзен ағысын Жайық бассейнінің жоғары ағысындағы ірі су қоймаларымен жасанды түрде реттеу. Осының өзі өзен ағысының төменгі жағында су ресурстарының азаюына әкеліп соғуда және өзен ағысын әрі қарай реттеу жоспары Жайыққа экологиялық қауіп төндіріп отыр. Қазақстан мен Ресей трансшекаралық суларды қорғау туралы Хельсинки келісімін заңдастырды. Алайда, оның ережелерінің жалпы сипаты басқа құжаттарда нақтылауды қажет етеді. Өйткені, бұл арадағы тәжірибе өзеннің барлық аясы үшін су-шаруашылық мақсаттарына жетуге бағытталған кешенді бағдарламаның жоқтығын, әр облыспен жекелеген суды қорғау міндеттерін

шешу талпыныстары ешқандай да нәтиже бермей отырғанын көрсетеді. Бәріміз де Сырдария мен Әмудария өзендерінің су ресурстарын есепсіз пайдаланудың соңы Арал теңізінің қасіретіне душар еткенін білеміз[3]. Енді Жайықтың осындай жағдайға тап болмауы үшін бірлесе отырып қимылдау қажет. Өзеннің экожүйесін сақтау бойынша қазақстандық-ресейлік үкіметаралық комиссия құрылған болатын. Бірлескен және келісілген әрекеттер жасау қажеттілігі Орынбор, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстары жұртшылығы тарапынан оң қабылданып отыр. Осы өңірлердің белсенділері бірлесіп, 8 рет Жайық өзені бойына экспедиция ұйымдастырды. Оның соңы тегеурінді халықтық қозғалысқа айналды. Экспедиция жұмыстарының қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің және үкіметтері басшыларының атына осыған байланысты ұсыныстар жолданып отырады.

Қазақстан мен Ресей арасында өзеннің экожүйесін сақтап қалу жөніндегі қор құру арқылы және Жайық өзені трансшекаралық суларын үнеммен пайдалану және бірлесіп қорғау туралы келісімге қол қою мәселесі әлі де күн тәртібінде тұр. Сонымен қатар, Қазақстанда да, Ресейде де Жайық өзені мәселелерін шешу бойынша мақсатты және үйлесімді мемлекеттік бағдарламаларды толықтыру және оны айналысқа енгізу қажет. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар жеке желілерін дамыту үшін Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы аймағындағы Жайық өзені жағалауларының бойына ерекше қорғалатын табиғи аймақтарын анықтау туралы нормативтік-құқықтық актілер қабылдау мәселесі де толық шешімін таппай отыр. Сондықтан алдағы уақытта Ақжайықты қорғауға байланысты кешенді мәселелер жоғары деңгейдегі келелі басқосулардың талқысына түсіп, нақты шешімдерге келуге ықпал ететіндей бірлескен нақты қадамдар жасау арқылы ғана мақсатқа жетуге болады.

Әдебиеттер:

1. Орлов В.Г. *Контроль качества поверхностны вод. Учебное пособие.* –Л:1988-139с.
2. Садыкова Д.А. Мухамединова Н.Н. *Әлеуметтік экология және тұрақты даму,* -А.: ҚазмемПУ.2013ж

3. Беличенко Ю. П., Шведов М.М. Рациональное использование и охрана водных ресурсов. Москва. Россельхозиздат, 1986-303с.
4. Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты пайдалану.- А.: Ғалым. 2004ж.
5. Казахстан и Россия создают экспертный совет по оздоровлению бассейна реки Урал // Каспий вестник, 12 октября 2021

УДК 327 (574)

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-ТҮРІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Махамбетова М.А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: azhurasova@mail.ru

Қазақстан мен Түркия Республикасының өзара қарым-қатынасы ежелгі дәуірден бастау алған. Теоретик, медиевист, мәдениеттанушы және европеист П.М. Бицилли "Шығыс және Батыс" панорамасы туралы өз зерттеулерінде түркілердің бір бөлігі XI ғасырда батысқа қарай жылжып, "жалпы түркі-моңғол массасынан бөлініп шығады" деп атап өткен. Осыдан кейін Тұран әлемінің бірлігі қалпына келтірілмейді. Біреуінің орнына Тұран экспансиясының екі орталығы пайда болады: батыс және шығыс, екі Түркия: біреуі Түркістанда "нағыз", екіншісі Босфорда "иризацияланған". Әрі қарай кеңейту параллель және бір уақытта кеңейеді. П. М. Бицилли Орталық Азия мен Таяу Шығысты салыстырады, бірақ ол әлі де Осман мемлекетін Шығыс пен Батысты біріктіруге ұмтылған "екінші" Тұран ретінде қабылдайды[1]. Осылайша екі орталық пайда болды.

Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға әлемнің 117 мемлекетінің мойындауы ықпал етті, оның ішінде 105-і дипломатиялық қатынастар орнатты. Қазақстанда 40-тан астам елшілік және халықаралық ұйымдардың 16 өкілдігі ашылды. Әлемнің көптеген елдерінде Қазақстан өз өкілдіктерін ашты,

көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі, маңызды халықаралық конвенциялардың қатысушысы болды.

Дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату процесі 1992-1999 жылдар аралығындағы уақытты қамтыды, 1992 жылғы наурызда Қазақстанмен өзара қарым-қатынастарды ресми ресімдеген алғашқы мемлекеттердің бірі Түркия республикасы болды. Осыдан кейін 1993 жылы Президент Тургут Озалдың және 1994 жылы Түркия Республикасына Президент Н. Назарбаевтың ресми сапарлары мен кездесулері экономикалық, саяси, этномәдени қатынастардың аясын кеңейтіп, нығайтты. Анкара мен Астананың маңызды мемлекетаралық келісімдер мен шарттар пакетіне қол қоюы дипломатиялық байланыстарды да, сауда-экономикалық қатынастарды да, соның ішінде түркі тілдес мемлекеттердің саммиттері шеңберінде де дәйекті дамытуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынас мемлекеттер көшбасшыларының Астана мен Анкараның стратегиялық әріптестігін дамыту туралы мәлімдемесінен кейін жаңа серпін алды. Бұл бастама 2003 жылғы мамырда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркияға ресми сапары кезінде жария етілді және Н. Назарбаев пен Түркияның жаңадан сайланған президенті Ахмет Сезердің 2004 жылғы маусымда Ыстамбұл қаласында өткен НАТО саммитінде екі жақты кездесулері барысында растама алды.

Қазақстан үшін Түркиямен өзара қарым-қатынас маңызды мәнге ие. Қазақстан дипломатиясының алдында Түркиямен саяси, экономикалық, мәдени ынтымақтастықтың елеулі әлеуетін екіжақты жоспарда да, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ЭЫҰ шеңберінде де іске қосу міндеті тұр. Көлік коммуникацияларын дамытуға және Қазақстанның әлемдік нарыққа шығу мүмкіндігіне Түркия аумағы арқылы мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі жобаларды іске асыру әсер етеді.

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша 2011 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты сауда көлемі 3,303 млрд. (экспорт-2,574 млрд., импорт-729 млн.)[2,46].

Бүгін Түркияда Нұрсұлтан Назарбаевты "Қазақ Ататүрігі" деп атайды, ол Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасуындағы рөлін атап көрсетеді. Қазақстан Республикасының Президенті түрік халқы тарапынан үлкен беделге және зор құрметке ие. Жоғары деңгейде оның түркітілдес әлемдегі сөзсіз беделі мен көшбасшылығы мойындалады. Түрік тарапының бастамасы бойынша Түркия аумағында қазақ халқының қайраткерлері: Абай, Абылай хан, М.Жұмабаев, М. Әуезов, Қабанбай батырға ескерткіштер орнатылды.

Түрік бірлестігі үшін Қазақстан жерінде Мұстафа Кемал Ататүрікке арналған ескерткіштің ашылуы үлкен және маңызды оқиға болды. Қазақстанның этностық түріктері үшін Президенттің Есіл өзенінің жанында, республиканың астанасы - Астанада тұрғызылған Түркиядан тыс алғашқы Ататүрік ескерткішін ашқаны мақтаныш болды. Мәдени-гуманитарлық саладағы Қазақстан-Түркия ынтымақтастығы табысты дамып келеді. Түркістан қаласындағы Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті білім беру саласындағы ілгері басқан жоба болды. Оны дамытуға Түркия үкіметі жалпы 60 млн. доллар бөлді. Бүгінгі таңда ХҚТУ-бұл 15 мың студент білім алатын беделді әдістемелік және эксперименттік базасы бар заманауи жоғары оқу орны. Қазақстанның студенттері мен аспиранттарын Түркияның жоғары оқу орындарында өтеусіз негізде оқыту жалғасуда. Өз кезегінде, Қазақстанда түрік бизнесмендерінің қайырымдылығымен 26 қазақ-түрік лицейі жұмыс істейді, онда 5 мың адам оқиды. Қазіргі уақытта Қазақстанда 700-ге жуық түрік азаматы білім алуда, Түркиядан ондаған оқытушы жұмыс істейді. Көптеген қазақстандық ғалымдар мен мамандар түрік университеттерінде түрлі техникалық және гуманитарлық пәндерді оқытады[3].

Қазақстан дипломатиясы Түркияны маңызды әріптес ретінде қарастыра отырып, алдағы уақытта да мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелеріне баса назар аударатын болады. Қазақстан мен Түркия халықаралық ұйымдарда, оның ішінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ-да өзара іс-қимылды жалғастыратын болады. Келісімдер мен уағдаластықтар Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы

стратегиялық әріптестіктің серпіні мен қарқындауын көрсетеді. Екі елдің сыртқы саяси ведомстволары арасында өңірлік және халықаралық саясаттың түрлі проблемалары, сондай-ақ бастамаларды өзара қолдау мәселелері бойынша тұрақты негізде консультациялар, кездесулер, сапарлар өткізіледі. Бұдан әрі ынтымақтастық парламентаралық байланыстарды кеңейту негізінде дамиды. Мәселен, екі елдің заң шығару органдарында депутаттық достық топтарының жұмысы жандандырылуда.

Қорытындылай келе, 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі түрік-қазақстандық қатынастар халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орын алды деп қорытынды жасауға болады. Қазақстан Республикасы көптеген интеграциялық процестердің, сондай-ақ Халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың бастамашысы болып табылады. Бұл көрші елдермен ғана емес, Еуропа мен Азия елдерімен көпжоспарлы, көпполярлы, ауқымды ынтымақтастықты дамытуда бай әлеуетті ресурстарды кеңінен пайдалануға ықпал етеді. Қазақстан ХХІ ғасырдағы Еуразиялық прогрестің бірегей көпірі ролін атқарады. Бұл қатынастардың саяси аспектілерінің ауқымы өте кең. Ол халықтар дәстүрлерінен бастап қазіргі заманғы байланыстар деңгейіне дейінгі, Қазақстанның Еуропада да, Азияда да өңірлік қатысуына пайдалы ықпал етуге қабілетті проблемалар спектрін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сияқты Еуразияда орналасқан Түркия Республикасымен ынтымақтастықты қамтиды.

Түркия Қазақстанның ең маңызды аймақтық серіктестерінің бірі болып табылады, оны тек экономикалық қатынастар ғана емес, сонымен бірге терең мәдени-тарихи байланыстар да байланыстырады. Қазақстан-Түркия қатынастарының даму серпіні, өңірлік және халықаралық проблематиканың, энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық өзара іс-қимылдың көптеген мәселелері бойынша Астана мен Анкара мүдделерінің сәйкес келуі екі мемлекет ынтымақтастығының стратегиялық сипатын көрсетеді.

Түрік-қазақстан қатынастарының болашағы, сондай-ақ әлемнің барлық державалары арасындағы қатынастардың болашағы басқа елдерге зиян келтіру мүмкіндігін болдырмай, бейбіт келіссөздер арқылы көптеген мәселелерді,

келіспеушіліктер мен қайшылықтарды шешуге деген ұмтылысқа байланысты болады.

Осылайша, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың тұрақты сипаты өзара тиімді байланыстар мәселелеріне ерекше назар аударылатын табысты екіжақты ынтымақтастықтың үлгісі болып табылады. Қазақстан мен Түркия халықаралық және өңірлік ұйымдар, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтар шеңберіндегі ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестікті одан әрі жалғастыруға ниетті.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан. Ресей. Түркия. XIX-XXI ғасырлардағы Еуразиялық идеялар беттері бойынша Алматы, 2009 ж.

2. Түркия және аймақтық экономикалық интеграцияның қазіргі мәселелері. - Таяу Шығыс және қазіргі заман. Мақалалар жинағы. Бесінші шығарылым. М., 1998. - С. 47

https://prezi.com/p4ts_fyo41v8/relationships-between-kazakhstan-and-turkey/

УДК 327 (574)

ЖАД (ЕСТЕЛІК) ОРЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Саркулова Г.С.¹, Әмен А.Ж.²

¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

²М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: 87014090781@mail.ru

Қазіргі тарихнамалық жағдайда тарихи білім мен тарихи жадының өзара ықпалы мәселесі барған сайын айқын пәнаралық сипатқа ие болуда: оған қазіргі уақытта философтар, тарихшылар, әлеуметтанушылар, психологтар жүгінуде. Ғылыми білімнің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі идеяларды дәлелді ұғымдарға, арнайы терминологияға айналдыру екенін ескерсек,

бар симбиоздың маңызы зор. Сонымен, тарихи жады мәселелерімен айналысатын зерттеушілер үшін «сөз» бен «зат» арасындағы байланысты қалпына келтіру, вульгаризацияны болдырмау үшін «есте сақтау орындары» сияқты ұғымды сыни тұрғыдан қарастыру жазықтығына қайта оралу маңызды. Бұл тұжырыммен тарихшылар ұсынған өткен және оның бейнесі таңбалар жүйесінің тұрақтылығын шарттай отырып, ұжымдық тарихи санаға қалай әсер етеді деген орталық сұрақ туындайды.

М.Хальбвакс әлеуметтік өмірдің қозғалысы өткенді еске түсіруді анықтайтын рамкалық құрылымдардың өзгеруін міндетті түрде талап етеді: белгілі бір тарихи оқиғаларды «есте түсіру» немесе «ұмыту» деп жазды. Бұл тарихи өткеннің үрейлі жаттығына бірте-бірте «үйрену», «тірі» жады мен тарих арасындағы алшақтықты жою тарихи жадының қалыптасуын айқындайды. Оның үстіне бұл «үйрену» отбасы, туыстардың әлеуметтік байланыстары, достықтары, ең бастысы – ата-баба естелігінің арқасында тарихи өткенді ашудан құралған жинақталу шеңберлерден өтетін жолды білдіреді [1]. Сонымен бірге жеке есте сақтау мен ұжымдық жады арасында тығыз, имманентті байланыс бар.

Өткенді қайта құру үшін жадтың маңызы М.Халбвакстың ең негізгі идеяларының бірі болып табылады: оның пікірінше, өткенге ой жүгірте отырып, тарихшы әртүрлі уақыт кезеңдерін ой-санамен «бос жақтаулар сияқты» жүріп өтеді. Тарихи қайта құру барысында бұл «кадрлар» өткеннің оқиғалары мен суреттерімен толығады. Сонымен қатар, есте сақтаудың әлеуметтік шеңбері жылжымалы, тарихи өзгермелі екенін ескермеуге болмайды: «олар өзендердің бойымен жүзіп келе жатқан ұзын қайықтар сияқты — олармен жағадан жағаға дейін баяу жүруге болады; және соған қарамастан олар қалқып жүреді және қозғалыссыз қалмайды»[1]. Дәл ғылыми бейнелеу процесінде зерттеушілік қызығушылықты өткеннің «естеліктері» саласына аударуға, өткеннің нақты оқиғаларының қалай және ең бастысы, неліктен жазылғанын, бекітілгенін, өзгертілгенін және өзгергенін анықтауға болады.

«Қолданбалы», «рефлексиялық» тарихнамалық жоспарда тарихи жадты бекіту жолдарын (миф, шежіре, тарих) түсініп қана

қоймай, «таңдау, есте қаларлық» механизмін түсінуге болады [2]. Оның үстіне жадта сақталған өткеннің бейнелерін түсінудегі тарихнамалық дәстүр оның ұрпаққа берілу құрылымы мен механизмін айшықтай түседі. Сонымен бірге М.Хальбвакс есте сақтауды адамдардың бір-бірімен және заттардың объективті әлемімен әрекеттесуі деп түсініп, әдетте «мәдени жады» деп аталатын нәрсені қарастыруды толығымен жоққа шығарды. Кітаптар, мұрағаттар, адам қолымен жасалған ескерткіштер – дәстүрлі түрде ұжымдық жадының репозиторийі болып саналатынның бәрі оның ойынша, адамдарды есте сақтау қажеттілігінен босатып, керісінше қызмет атқарады.

Ф.Йейтс идеяларының есте сақтау құрылымын түсіну үшін ерекше маңызы бар. Есте сақтау өнерінің классикалық дәстүріне (мнемотехника) сілтеме жасай отырып, ол есте қалатын бейнелермен айла-шарғы жасау адамның жан дүниесіне қандай да бір түрде әсер етіп, жадта белгілі бір «бейнелер» мен «орындарды» түсіріп, архитектуралық схеманы құрайтынын атап өтті. Бұл жердің архитектура көбінесе «Символдық ғимарат» түрінде беріледі: сарай немесе театр [3]. Осы эстетикалық тартымды «белгілердің» арқасында жадтың терең құрылымы тұрақты болады, ал мнемоникалық орындар тарихшылар үшін өзіндік анықтамалық нүктеге айналады.

Осы орайда, әсіресе, А.Тойнбидің «екінші» грек білімі туралы пайымдауы әсерлі. Он екі жыл бойы мектепте және Оксфордтағы бітіру емтиханын қоса, ол қыңырлықпен ежелгі грек тілі мен ежелгі тарихты кітаптардан зерттеді, бірақ білімін аяқтау үшін ол грек-рим әлемін аяғымен барып, сол елдерді кезіп зерттеп түсіну керек деп тапты. Осы «жаяу зерттеу» жылы ол үшін қарқынды грек білімінің «тәжіне» айналды, оған көне дәуірдің «мылқау» жәдігерлеріне қол тигізуге ғана емес, сонымен қатар білуге, «өмір сүруді түсінуге» мүмкіндік берді, осының бәрі ол үшін «екінші грек білімі» болды [4].

Жаңа ақпараттық қоғамның пайда болуы, жаһандану процестерінің күшеюі жадыны табу мен сақтаудың дәстүрлі түрлерін қайта бағалауға әкелгені көңіл аударарлық. Ф.Бродель француздардың ұлттық болмысы мәселесіне арналған еңбекпен айналыса отырып, өзіне және оқырмандарына «Франция

дегеніміз не» [5] деген күрделі сұрақ қоюы кездейсоқ емес. «Франция – естелік» – ХХ ғасырдағы ең сәтті тарихи жобалардың бірінің бастамашысы болған П.Нора бұл мәселеге осылай жауап берді [6]. Оның тікелей қатысуымен Францияда «Жад орны» жеті томдық басылымы қолға алынды, оны жүзеге асыруға көптеген атақты тарихшылар қатысты. Жобаның мақсаты ұлттық мифтердің стереотиптерін, өткенді болжауға болмайтын, бүгінгі күннің императивтеріне тым тәуелді болған жағдайда тарихшылардың бақылауымен жадты қайтаруға ұмтылуды жеңу болды.

Сол уақыттан бастап «Жад (есте сақтау) орны» ұғымы тарихнамада берік орнығып, оның үстіне тұрақты қызығушылықтың тақырыбына айналды. «Есте сақтау орындары» бұл сөз тар, географиялық мағынасындағы орын емес. Олар қоғамның өзі және оның тарихы туралы идеяларын жадында «сақтауға» арналған «символдық аурамен қоршалған» адамдар, оқиғалар, ғимараттар, кітаптар, әндер және басқа да нысандар болуы мүмкін. П.Нораның редакторлығымен шыққан басылымда Францияның мемлекеттік туы мен әнұраны туралы, Жанна-д-Арк туралы, ұлттық кітапхана туралы, т.б. «Есте сақтау орындарына» жүгінсек, жобаға қатысушылар бұл құбылыстың материалдық немесе тарихи өзегін ғана емес, сонымен бірге оның санадағы көрінісін, оны қабылдау аясын да зерттеді. «Атаулы» жерлерді зерттеудің дереккөздері тек мәтіндер, суреттер мен заттар ғана емес, сонымен қатар тарихи ой ескерткіштері, газет мақалалары, тарихи мерейтойлар туралы хабарлар, белгілі бір оқиға немесе адам туралы ақпарат беретін күнделікті өмір объектілері болды.

Бұл тәсіл әсіресе ортақ өткенді түсінуге ұмтылатын ұлттық қауымдастықтар үшін маңызды. Соңғы онжылдықтарда этногенетикалық процестерді зерттеушілер ұлттың қалыптасу процесінің символдық аспектілерімен, атап айтқанда, «есте сақтау орындарымен» көбірек айналысуда. Сонымен бірге белгілі бір этникалық топтардың өзін-өзі идентификациялауын күшейтуге ұмтылған адамдардың жекелеген топтары (саясаткерлер, тарихшылар, журналистер, жазушылар) өз халқының тарихын саналы түрде «кұра алады» деген көзқарас

бекітілді. Бұл мәселені шешу кезінде халықтардың өткені туралы не есте қалғанын, нені есте сақтауға тырысатынын және нені ұмытқысы келетінін түсіну маңызды.

Қазіргі тарихнамалық жағдайда ұмыту мәселесі ерекше мәнге ие болады. Бұл өткен, П.Рикюр бойынша, өзінің қос мағынасында мнемоникалық және тарихи, ұмытылу салдарынан жоғалады. Ұмытшақтық өзінің ең жалпы түрінде «есте сақтаудың сенімділігіне зақым келтіру ретінде» көрінеді. Осыған байланысты есте сақтаудың өзі ұмытуға қарсы күрес ретінде қабылданады. Бұл қайғылы құбылыс өркениеттердің бүкіл тарихынан қара көлеңке ретінде өтеді. Мұрағатты, мұражайды, қаланы немесе өткен тарихтың басқа куәгерлерін жою ұмыту деген сөз. Бұл тұрғыда «ұмыту – тұтастай алғанда бүкіл тарихи мемлекеттің осалдығы нышаны» [7]. Бірақ ұмыту тек жад пен тарихтың жауы емес: П.Рикюрдің ең маңызды тұжырымдарының бірі - есте сақтау мен тарихтың ресурсы болып табылатын резерв ретінде ұмытылу да бар.

Қалай болғанда да, тарихшылар тарихи жадының «қорларын» пайдаланып қана қоймай, «жадтың» мөлшерін анықтай отырып, оны қалыптастыруға да ат салысады. Талай ғасырлар бойы өткеннің қай оқиғаларының тарихи екенін және тарих шежіресіне жазуға болатынын өз қауіп-қатерімен және тәуекелімен шешкен тарихшылар болды. Бұл тұрғыда тарихшылар қоғамдық миссияның бір түрін атқара отырып, бұқаралық санада мәңгілікке қалуға лайық айғақтарды «таңдау» мен «түсіндіруге» жауапты. Тарихшының мәнді қызметі – деректі іздердің негізінде нақты өткеннің қандай болуы мүмкін екендігі туралы ең орынды гипотезаны әзірлеу. Сонымен бірге тарихшы алға тартқан гипотезалардың ешқайсысын бұрын болмаған өткенмен салыстыру арқылы дәлелдеу мүмкін емес. «Мұндағы ең маңызды қорытынды, - деп жазады Ф.Анкерсмит, - тарихи шығармалардың еңбегін бағалаудың бірден-бір критерийі олардың сенімділігі болып табылады» [8]. Сонымен қатар, тарихты жазудың интеллектуалдық тәжірибесі туралы айтатын болсақ, онда ол бізді өткенді қайта құрудағы шындыққа емес, жадта бекітілген тәжірибенің маңыздылығын түсінуге жақындатады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы, коммуникациядағы электронды революция білім жүйесінің қайта құрылуына әкелді. Қазіргі уақытта қоғамның жадына әсер ету әртүрлі нысандарда: тарихтағы ғылыми зерттеулерді танымал етуден, сарапшы ретінде әрекет етуден бастап, тарихи тақырыптарға фильмдер түсіруге және тарихи оқиғаларды қайта құрумен мерекелер ұйымдастыруға дейін бар. Қалай болғанда да, тарихшылар ұжымдық тарихи жадының қалыптасуына қатысады, «жад» пен «ұмыту» көлемін анықтай отырып, «күш пен тарих» альянсына кіреді. Биліктің тарихи жазу процесіне араласуы тарихи танымға әсер етудің өрнектелген тәсілдерінің біріне айналды.

Бұл тұрғыда тарихшылар қоғамдық миссияның бір түрін атқара отырып, бұқаралық санада мәңгілікке қалуға лайық айғақтарды «таңдау» мен «түсіндіруге» жауапты. Тарихшының ұжымдық тарихи сананы қалыптастырудағы рөліне байланысты «мәдениет жады» ұғымының ғылыми айналымға көбірек енуі кездейсоқ емес. Мәселен, тарихшылар жастарды оқытуға бағытталған тарих курстарының өзінде әртүрлі елдердегі бірдей тарихи деректердің ұлттық мүддеге байланысты түсіндіріліп, идеологияның «тұтқынында» болатынына назар аударды. Түптеп келгенде, тарих идеологиялық және саяси мүдделерден ада толық «таза ғылымға» айнала алмады: қазіргі қоғамдық мүдделер әлі күнге дейін Дамоклдың қылышындай мойнының үстінде тұр.

Тарихи жадты сақтау ең күрделі интеллектуалдық мәселелердің бірі екені даусыз. Өткеннің тәжірибесін, қол жетпес бүгінді ғана емес, болашақты болжаудың да шоғырлануы есте қалады. Тарихи жадты, оның «белгі» жүйесін түсінуге қазіргі ғылымда қалыптасқан тәсілдер тарихи білімнің дамуына тән процестерді талдауға үлкенірек теориялық негіздеме беруге қабілетті. Тарихи жадтың қайшылықты, ерекше мәнін ғылыми тұрғыдан түсіндіру қажеттілігі, оның күйін сипаттайтын қолда бар дәлелдемелерді эмпирикалық түсіндіру деңгейінің артуы барған сайын айқындала түсуде. Сонымен бірге, тарихи білімнің белсенді өмір сүретінін, ол өткеннің бейнелерін жаңғыртып қана қоймай, сонымен бірге кең ауқымды эмоцияларды - таңдану мен қайғыны, табыну мен азапты тудыратынын ескермеу мүмкін емес.

Әдебиеттер:

1. Хальбвакс М. Коллективная память. М., 1997. С. 111.
2. Барг М.А. Эпохи и идеи: становление историзма. М., 1987. С. 6.
3. Тойнби А. Пережитое. Мои встречи. М., 2003. С. 23-25.
4. Бродель Ф. Что такое Франция? Пространство и история. М., 1994.
5. Нора П. Франция-память. СПб., 1999.
6. Рикёр П. Память, история, забвение. М., 2004. С. 548.
7. Анкерсмит Ф. Указ соч. С. 171.

УДК 35 (574)

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ КӨККЕ САМҒАҒАН ҚЫРАНЫ. Н.МАЙДАНОВ ХАҚЫНДА

Әмен А.Ж.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: 87014090781@mail.ru

Николай (Қайыргелді) МАЙДАНОВ – Жауынгерлік еңбегі үшін екі рет жаңа тарихтағы батыр атағына ие болған жалғыз қазақ. Ол Кеңес Одағының Батыры және Ресей Федерациясының Батыры.

Көк аспан, полковник Майдановтың өмірінің маңызды бөлігі болды. Әскери ұшқыш ретінде ол МИ-6 және МИ-8 тікұшақтарын шебер басқарды, олардың таңғажайып әуе маневрлерімен, соның салдарынан жанқиярлықпен байланысты әуе ассы болып өмір кешті. Бірақ – қандай да бір жолмен-ол марапаттар мен басқа да сыйақылар туралы емес, ең алдымен өзінің әскери борышы туралы ойлады: ол міндеттер мен мақсаттарды жақсы түсінді, қауіп төнген шақта десантшылардың өмірін сақтап қалды, мінсіз командир, ұқыпты жолдас және адал дос болып өмір кешті. Бір сөзбен айтқанда, шексіз даланың батыл ұлы, көк аспан сияқты, зор және күш, тыныштық пен ұлылық сезіміне толы болды.

Николай Майдановтың авиацияға деген қызығушылығы бала кезінен ұшқыр болатын. Мектепті бітірген соң досымен бірге Ақтөбе азаматтық авиация училищесіне құжаттарын тапсырады. Алайда түсу мүмкін болмады: досы медициналық тексеруден өтпеді, сондықтан Николай досына ынтымақтас таныта отырып, ұшқыш болу идеясын тастап, ДОСААФ жанындағы автомектептің курстарына жазылды. Бір жылдан кейін, 1974 жылы Германиядағы Кеңес әскерлері тобында әскери борышын өтеуге аттанды. Онда жүргізуші шеберлігі өте пайдалы болды: полк командирі Евгений Иванович Костелецкий жас жауынгерді жүргізуші қызметке алды. Майдановтың үлгілі әскери қызметкер және офицер болып қалыптасуында шешуші рөл атқарған Костелецкий болды.

Қалай болғанда да, аспанды бағындыру туралы арман Николай Саиновичке тыныштық бермеді: демобилизациядан кейін 1976 жылы Саратов жоғары әскери авиациялық ұшқыштар училищесіне оқуға түсті, содан кейін ол Оңтүстік күштер тобында Түркістан, Забайкалье және Одесса әскери округтерінде қызмет етті.

1992 жылы Майданов Николай Сайынұлы Ю.А. Гагарин атындағы Әскери-әуе академиясын тамамдап, Тараз қаласында Қазақстан Қарулы Күштерінде қызметін жалғастырды. Бірнеше жылдан кейін ол отбасымен бірге Ресейге көшіп, Құрлық әскерлерінің авиациясында қызмет етті. Агалатово ауылындағы Ленинград әскери округінің тікұшақ полкін басқарды, кейіннен 1999-2000 жылдары Ростов облысының Егорлыкская ауылында орналасқан 325-ші жеке көліктік-жауынгерлік тікұшақ полкін басқарды.

Шешенстанда ұшқыш Майданов тағы да өзін бірінші дәрежелі ас ретінде көрсетті. Ресейлік журналистер әлі күнге дейін 2000 жылдың 28 қаңтарында тұтқынға түсіп қалу жағдайын әліде еске алады. Майданов Солтүстік Кавказ округінің қолбасшысы генерал-полковник Казанцев пен журналистер тобын құтқарды. Келесі күні ол өзінің соңғы ұшуын жасады. Бұл туралы баспасөзде көптеген дәлсіздіктер бар, дейді Новиков. Және бұл солай болды:

Аргун шатқалында Су-25 реактивті ұшағы атылды. Ұшқыштың құлап, орманда жасырынғанын бәрі көрді. Десантшыларға аумақты аралап, оны табу керек болды. Бірақ бұл аймақ содырлардың қолында еді. Күшті атыс басталды, десантшылардың құтқарылу мүмкіндігі болмады. Майданов қайтып оралып, сарбаздарды бортқа алуға тырысатын жалғыз шешім қабылдады. Барлығы жүктеліп, тікұшақ ұшып бара жатқанда, содырлар оған оқ жаудырды. Бір оқ Николайдың кеудесіне, екіншісі тамағына тиіп, каротид артериясын жарып өтті. Қан кетіп, ол көлігін базаға апарды, бірақ қонуға күші жетпеді – ол қайтыс болды. Тікұшақты екінші ұшқыш отырғызды. Майданов қайтыс болғаннан кейін Ресей Федерациясының Батыры атағын алды.

Ресейдің Қазақ қаны бар батыры Санкт-Петербургте Серафим зиратының Батырлар аллеясында жерленді. Жерлеу рәсіміне Мәскеу және Ленинград облыстарының губернаторлары, Ресей Президенті Әкімшілігінің Басшысы және мыңдаған әскери адамдар келді.

Ол туралы естелік Саратов ұшу мектебінің ғимаратындағы тақтада мәңгі сақталады. Орнатылған ескерткіштер: батыр өмір сүрген үйлерге мемориалдық тақта (Мәскеу облысы, Монино, Маслов көшесі, 9, Агалатово кентінде және Ростов облысы әскери қалашығында, Егорлыкская станицасы, Шаплыгин көшесі,6) және Агалатов мектебінде; Санкт-Петербургтегі Серафимовский зиратының Батырлар аллеясындағы ескерткіштер, Оралдағы Әбілқайыр хан көшесіндегі әскери-техникалық мектептің жанында; Санкт-Петербургтегі Мәскеу Жеңіс саябағындағы Батырлар аллеясындағы бюст.



Саратов ұшу мектебінің ғимараты



Санкт-Петербургтегі Мәскеу Жеңіс саябағындағы Батырлар аллеясындағы бюст



Санкт-Петербурктегі Серафимовский зиратының Батырлар аллеясындағы ескерткіштер



Оралдағы Әбілқайыр хан көшесіндегі әскери-техникалық мектептің жанында

**БЕКЕТ АТА МЕШІТІНІҢ ТАРИХЫ
ОҒЫЛАНДЫ ЖЕРІНДЕГІ БЕКЕТ АТА ЖЕРАСТЫ
МЕШІТІ (XVIII-XIX ҒҒ.)**

Шамурадова Г.Ж.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: gulnar.87_87@mail.ru

Ескерткіш алғаш рет 1973 жылы Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы экспедициясымен М. Мендіқұлов жетекшілігімен зерттелген. 1979 жылы М.С. Нұрқабаев жетекшілік етуімен «Казпроектреставрация» институтының архитекторлар тобымен зерттелген. Ескерткіштің алғашқы мемлекеттік қорғауға қабылданған жылы 26.01.1982ж.№38 Қазақ ССР Министрлер кеңесінің қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізіліп, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің 16.05.2000ж.№897 шешімімен жергілікті дәрежеден республикалық дәрежеге өтті. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 ж. 30 наурыздағы №119 бұйрығымен республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. Маңғыстау облысы әкімдігінің 03.09.2014 ж. №209 қаулысымен Қарақия ауданына қарасты Оғыланды жеріндегі Бекет-ата жерасты мешітінің қорғау аймақтарының шекаралары бекітілген. Мешітке 1996, 2000, 2003, 2006, 2010 жылдары «Маңғыстауреставрация» АҒЖӨШ ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізілді, зиярат етушілер дамылдайтын көлемі үлкен мешіті бар кешен тұрғызылды. 2016 ж. Бекет ата мешітінің техникалық жағдайын және жылу ылғалдық режимін анықтау бойынша «Қазреставрация» РМК мамандарымен зерттеу жүргізілді.

Мешіт табиғаты көркем Оғыланды жеріндегі ақ-бор тасты тау шатқалының терең орта қабатынан ойып жасалған. Мешіт төрт бөлмеден тұрады, төргі бөлмеде қасиетті сырық ағашы бар.

Мешітке кіретін аласа тар есік бар. Бірінші бөлме жоғарғы ортасынан жарық түсетін күмбез тәрізді бөлме ауыз үй. Оның батыс жағында михрабы оңтүстікке қаратылған намаз оқитын, ал оңтүстік-шығысында екі бөлме, оның біреуінде Бекет атаның өзі жерленген. Ата пайғамбар жасына келіп (63 жасында) қайтыс болған. Түпкі бөлмеде Бекет атаның көзі тірісінде жан дертіне шипа іздеп келген адамдарға дұға етіп, дем салған ағашы тұр. Бөлмелердің бәрі де дөңгелек пішіндес. Олардың биіктігі 2,7-ден 3,5 метрге дейін. Қабырғаларында шырағданға арналған ойықтар орналасқан.

Орналасқан жері: Қарақия ауданы, Сенек ауылынан 95 км солтүстік – шығыс бағытта орналасқан.

Бекет атаның жатқан жері





Тарихи деректер мен аңыз-әңгімелер: Бекет Мырзағұлұлы (1750-1813 жж.) – қазіргі Атырау облысының Жылой ауданындағы Ақмешіт елді мекенінде туған. Маңғыстау, Үстірт, Атырауды мекендеген Адай тегінен шыққан қазақ халқының данасы, тарихи тұлға. Бекет – ел тәуелсіздігі үшін сыртқы жауларға қарсы қол бастап, ерлігін көрсете білген батыр. Ғылым мен білім жолын қуып, Маңғыстау, Атырау, Үстірт өңірлерінде ұстаз болған, медресе мен мешітке қолайлы болатын, бала оқытатын жерасты мешітін қашап жасаған сәулетші-шебер. Бойына табиғаттың тылсым күшін игерген, ауруды жазған, жатқанды аяққа тұрғызған емші. Жас кезінде қолына қару алып, көршілес қалмақ, түрікмен тайпаларымен шайқасып, халқының тәуелсіздігін қорғаған Бекет ел аузында Ер-Бекет атанды.

Жас кезінде жолаушылап келе жатып, Жем өзенінің тұсындағы бір өткелден өтерде өзенге көзі түскен Бекет су ішінен әуелі бір саусақ, сосын бес саусақ көтеріліп, ақыр аяғында ол да көрінбей батып кетіп, орнына отыз, одан соң қырық саусақтың шошайып шыққанын көріп ойға қалады. «Е-е, Алла тағаланың ақ жолға бағыттаған аяны шығар бұл. Жасаған иемнің жалғыз саусақ көрсеткені-«бір Құдайыңды біл», бес саусақты шошайтқаны – «бес уақыт намазыңды қаза қылма», отыз саусағы – «отыз күн оразаңды ұста», қырық саусағы – «қырық парызыңды орындап жүр» дегені екен ғой», - деп ой түйген Бекет осыдан бастап нағыз Құдай жолына түсіпті.

Бекет ата Хиуадағы Шерғазы медресесін бітіріп, еліне келгенде халықты сауаттандыруды мұрат еткен, кішкентайынан дін жолын терең игергені оның нағашысы қожа тұқымынан екен. Атақты Бақыржан-қажыдан дәріс алған Бекет еліне қайтып, ұстазының ісін жалғастырып, жер-жерден жерасты мешіттер салған. Халық Бекет ата рухына: «Әуелі бір Алла, сонан соң Пир Бекет», – деп сыйынған. Бекет атаның 5 мешіті бар. Бекет ата жерасты мешіттері – оның дарынды сәулеткерлігінің, биік талғамының куәсі, халық құрмет тұтатын, әулиелік орын деп саналады. Олар: Жем бойындағы Ақмешітте, Ескі Бейнеуде, Тобықтыда, Оғыландыда және Байшағырда.

Ел арасындағы аңыздарға қарағанда Бекет атаны осы жерден мешіт салуға бастап келген де осы Оғыланды екен. Оғылан түркі тілдестер сөзі, ол ұлан, бала деген ұғымды береді. Көшпенділердің тұрмыс-тіршілігіне байланысты бір орайда бірыңғай балалар дүние салып, осында жерленсе керек. Қорым қатардағы қарапайым орын емес, бірыңғай балалар жерленген жер болып, әулиелік “Оғыланды” деп аталады. Бекет атаның өзі көзі тірісінде маған ниет қойып, келгісі келген, шарапат тапқысы келген адам әуелі Оғыландыға соғып зиярат етіп барып келсін деп жұртшылықты дағдыландырған. Оғыланды балалар қырғынының қорымы, киелі, қасиетті орын ретінде бағаланып, қадір тұтылып келеді.

Қиналғанды демеп, адасқанға жол сілтеп, қорыққанды қорғаған бұл ғажайып жанның өнегелі өмірі, ерекше қасиеті, игі істеріне халқы сүйсініп, Пир-Бекет атады. Ұрпақтары оның атын

Ұран, ісін Аңыз етті. Күні бүгінге дейін дүниенің әр түкпірінен жандарына шипа, көңілдеріне медеу іздеп келген халық осы қасиетті орынға келіп зиярат етеді.

Қазіргі уақытта Бекет-Ата мешіті қалпына келтірілді, аумағы жақсы жабдықталған, үстіңгі бетінде көптеген зияратшылар үшін үлкен кешен салынып, қасиетті орынға айналды. Бекет ата жерасты мешіті пайғамбар Мұхаммед пен Қожа Ахмет Яссауидің жерлеуіне сәйкес келеді.

Бекет ата шежіресі: Бекет ата дегеннің кім екенін қазір иісі қазақ түгел біліп болды. Қазақстанның түпкір-түпкірінен Бекет атаның бұрынғы қонысы, әке-шешесі жатқан Жылыой ауданындағы Ақмешітке, Ескі Бейнеудегі Бекет Ата мешітіне, Бекет атаның өз сүйегі жатқан Оғланды кесенесіне зиярат етуге ағылып келуде. **Кеңес өкіметі деген алып мемлекет құлап, Қазақ елі егемендік алғаннан кейін** халық санасындағы ақтандақтарды қозғап, аласапыран шаңының астында қалған тарихи тұлғаларымызды тірілтіп, қазақ тарихын түзеуге зиялыларымыз білек сыбана кіріскен болатын. Сол ақтандақ жайдың бірі – Бекет ата мәселесі еді. Ғасыр қойнауынан өзі қасиетті қаламымен баба рухын жарық дүниеге тұңғыш алып шығып, ауызша ғана аты аталып жүрген Бекет атаны қағаз бетіне түсірген, елге жалаулата жариялаған, тұңғыш тебірене қалам тербеген адам Ислам қажы Мырзабекұлы. Ол еліміз егемендік алысымен, 1993 жылы “Бекет ата” атты кітабын Гагарин қаласының баспасынан басып шығарды. Содан соң іле-шала ғалым Қабиболла Сыдиықұлының зерттеу кітабы 1994 жылы “Арыс” баспасынан жарық көрді. Ислам қажының осы кезге дейін 9 кітабы шықты. Бекет атаның мәңгілік рухы туралы кітаптарын С.Керелбаев, Р.Қосбармақ, Ғ.Әріпов, Ө.Озғанбай, С.Бөлекұлы, Л.Сисекенов, А.Ершуов сияқты авторлар бірінен соң бірі туындатты. Әйтеуір, жиырма бірінші ғасырдың жиырма жыл бойына Бекет ата жайындағы кітаптар мен газет-журналда жарияланған мақалалардың бәрінің басты идеясы – ұлы ғұлама, көріпкел, батыр, қасиетті пірдің алдында бас ию, оны ұлағаттау, үлгі тұту. “Мәдинеде – Мұхамбет, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет” деген ұранды ашық айтуға елді сендірді, санасын оятты, дінсіздік түнегінен алып шықты. Жылап

отырып, аруақтардан кешірім сұрай отырып жазылған, пәктік пен ақтыққа жетелеген жалынды сөздер, шабытқа толы жырлар Пір Бекетке деген ата-бабалардың мөлдір көзқарасын қайта тірілтіп, Бекет атаға қатысты аңыз-әңгімелердің жастардың жаттап алуына, қарттардың көпшілік жиналған жерлерде көсіле әңгімелеуіне мүмкіндік алдық. Бүгін көлемі 800 бетке жуықтайтын “Бекет ата” атты алып кітап алдымызда. Ол 2008 жылы жарық көрген. Оны құрастырушы Пір Бекеттің ұрпағы, қазіргі Ақмешіттің имамы Ислам қажы Мырзабекұлы. Оның Бекет ата туралы қырық жыл бойына жинақтаған дүниелері, өзі де шабыт құшағында отырып туындатқан жазбалары өте әдемі безендірілген, сапалы қағазбен мықты түптелген, өмір сүруге, имандылыққа, Бекет ата туралы білім мен ғылымға ұйытатын ғұламалық кітап дүниеге келіпті. Бұл ғасырлық туынды әр үйдің төрінде кітап дүниелерінің құдіретіндей ерекше құрметтеліп тұруға лайық. Осы өте қымбат сана дариясындай дүниені жарыққа шығаруға демеушілік еткен бұрынғы “Қазмұнайгаз” АҚ президенті Ұзақбай Қарабалинге, Атырау қаласындағы “Адай-Петролеум компани” ЖШС бас директоры Сүйінішбек Әбуғалиевке, Жаңаөзен қаласындағы “Круз” ЖШС техникалық директоры (“ҚазМұнайГаз”) Майлыбай Өтебайұлына, Ақтау қаласындағы “Астана трейд интернейшнл” АҚ компаниясының бас директоры Болат Алтынбекұлына халықтың шексіз алғысы арналады. Бұл кітап имандылық-тағылым кітабы Бекет ата Мырзағұлұлының дүниеге келгеніне 260 жыл толу қарсаңында жарияланып отыр. “Бекет ата” кітабын – үлкен ғимарат десек, оның енді ішкі сырларына ену үшін сарайларын аралап кеткендей, кітаптың тарау-тарауларын оқып, терең сырына ене бастайсыз. Кітаптың архитектурасы оқырман қызығарлықтай жүйелі, бір тарауынан бір тарауына ілесіп, бірінің сырынан екіншісінің сырына еніп, ілгері өрлей түсесіз. Кітаптың көлеміне қарап “қашан оқып болар екенмін” деп көзің қорыққанымен, “көз – қорқақ, қол – батыр” дегендей, кірісіп кеткенінде, ғимарат сарайларының бірінен бірін қызықтап аралағандай әрбір тарауға жеке-жеке тоқтап, Бекет атаның аруағы жетектегендей боласыз да, қалай оқып бітіріп тастағаныңызға таң қаласыз. Әрине, белгілі дәрежеде уақытыңызды алатыны рас, алайда қасиетті атаның

ғұмыр тарихы, тегі, нағашы жұрты, Бекет атаға байланысты қызықты аңыз-әңгімелер, Ата рухына табына да тамсана жазылған мақалалар, әдеби жырлар, Ата салған мешіт сырлары, кейінгі еліміз егемендік алғаннан басталған Ата аруағына деген көзқарас, мешіттердің қалпына келтірілуі, Атаға байланысты кітаптардың бірінен соң бірінің дүниеге келуі туралы ақпарлар – бәрі-бәрі жүрегіңізге ризашылық пен қуаныш ұялатып, Ата аруағының өшпестей құрметіне ие болып жатқандығы мерейіңізді өсіреді. Алып кітап тоғыз бөлімнен тұрады: “Атаның қысқаша ғұмырнамасы және нағашылары туралы” деп аталатын бөлімде Бекет атаның ата-тегі, ғұмырнамасы туралы баяндалады. Содан кейінгі бөлімдер былай аталады: “Мешіттер мен Атадан қалған мұралар”, “Бекет атаны ғылыми-тарихи танымдық тұрғыдан зерттеу немесе Бекеттану ғылымына кіріспе”, “Пір Бекет мәңгі мақтаныш”, “Қосқұлақтан шыққан қасиет иелері”, “Ақмешіт туралы әңгімелер”, “Кітап ішіндегі кітаптар”, “Атаны ұлықтауға қатысты іс-шаралар”, “Сұхбаттар, жолжазбалар, құттықтаулар және ой-пікірлер”. Осылайша жүйелі құрылған бөлімдер өз ішінде әрбіреуі бірнеше тарауларға тарамдалып кетеді. Әр тараудың өз тақырыптары, айтар ойлары, Бекет атаға байланысты баяндаулар мен түйіндеулер, әр алуан фактілер жарияланған. Бір ғажабы, қайталаулар жоқ, бәрі де оқырманның сезімін ерек оятып, ақылына ақыл, біліміне білім қосатындай тың дүниелер. Пір Бекет қазақ халқының қиялынан туған аңыз кейіпкері емес, өмірде шын болғандығына дерек-архив қазыналары бар. Қазақстан өте ерте замандардан араб, парсы, қытай және басқа шетел, орыс ғалымдарының зерттеу объектісіне айналғаны белгілі. Шығысты зерттеуші В.Радлов, Б.Григорьев, К.Иностранцев, XIX ғасырда Маңғыстау өлкесін зерттеген Э.Эверсман, А.Дюгамель, Алексеев экспедициялары және жергілікті халық санасында жатталып, ұрпақтан ұрпаққа тараған ауызша әңгімелері Бекет атаның өмірі мен елдегі атқарған істерін толық растайды. Сонымен, Бекет атаның қысқаша ғұмырнамасы мынадай екен. Бекет Ата Адайдың Келімбердісінен тараған аталардан өріс алады: Мұңал – Жаулы – Қосқұлақ – Жаналы – Мырзағұл – Бекет. Мырзағұлдан – Алдаберген, Алдоңғар, Меңдіғұл, Бекет есімді – 4 ұл; Әнуаш, Ақмаңдай есімді 2 қыз

дүниеге келген. Бекеттен басқаларының туған-өлген жылдары туралы дерек қалмаған. Ислам қажы былай деп жазады: “Ел ұраны – Бекет ата 1750 жылы қазіргі Атырау облысының Жылыой ауданы аймағына қарайтын Ақкиізтоғай ауылынан 30 шақырым қашықтықта, Жем бойындағы Ақмешіт деген жерде туған. Бекеттің әкесі Мырзағұл Жаналыұлы аса дәулетті болмаса да, барына мырза, діни сауатты, зайырлы, ел ақсақалы болған. Ал анасы Жәния арғы тегі араб, қасиетті қожалар ұрпағы, Назарқожаның қызы. Назарқожа жас жігіт шағында ислам дінін елге таратып уағыздау мақсатынан Меккеден Маңғыстауға жіберіліп, сонда мәңгі қалып қойған деседі”. Бекеттің Жаналы атасы баланы 5 жасынан өзі оқытып, содан соң молдаға берген. Бекет өте зерек, ынталы, талантты бала болғандықтан, молданың үйреткендерін бұлжытпай орындап, басқа балалардан шығандап алда болады. Білімі молығып, парасатты, адамгершілігі мол, асқан тәрбиелі болып өсіп келе жатады. Сөйтіп, 14 жасқа келгенше өз бетімен діни кітаптарды, пайғамбар хадистерін оқып, білімі тереңдей береді. Зеректігі жолбасшы болған бала білімін әрмен қарай жалғастыра беруді көздеген екен. Ата-анасы баласының талабына оң қабақтарымен қарайды. Әуелі Шопан атаға барып зиярат етуді тапсырыпты. Бекет Шопан атаның басына түнеген төртінші күні Ата түсіне еніп, Хиуа шаһарындағы Бақыржан қажы деген ғұламадан дәріс алуды айтып аян береді. Ата туралы аңыз Шопан ата дайындаған пыраққа мініп, Бақыржан қажыға жетіпті дейді. Күні бұрын Бекеттің келетінін біліп отырған қажы оны “Шерғазы хан” медресесіне табыс етеді. Бақыржан қажы өзі осы медреседе дәріс береді екен. Бекет медреседе қасиетті қажыдан 7 жыл дәріс алады. Медресені бітіргенде шәкірт 21 жасқа келеді. Сол кезден бастап, Бекет атаның ел ішіндегі қасиетті қызметі басталып, ғұламалығы, батырлығы, көріпкелдігі, ұстаздық жұмысы, ел қорғау жолындағы қол бастауы, соның нәтижесінде Бекет атаның елдің ұранына айналып, Пір атануы біріне-бірі жалғаса береді. Бекет атамыз 1813 жылы Пайғамбар жасында дүние салыпты. Пір Бекет ұрпағы жөніне келсек, ел шежіресі оны былай тізбектейді екен: Бекет – Тоғай – Құлнияз – Сарымолда (Алданияз) – Ораз – Аралбай – Көбен. Көбен ақсақал қазір Оңтүстік Қазақстан

облысы, Жетісай қаласында тұрады екен. Ислам қажы осы Көбен ақсақалды “Бекет атаның шаңырағы” деп атайды. Көбеннің төрт ұлы бар – Мұрат, Қойлыбай, Әзіретәлі, Пернебек. Ақсақалдың айтуына қарағанда, кәрі шаңырақтың иесі болып Пернебек қалатын сияқты. Бекет атаның Шерғазы хан медресесінде оқығандығы жөнінде сол әлі күнге дейін сақталған мешіттің ескерткіш тақтасында жазылған есімдер айқын көрсетеді. Бұл тақтада Бекет Мырзағұлұлының есімімен қатар түркімен халқының ақыны Мақтымқұлы Пырағы (1733-1793жж.), қарақалпақ ақыны Әжінияз Қосыбайұлы (1824-1878жж.) оқығандықтары туралы мәліметтер бар. Бекет ата да осылар сияқты немесе Қожа Ахмет Ясауи сияқты ғұлама ғалымдығымен бірге ақындықты қатар жүргізуі мүмкін-ау деген ой туады. Бекет ата жазбаларынан ешнәрсе қолда сақталмағандығы өкінішті. Ал Мақтымқұлының аталған мешітте оқығандығын оның өлең жолдары дәлелдейді: Үш жыл бойы таттым дәм мен тұзыңды, Кетіп барам қош бол, гөзәл Ширғазы! Көрдім сенің көктемінді, күзінді, Кетіп барам, қош бол, гөзәл Ширғазы! Бұйрық келді, белді бекем буындым, Білім алдым, сенде қайта туылдым. Енесіне қайта асыққан құлынмын, Кетіп барам, қош бол, гөзәл Ширғазы! ...Мақтымқұлы қана болмай осы күн, Алады еске пірлерінің есімін... Мәңгі есімде болар алтын есігің, Кетіп барам, қош бол, гөзәл Ширғазы! Мүмкін, Бекет шәкірт те жеті жыл оқыған өзінің қасиетті Шерғазы медресесіне осындай арнау жыр жазған шығар, кім біліпті. Бекет ата өзінің ғұмыр жолында сұпылық бағытты ұстап, соны уағыздаушы болды. Оның сұпылық мектебі сұпы шәкірттер дайындауға арналған. Сұпылық – жаулаушыларға, ислам дініндегі реакциялық күштерге қарсы халықтық қозғалыс идеологиясы. Бекет ата өзінің ғылым-ілімін таратып, шәкірттерін оқыту үшін бес мешіт салған. Алғашқы мешітті Хиуадан оқу бітіріп келгеннен кейін өзінің туған жерінде салдырған. Бұл мешітті шебер Соқырша деген адам салған екен. Бұл мешітте 1771-1774 жылдары Бекет бастап шәкірттерге білім берген. Екінші мешіт – Ескі Бейнеудегі мешіт. Бұл мешітті жыл маусымдарына икемдеп, балалар оқыту үшін, сонымен бірге әрлі-берлі өткен жолаушылардың намаз оқып, тынығып кетуі үшін салдырған деген ел аузындағы деректер бар. Бұл мешіт тастақ

төбені қашау арқылы салынған. Үшінші мешіт – Оғыландыдағы мешіт. Ата мүрдесі осы мешітке қойылған. Төртінші мешіт – Тобықтыдағы мешіт. Ол Тобықты ойпатындағы биік төбешіктен қашалып салынған. Мұнда Бекет ата шәкірттерін оқытқан. Бесінші мешіт – Байшағырдағы мешіт. Бұл Үстірт жазығындағы Байшағырға жақын орналасқан. Бұл мешіт Бекет ата намаз оқып, демалып кету үшін шағындап салынған екен. Әрлі-берлі өткен жолаушылар бұл мешітті ұзақ жолдан шаршап-шалдыққанда демалатын орынға айналдырған сияқты. Бекет ата мектептерінде шәкірттеріне діни білім берумен қатар, география, медицина, математика, физика, астрономия сияқты ғылым салаларын да үйреткен. Ата туралы осы кітапқа енген мақалаларда жазылған деректерге қарағанда, Атаның өзі бұл ғылым негіздерін терең меңгерген сияқты. Ғұламаның Оғыландыдағы мешіті көптеген ғылыми негіздерге сүйеніп салынған деген пікір бар. Оғыландыдағы мешіт-тің төменде айтылатын қасиеттері осылай салынғандығын айқындайды. Мешіттегі оқылған құран, дұға, аяттар мешітке қанша кісі отырса да бәріне анық естілетіндей етіп, акустикалық жағы қарастырылған, жылдың қай мезгілінде де ауаның ылғалдылығы санитарлық-гигиеналық мөлшерден аспайды, үңгіп салынған ғимаратта есігі мен түндігі ашық тұрса да, қумажелдің (сквозняк) болмауы, мешіт Мекке бағытымен жасалған, ал есігі шығысқа бағытталған. Атаның емшілікпен де айналысқандығын – мешіт бұлағындағы сүліктер дәлелдейді. Бекет ата осы сүліктер арқылы адамдарды емдеген. Сүлік бұл бұлақтан басқа суда өмір сүре алмай өліп қалады. Оның табиғаты тек қана осы бұлаққа лайықталған. Мешіттің төбесіне қарағанда, Темірқазық жұлдызы төбенің дәл үстінде тұрады. Мұны Бекет атаның обсерваториясы болған сияқты деуге болады. Картадан қарап отырып, Ақмешіт, Оғыланды, Байшағыр мешіттерінің арасын түзу сызықтармен қосса, тік бұрышты үшбұрыш шығады, ал Бейнеу мешіті мен Байшағыр мешіттерінің арасын қосса, сол үшбұрыштың биссектрисасы сияқты. Сонда бұл мешіттерді Ата белгілі бір математикалық есептеулермен салдырған жоқ па екен деген ойда қаласыз. Пір Бекет аруағы адамдарға жылан, арқар, аққу болып көрінеді. Бекет мешіттеріне адамдар шын ниетімен келмесе, я болмаса, күнәлі адамдар келсе, жыландар ысылдап

шығып, алдарын кес-кестеп жолатпайды. Атаның аспандағы аруағының иесі – аққулар. Оғыланды мешітінің маңындағы тау-тас арасында арқарлар бар. Адамдар жыландарға да, аққуларға да, арқарларға да тимейді, оларға зақым жасамайды, атпайды, ауламайды. Егер зұлымдық жасалса, оларды Атаның аруағы тегін жібермейді. Кітаптың біраз бөлігінде әдеби шығармалардың Бекет атаға арналған жырларына жазушы Доқтырхан Тұрлыбек шолу берген. Мұнда біраз әдеби деректерді байқаймыз. Ертеде ғұмыр кешкен Түмен Балтабасов, Нұрым Шыршығұлұлы, Бала Ораз Өтебайұлы, Насихат Сүгірұлы сияқты жыр сүлейлері Бекет туралы толғанса, XX ғасырдың жазба ақындары Ғафу Қайырбеков, Фариза Оңғарсынова, Қабиболла Сыдиықов, Есенғали Раушанов, Сабыр Адаев, Мэлс Қосымбаев және басқа да ел ақындары Пір Бекетке жырларын арнаған екен. Сонымен қатар, Бекет Атаның бейнесі ірі көлемдегі дастандарда да жасалыпты. Ыбырайым ахун Құлбайұлы “Жаулының ұлы Қосқұлақ” толғауы, Жақсылық Елеусіновтің “Қасиетті бабам – Пір Бекет” атты ұзақ жыры, Өмірзақ Қалбайұлының “Қуанып мешітіңнен аттанармын”, “Көк Аса – Оғыландыдан орныңды тап” жырлары, Рахмет Аяпбер-геновтің “Бекет ата”, Аманқос Ершуовтың “Кие”, Айтуар Өтегеновтің “Ант”, Нұрлан Қанағатұлының “Аңыз түбі – ақиқат” дастандары және көптеген поэтикалық өлеңдер кітаптан қомақты орын алған. Бұл шығармалардың бәрінде де ақындар Бекет Атаның алуан қасиеттері мен ғұламалық, пірлік қырларынан өздерінің жүрекжарды асыл сөздерін арнап, Пір Бекеттің бейнесін жасаған. Бекет атаға байланысты алуан жайды бейнелеген аңыз-әңгілемелерді оқып отырғаныңызда Пір Ата қасиеттеріне таңғаласыз. Бекеттің қол бастаған батырлығы, Пір атануы, ұлыстың ұранына айналуды туралы және басқа да хикаялар шоғыры бірінен-бірі қызық. Халықтың басына ауыр жағдай түскенде, сырқатқа шалдыққанда, қиыншылыққа душар болғанда, әйелдер перзент көтере алмайтын халде болғанда, қысқасы барлық қиын шақтарға кезіккенде Бекет атаға сиынып, Бекет ата мешіттеріне, Оғыландыдағы Пір мүрдесі жатқан мекенге барып түнейді. Көмек сұрайды, табынады. Шынында да, Бекет тірі кезінде халыққа қандай шипагерлік танытып, емдеп жүргеніндей, оның аруағы өзіне сиынып келген адамдарға көмек

көрсетуге дайын екендігін Ислам қажы Мырзабекұлының барлығы 400-ге тарта әңгімелерінен айқын көрінеді. Әулие басына баруға ниет еткен адамдар адасып кетсе де, Ата жетелеп жол бастап апарады деген сенімде бар.

Бекет атаның намаз оқыған мешіті Мешітке түсетін жол



ХҮСНИ-ЖАМАЛ ЗҮЛҚАРНАЙҚЫЗЫ НҰРАЛЫХАНОВА – ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНЕН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ МҰҒАЛІМ

Кадешова А.К.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ,
№50 ЖОББМ-нің тарих пәні мұғалімі
Орал қ., Қазақстан*

E-mail: ainagulll15@gmail.com

Хүсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова (1872 жылы, Бөкей Ордасы - 1945 жылы, Алматы) — қазақ әйелдерінен шыққан тұңғыш мұғалім, Бөкей Ордасында қазақ қыздарына арнап мектеп ашқан.

Хүсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова 1872 жылы Бөкей Ордасындағы сұлтандар әулетінде дүниеге келген. Әбілқайыр хан әулетінен шыққан, Нұралы ханның шөбересі, Жәңгір ханның немересі, әкесі - Зұлқарнай Шөкіұлы Нұралыханов. Әкесі 1851 жылы белгілі қайраткерлер шоғыры болған Ш.С. Бабажанов, М. Бекмұқамедов (Мақаш әкім), М. Жантөрин секілді қазақ жастарымен бір жылда Орынбордың Нюплеев корпусын бітіріп шыққан.

Хүсни-Жамал Нұралыханова 40 жасында Арон Қаратаевқа, яғни атақты Бақытжан Қаратаевтың інісіне тұрмысқа шығады. Олардың қызы Шахзада Аронқызы Шонанова ату жазасына ұшыраған.

Ол 1894 жылы Бөкей ордасында қазақ қыздарына арнап алғаш мектеп ашқан. Онда қазақтың қайраткер қыздары Алма Оразбаева, Рәзия Меңдешова, Әмина Мәметова (Мәншүк Мәметованың анасы) білім алған.

Оралға келіп жұбайы Аронмен орналасқан соң да, Хүсни-Жамал мектебінен қарым қатынасын үзбеген. Әрқашан жағдайларын біліп, жиі хабарласып тұрса керек. Қазақтың зиялы адамдарының басына қара түнек орнаған күндер Қаратаевтардың төңірегін де әбден торлаған еді. Соның салқыны жас семьяны да аяған жоқ. Патша үкіметіне сенімсіздердің қатарына ілігіп,

басқан іздері есепке алынып, аңдулы болатын. Солай болғанына қарамастан Хұсни-Жамал Орал қаласында өтетін қазақ интеллигенттерінің басқосуларына уақтылы қатысып тұрған. Әсіресе, Оралда екі тілде шығып тұрған «Қазақстан» газетінің уақтылы жарық көруіне қажетті көмегін аямайды. Газетті шығарушылар амалсыз Астраханьға көшкенде, онда тұратын ағасы, Сейткерейге тапсырып қойған да - Хұсни-Жамал. Сонымен 1910 – 1912 жылдары Хұсни-Жамал нағыз сенімсіз де өте қауіпті адамдардың қатарында қатаң бақылауға алынды.

Хұсни-Жамал өмірінің соңында Шахзаданың қолында Алматы қаласы Красина 51 үйде тұрған, оған дәлел Шахзада Аронқызы Шонанованың тергеу протоколында көрсетілген

Оқу министрлігінің Бөкей губерниясындағы инспекторы А.Вознесенскийдің 1897-1898 жылдардағы есебінде: «Хұсни-Жамал – қазақ сұлтанының қызы, Қазанның Земская мектебін бітірген. Білімді өз үйінде ағаларынан алған Хұсни-Жамалдың жасы 25 шамасында, көркем де сүйкімді. Осы жастағы Ордадағы жалғыз қыз... Орысша тым таза сөйлейді. Оның ерекшелігі – өте ұстамдылығында. Қазір ол өзін орыс мектебінің ісіне арнауға ұйғарып отыр делінген

«Ол ақылына көркі сай ерекше жаратылған сұлу жан еді. Тал бойында бір міні жоқ, киім-киісі, жүріс-тұрысының өзі үлкен мектеп болатын. Оның көркем жазуға үйреткені, сүйріктей саусақтары, мәнерлеп оқудағы мақпал даусы әлі есімде. Ол бізге жазу мен оқуды ғана үйретіп қойған жоқ, жұрттың алдында өзімізді қалай ұстауды, жүріп-тұруды, бой күтуді ерінбей-жалықпай үйрететін. Ән салуға, еуропаша би билеуге баулитын» деп жазған Әмина Мәметова.

Бұл екеуін бөліп-жара алмайсың. Анасы мен қызы. Бірі хандық билік құртылған заманның куәгері, екіншісі – кеңес өкіметінде қарапайым адами мақсатын жүзеге асыра алмай, бір жағынан саяси жүйенің, екінші жағынан интригалардың құрбаны болған бейбақ. 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргінде 34 жасында атылған жалғыз қазақ қызы Шахзада Шонанова – Бақытжан Қаратаевтың немере інісі Аронның қызы.

Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова – Жәңгір ханның немересі, 1894 жылы Бөкей Ордасында қазақ қыздары

үшін мектеп ашқан. Қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Меңдешова, Әмина Мәметова (Мәншүк Мәметованың анасы) Хұсни-Жамалдың мектебінен өткен.

“Мен бастаған ісімді аяқсыз қалдырмай, қалайда аяқтап шығатындай тиянақты болуды Хұсни-Жамал апайдан үйрендім. Ол ақылына көркі сай ерекше жаратылған сұлу жан еді. Тал бойында бір міні жоқ, киім-киісі, жүріс-тұрысының өзі үлкен мектеп болатын. Оның көркем жазуға үйреткендегі сүйріктей саусақтары, мәнерлеп оқудағы мақпал даусы әлі есімде. Ол бізге жазу мен оқуды ғана үйретіп қойған жоқ, жұрттың алдында өзімізді қалай ұстауды, жүріп-тұруды, бой күтуді ерінбей-жалықпай үйрететін. Ән салуға, еуропаша би билеуге баулитын”, – дейді естелігінде Әмина Мәметова.

1923 жылы Хұсни-Жамал Орынборда Алма Оразбаевамен кездескенде, шәкіртінің ел-жұртының жоғын жоқтайтын қайраткер болып жетілгеніне қуанып, “еңбегім еш кетпеген екен” деп мәз болған.

Сөйткен Хұсни-Жамалдың тағдыры не болды? Шахзада мен күйеуі Телжан Шонанов Оқу комиссары Темірбек Жүргенов басқарған диверсиялық топтың құрамында Қаз МУ ғимаратын өртемек болды деп ұсталғанда, қартайған Хұсни-Жамал Алматыда көшеде қаңғып қалды. Телжан мен Шахзада түрмеде, дүние-мүлкі, үйі тәркіленген. “Жалғыз қыздан бір айырылып, ішерге тамақ таппай хұббиім қатты қиналды-ау”, – деп Зияда Мағзомқызы Қаратаева кейіннен талай көзіне жас алды. Бақытжан Қаратаевтың немере қарындасы Зияда апай Алматыда киім тігіп, нанын әзер тапты. Сондай ауыр күндерде Хұсни-Жамал кешқұрым уақытта Зияда туысының паналап отырған қуықтай үйіне қаңғалақтап келетін. Қартайған Хұсни-Жамал көзге түрткі. Таныстар сырт айналып кетті. Жәңгір ханның ақсүйектік тәрбиесін көрген, Астрахань губернаторымен тартысып-таласа жүріп, Бөкей Ордасында қазақ қыздары үшін мектеп ашқан Хұсни Жамал... Елеусін Бұйрин, Ғұмар Қараш, Бақытжан Қаратаев шығарған “Қазақстан” газетін қолжазба күйінде Оралдан жасырып алып келіп Астраханьда тұратын туған ағасы Сейіткерейдің үйіне тығып, баспаханадан газет бастырып жүрген Хұсни-Жамал... Сейіткерей – Астраханьдағы дәулетті

байлардың бірі, осындағы қалмақ базарының қожасы болғандықтан, оның үйін тінтуге жандармерияның батылы бармаса керек. Дегенмен, Хұсни-Жамалдың соңына Астрахань мен Орынбор жандармериясы құпия аңду қойды.

Шахзададай қайратты да білімді қыздың анасы Хұсни-Жамал көшеде қаңғып қалып, 1945 жылы Алматыда көз жұмды. Аштан өлді деген де сөз бар. Оралда да қуғын-сүргінге ұшырап жатқан төрелеріне кете алмай Алматыны қимай жүргені, бәлкім Шахзадасынан бір хабар болып қалар деген ана көкірегінің үміті болар.

Шахзаданың арғы тегіндегі кінәраты – хан ұрпағы болғаны үшін үш жоғары оқу орнынан қуылып, үнемі іскерлігін, білімін дәлелдеумен арпалыста жүрді. Соңғы қызметі – оқу комиссариатында мектепке дейінгі тәрбие жұмыстарының әдістемелік-ұйымдастыру жағы. Қарғыс атқан 1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылдың 9 наурызында қазақтың арыстарымен бірге атылды. Оқу комиссары Темірбек Жүргеновпен бір командада болғаны үшін...38-дің наурызы ұлттық элитаның жүрегіне ауыр қанжар қадалған күн. Содан бері елдің маңдайына дәл осылардай ұйымдасқан ұлтжанды элита жазылмады. Қазақ қоғамының өзегі құлады. Қазіргі кезде өздерін қазақ қоғамының қаймағы санайтындар ұлтқа қатысты принципті мәселелерде еркектік мінез көрсете алмай, құлдан туғанның қылығын жасағанын көргенде, еріксіз 37-де құртылған қазақ элитасы еске түседі. Қазір көкірегінде саңлауы бар екі қазақтың бірі “көшбасшы топ ұлт келешегі үшін бастаған әрекетін, мақсаттарын орындап кеткенде, қоғам басқаша қалыптасып, адами құндылықтармен өмір сүрер еді. Ел-жұрттан ұялмай-ақ екі сөйлейтін жағымпаздар мен қарақан басының қамы үшін отанын сатып жіберуге дайын тұрғандар қатары қазіргідей көп болмас еді” дейді. Және де осындай сөз шеттетілген қазақ қоғамында жиі-жиі айтыла бастады.

Әдебиеттер:

1. Бектас Г. Аспанға жазам сенің есіміңді! Айқын ақпарат. Наурыз 7, 2020 ж. <https://aikyn.kz/26469/aspangha-zhazam-sening-esimingdi/>

2. Сүлейменова Д. "Бөкей Ордасынан Шыққан Ұстаз –Хүсни-Жамал Зұлқарнайқызы". - «Шежіре тұнған құт мекен» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Хан ордасы: 2016, 154-161 б.
3. ҚР.ҚКОМ. Т1. Іс №06007., 106 п
4. ҚР мемлекеттік архиві, қор. 502, 1 тіркеу, 03-іс, 17-бет

УДК 32.119.5 (574)

АХМЕТ МӘМЕТҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ САЯСИ- ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

Зинуллина Н.М.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: nurmira_99kz@mail.ru

Барлығымыз басымыздан кешіріп отырған бүгінгі қоғам тағдырындағы сындарлы сағаттар нар тұлғалардың тарих сахнасына шығуына оңтайлы жағдай туғызады. Қазақ даласы бүгінгі індет сынды талай нәубеттің, тағдырдың тепкісінің және соған сәйкес сын сағатта бой көрсеткен талай дара тұлғалардың куәгері.

Зерттеу тақырыбымызға арқау болып отырған қоғам қайраткері Ахмет (Ахметғали) Мәметов те қазақ даласындағы эпидемиялармен, індеттермен және аштық зардаптарымен күрескен белгілі қайраткер. Зерттеу объектісінің ұжымдастыру жылдарындағы солақай саясаттан зардап шеккен халыққа төнген індеттермен түрлі медициналық ведомстволардың басқарушылық мінберінен күрес жүргізген бірден бір қазақ азаматы болуы тұлғаның ықпалдылығын арттыра түседі.

Зерттеу объектісін ерекше назарға алуымызға тағы бір себепкер болған пункт – Ахмет Маметовтың саналы ғұмырында қазақтың ұлттық интеллегенция өкілдерінің идеясымен өмір сүруі болып табылады. Тұлғаның өмірінің қай кезеңінде болмасын қазақтың ұлттық мүддесі жөнінде пікірі әрдайым таптық мүддеден артық тұрғандығын назарлауымыз қайраткердің

қылған қызметінен бөлек қаламынан тамған еңбектерді де бақылауға алуымызға қажеттілікті тудыруда. Сонымен қоса, қайраткер өмірінің қай кезеңінде болмасын Алашшыл айыбымен тепкі-теперіш көрген. Бұл факт біздің алдымызға зерттеу объектісінің идеяларын ашудың қажеттілігін туындатып отыр.

Бүгінгі мақаламыздың да басты мақсаты Ахмет Маметов мырзаның шығармаларын саралай келе өмірлік жолында басшылыққа алған идеяларын ашып, қоғам игілігіне сіңірген еңбегінің негізгі түпкі мақсатын сараптайтын боламыз.

Ахмет Мамытұлының (еңбектеріндегі аты-жөні) тырнақалды туындысы 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтердің баспаханасынан «Кеңес» деген атпен басып шығарылады. Толық 31 беттен тұратын туындыны автор: *«Заманның түріне қарап әрбір ұлттар алға қарап ұмтылуда және һәм сол айтқан жігерлерінің арқасында күннен күнге ғылым, өнерлері де алға қарап жүріп бара жатыр. Енді біздің қазақтарға қарасақ тіпті басқа, аман баяғы надандық, жалқаулық жақтарын қуаттай береді. Бірен-саран ішімізден туралыққа, ғылымға қарай үндеушілер болса, оған жан-тәндерімен дұшпандықтарын арттыра береді. Ғылымға бір де махаббаттары жоқ, жоқ болуының белгісі «балаларыңызды оқуға беріңіз, надан қоймаңыз, оқытып кісі қылмақтық – сізге міндет» деп айтылса, сондағы беретұғын жауаптар: «Менің балам оқып указ яки басқа әкім-хакім болмай-ақ қойсын. Біздің ата-бабаларымыз оқусыз-ақ күн көріп жүрген. Сонда да оқыған кісілерден кем болған жоқ. Солардай болса жарар, артығы керек емес» деп жауап береді. Өздерінің ойларында ғылым деген нәрсе указдық яки әкімдік үшін керек деп ойлайды. Қашан бұл әдеттер жойылмайынша қазақ ғылым өнерлердің тігісінен тарауы бек қиындар», - деген кіріспемен бастайды[1]. Кіріспеден-ақ сол кезеңде небары 17 жаста болған авторды елдің әлеуметтік жағдайы мен қоғамның білім-ғылым үйренуге деген менталдық көзқарастары мазалағандығын байқауға болады. Қазақ қоғамында қай кезеңде де орасан проблемаларға себепкер болып отырған өмір-салты, шаруашылық жүргүзі әдістерінің ғылымға бағытталмай сауатсыз негізде жүргілуін сол кезеңнің өзінде жете түсініп, әділетті сынын білдіреді.*

Автордың бұл кезеңдегі шығармалары халықты ілім-білім жинауға, өнер-ғылым үйренуге насихаттауға бағытталған. Ауқатты шаруалардың қазақ баласын білім ордаларына аттандыруға үндеген:

*Малыңыз кетсе-дағы бақыт кетпей,
Жақсылық ерер еді жандарыңа.*

Қайраткердің жинақтағы тағы бір туындысы көңіл аударуға тұрарлық:

*Қазағым, алға қарап аяғың бас,
Өнерсіз надандықтан аулаққа қаш.
Өнерлі адамдардан ал гибрат,
Халықпен қатар бірге аяғың бас.
Қозғалып тұр қияға жылдамырақ,
Жолында ғылымдықтың дәулетің шаш.
Аямай дәйлетіңді етсең сарп
Боларсың надандарға бір күні бас.
Жолына сарп етпесең дәулетіңді,
Мысалы боларсың бір қара тас.
Мұнан соғ өзің болып қарап тұрма,
Үйретіп білмегенге ғылымың шаш[2].*

Аталған өлең жолдарынан автордың идеялық концепциясы Алаш қайраткерлері М. Дулатовпен «Оян Қазақ» (1909 ж.), А. Байтұрсынұлымен «Маса» (1911 ж.) үндес екендігін байқаймыз. Осы кезеңдерде Ахмет Мамытұлының Ұлттық интеллегенция өкілдерімен біте қайнасып, қызметтес, тілектес, ниеттес болғандығын байқаймыз. Өмірінің осы кезеңінде Ахмет Мамытұлының Алаш қозғалысының белді мүшесі болып, аймақтарда халық ағарту қызметтерімен айналысып, болашақ ұлттық қозғалыстың ұйымдастыру жұмыстарына белсене қатынасқан.

... Бұл жылдары Алаш қозғалысына үн қосты. 1916 жылы дүрбелеңі тұсында босқыншылыққа ұшыраған қырғыз еліне көмекберу жөнінде Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ж. Жәнібековтермен бірге 1917 жылы маусымда «Қазақ» газетінде қазақ еліне үндеу тастады, І-Бүкілресей Мұсылмандар съезіне қатысқан бір топ зиялының Жалпықазақ съезін Ташкент қаласында өткізу, Алаш автономиясына Түркістан өңірін қосу

туралы ойын қостады» - деп ғалым Мақсат Тәж-Мұрат А. Мамытұлының биографиясының осы кезеңін сипаттайды[3]. Яғни, бұл жолдардан айқын түсінетініміз Ахмет Мамытұлы Алашорда қайраткерлерінің ұлттық мемлекет құру, қазақ жерінде өмір сүретін басқа түркі тілдес халықтарды Алаш идеясының астына топтастыруды жүзеге асыруға ниеттес болуымен қатар белді ұйымдастырушысы болғандығы. Қайраткер биографиясының көрнекті тұстарының бірі 1919 жылдың 10 қаңтарынан бастап Батыс Алашорданың тұңғыш тәуелсіз қазақ газетінің шығарылуы Ахмет Мамытұлының мұрындық болуымен жүзеге асырылуы [4]. Газет «Еркін Қазақ» деп аталып, Ойыл өңірінде жарық көреді. Бөкейлік баласы бүркеншек атымен туындысын жариялаған А. Мамытұлы өзінің елге арнаған сүйіншісімен бірге туындыда өзінің саяси-әлеуметтік мотивін де түсіндіріп өтеді:

*Еркелеп «Еркін Қазақ» алашына.
Жайылған Сарыарқаның даласына
Жер-жерге сәлем беріп таралуға тұр –
Жалықпай, жалпы қазақ арасына.
Тарамай ел ішіне жеті сайын.
Қолға алып заманның түрлі жайын.
Алаштың ар-намысын тұтқан жолы –
Алалап айырмастан жарлы, байын.
Ағарту, алғысы біреу алаш аян
Көрсетіп келіспеген кейбір жерін
Көз, құлақ алашыма боламын деп.
Белсеніп шықты белін буып Баян.
Орынды жалтақтамай айтар сөзін.
Көтермес еш адамның көріп көзін
Жағыну, жалбақтауға үйір болмай
Танытар ашық сөзбен халыққа өзін –[5]*

деген жолдармен өзі мүше Алашорда үкіметі халықты ағартуды, жарлының да, байдың да қамын қатар жеуді, сыртқы күштерге жалтақтамай жалпы қазақтың мәселесін шешуді мақсат қылып қойғандығын айтып өтеді.

Кеңес күштерінің Алашорда үкіметін күштеп таратуы А. Мамытұлының өмірінде де бірталай өзгерістер орын алуына

себепкер болды. 1921 жылы солшыл партиялар мен алашордашыларды қудалау науқанына ілігіп, қызметінен босатылады. Сол себепті өмірінің жаңа векторы есебінде ғылымға терең бойлап, елге пайдалы болатын ғылым саласын меңгеріп, елге қызметін қайта жандандырады. 1922 жылы Саратов жұмысшы факультетінің тыңдаушысы болып қабылданып, 1927 жылы медицина факультетін тәмамдап шығады[6]. Осы жылдан бастап жұқпалы аурулар тараған Маңғыстау өңіріне сапарынан қайраткердің дәрігерлік қызметі басталады. Дәрігерлік қызметін атқарып жүріп қазақ даласында зор қоғамдық жұмыспен де айналысады. Сол кезеңдерде жазған еңбектерінен А. Мамытұлының профессионалдық деңгейін, қоғамдық көзқарастарын, саяси позициясын, ұлтжандылық деңгейін бақылай аламыз.

Дәрігерлік қызметі кезеңінде жазылған еңбектерінің көпшілігі ҚР Ұлттық Кітапханасының қорында сақтаулы болғандықтан оларды зерделеудің мүмкіндігі туды. «Денсаулық жолында» [7], «Трахома» [8], «Соқырлық себептері» [9], «Теңге қотыры мен Соз» [10], «Теңге қотырдан сақтану жолдары» [11], «Әйелдерге кеңес» [12], аударылған «Балалар денсаулығын сақта!» [13] сынды кең көлемді еңбектері, жұқпалы аурулар мен жеке бас гигиенасына қатысты көптеген мақалаларын зерделей келе А. Мамытұлының сол кездердегі негізгі басты мақсаты жалпы қазақ қоғамының сау-саламаттығы, денінің және ойының саулығы болғандығына көз жеткіземіз. Олай дейтініміз еңбектерінің барлығы халықтың проблемасына айналған эпидемиялық аурулардың симптомдары, оларды алдын алу, емдеу және гигиеналық тазалық турасында халықты ағартуға бағытталған. Әрбір еңбегі қарапайым тілде, қара халыққа түсінікті түрде жазылған. Тіпті медициналық терминологияның өзі қазақы тілге бұрмаланып жазылыпты. Трахома – Тырақома [8], микроб – мекіроп, микроскоп – мекіроскоп, сифилис – теңге қотыр, градус – гирәдүс (гирәдүсниік), опухоль – ұра, дифтерит – қырылдақ, брюшной тиф – іш кезігі [7] т.б. терминдер қазақшаға тәржімаланғанымен қоса, анық түрде аурулардың не себепті туындайтындығын, оның алдын алу және емдеу үшін не істеу керектігін өте қарапайым түрде түсіндірілген.

Алашорда үкіметі таратылған кезеңнен кейін ұлттық интеллегенция өкілдерінің кеңестік ведомстволарда болса да халықты ағартуға ден қойған тенденцияны тарихтан білеміз. Сол тенденцияға Ахмет Мамытұлы да ілесіп, кеңестік Қызылорда, кейін Алматыдағы денсаулық сақтау ведомстволарында басшылық қызметтерімен айналысады. Сол кезеңдерде өз еңбектерін «Жаңа мектеп» журналы, «Еңбекші қазақ» газеті беттерінде жариялап отырады. Білік тоталитарлық үкімет қолында болғандықтан ақынның мақалаларында қазақ даласындағы оң өзгерістерге кеңестік үкіметтің себебі болды деген жолдарды кезіктіруге болады. Алайда ақынның қай мақаласында болмасын қазақтың емі, әлеуметтік жағдайы кеңестерге жылы сөзден артық тұрғандығын көре аламыз.

«Оқушылар, бетіңді ауылға бұр!» мақаласы қалада оқып жүрген қазақ жастарының ауылға оралып, елге пайда тигізер шаруалармен айналысуына үндейді. Қазақтың шаруалы азаматтарының да аталған игі іске қатынасуына шақырады [14]. «Бұл кімнің міндеті» мақаласында жұқпалы аурулармен ауыратын қазақ жеріндегі тіркелген жандардың статистикасы айқын көрсетіледі. Қалада да, далада да денсаулық үйірмелерін ашып, халықты ағарту және емдеу жұмыстарымен айналысуға шақырады [15]. «Бізге де уақыт» мақаласымен қазақтың бейқам жатпай, аурудан емді әулие-әнбиелерге барып сұрамай, ғылыми әдістерге жүгінулерін насихаттайды [16].

А. Мамытұлының тағы бір ерекше назар аудартарлық еңбегі «Егін өсіру жолдары» және «Өсімдік һәм олардың өмірі» Л.Л. Бессер мен А.А. Зубрилиннің еңбектерінің аудармасы. Аударма өте сауатты түрде, А. Мамытұлының еңбектеріне тән қарапайым тілмен жазылған. Еңбектерде суды жинаудың, сақтаудың, топырақ құрамының, суармалы егіншілік шаруашылығының қыр сыры толық қамтылған. Сонымен қоса, қазақ жерінде өсуге қолайлы өсімдіктер туралы да баяндалған. Егіншілік турасындағы еңбегіне алғы сөзді Ә. Бөкейханов өзі жазып:

«Өмір заңы, өмір салты талас, әдіс тартыс. Шаруа сақтауға келе жатқан шөл жойқынға қарсы амал, әдіс қылу керек, - деп пікір қалдырыпты [17].

Қорыта келе, мақаламызға арқау болып отырған қайраткердің ғұмыр жолында қазақ халқының саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайы әрдайым алғашқы орында тұрғандығын, саналы ғұмырының қай кезеңінде де ұлтының мүддесі мен өз принциптерінен аттамағандығын назарлай аламыз. Сол кезеңдегі озық ойлы азаматтармен иық тіресе қызметтес болып, ұлттық үкіметтің жаршысы болатын баспасөз беттерінде, кейін қазақ даласын жайлаған жұқпалы індеттермен күресе, түрлі ведомстволарды басқара отырып өзінің ерен тұлға екендігін айқындай түсті. Қарапайым кедей шаруаның отбасында дүниеге келіп, ілім-ғылым жиып, елін ілім-ғылымға баулыған қазақтың майталман ұлы шығыстың қос аруының бірі болған, қазақтың бағына туған Мәншүк Мәметованы да тәрбиелеуі қайраткер тұлғаға салмақ қосады. Әкесінің елі үшін еткен еңбегін ақтау мақсатын ғана көздеген Мәншүк Ахметқызы, соғысқа аттанып, әкесінің атын қазақ тарихына ойып қалдырып кетті. Осы ретте Ахмет Мамытұлының есімі тек аймақтық деңгейде ғана емес мемлекеттік деңгейде көтерілуі керектігі тарихқа берген адал баға болар еді деп пайымдаймыз.

Әдебиеттер:

- 1 *А. Мамытұлы. «Кеңес» өлеңдер жинағы. Қазан қ. 1912 ж.*
- 2 *А. Мамытұлы. «Сөз басы» / Ағайынды Кәрімовтер баспасы. 1913.*
- 3 *Тәж-Мұрат Мақсат. Батыс Алаш Орда (библиографиялық сөздік тәжірибесі). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2003.*
- 4 *Қ. Сүндетұлы. Ахмет Мәметов және большевизмге қарсы күрескен газет / Дана журналы, №6-7. 2014 ж.*
- 5 *А. Мамытұлы. Шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар. Астана. 2018*
- 6 *Атылған журналистер. Орал өңірі газеті. 30 мамыр 2013 ж.*
- 7 *А. Мамытұлы. Денсаулық жолында. Қазақстан баспасы. 1930 ж.* /
url: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1523942&simple=true&lang=kk#>
- 8 *А. Мамытұлы. Трахома (көз ауруы). Қазақстан баспасы. 1935 ж.* /

url: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1523987&simple=true&lang=kk#>

9 А. Мамытұлы. Соқырлық себептері. Қазақстан баспасы. 1931 ж. /

url: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1524044&simple=true&lang=kk#>

10 А. Мамытұлы. Теңге қотыры мен Соз. Қазақстан баспасы. 1926 ж. /

url: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1517559&simple=true&lang=kk#>

11 А. Мамытұлы. Теңге қотырдан сақтану жолдары. Қазақстан баспасы. 1929 ж. / *url: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1535049&lang=kk>*

12 А. Мамытұлы. Әйелдерге кеңес. Қазақстан баспасы. 1932 ж. / *url: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1527514&simple=true&lang=kk#>*

13 А. Мамытұлы. Балалар денсаулығын сақта! Қазақстан баспасы. 1935 ж. /

url: <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1524036&lang=kk>

14 А. Мамытұлы. Оқушылар, бетіңді ауылға бұр! «Еңбекші Қазақ» газеті. №329. 1925 ж.

15 А. Мамытұлы. Бұл кімнің міндеті. «Еңбекші Қазақ» газеті. №353. 1925 ж.

16 А. Мамытұлы. Бізге де уақыт. «Еңбекші Қазақ» газеті. №351. 1925 ж.

17 Л.Л. Бессер. Егін өсіру жолдары. Аударушы А. Мамытұлы / КСРО халықтарының кіндік баспасы. М. 1924 ж.

ЖАҢАҚАЛА АУДАНЫНАН ШЫҚҚАН ТҮЛГАЛАР

Хайруллин А.С.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: khairullin1988@inbox.ru

Жаңақала өңірі қазір ел аузында ақиық алыптар мен жайсаң жандардың мекені деп орынды аталады. Тарих толқынына көз жіберсек бұл өлке өмірге ұлы күйшілер Құрманғазы мен Динаны, азулы ақындар Өтебай мен Білекті, терлігі құрғамай ақырып теңдік сұраған Исатай мен Махамбетті берді. Жаңақала топырағы талай-талай топ жарған тарландарды, камал бұзған батырларды, аузымен құс тістеген шешендерді арқалы ақындар мен құдіретті күйшілерді, дәулескер домбырашыларды дүниеге әкелді.

Көкжалды Құрманғазыдан бастап, бүгін бал бармақ домбырашыларға дейін аруақты даламызды дүбірлетіп қаншама саңлақтар өтті десеңші. Солардың бірі де бірегейі де Қали баба, Қали Жантілеуов, Жарық дүниеде тоқсан жылдан астам ғұмыр кешіп, сол өмірінің саналы жылдарының бәрін өнерге, халқының рухани игілігіне арнаған Қали баба шын мәнінде бақытты жан болды. Өнерге біржола ден қойған Қалекен өңіріндегі Тонғанбай, Жұматай, Төлепберген, Мекетай сынды бірінен-бірі өткен домбырашылардан Құрманғазының көптеген күйлерін үйренеді. Сонау қалың мал заманын да теңіне қосыла алмай қайғыдан құса болып, малдың құнына кеткен Қаражан сұлудың қапалы көңілін білдіретін Мәменнің «Қаражан ханым» деп аталатын қапалы күйін Қалекен өзінің әбден толысқан, кемел шағында керемет сұңғылалықпен, адамның ішкі шер-мұңын шымырлата сыртқа шығарып тартады екен. Қалекен үшін өткен ғасырдың отызыншы жылдарының бас кезі өнерде жолы ашылған, өмірінің бір шуақты жылдары болды. Маусымның 14-ші жұлдызында драма театрының сахнасында небір жайсандар жарқылдап, қайындай бұралып, ән қалықтатып, күй төкті. Осы байқау елден келген Қалекеннің бағын жандырды. Жанары шоқтай қызарып, аққұба жүзі нұрланып, қияға ұшқалы тұрған қыранға ұлы Ақан, Ахмет

Жұбанов дем берді. Кейін академик А.Жұбанов « Қали борандатқан, тез екпінді күйлердің орындаушысы. « Адай », «Терісқақпай» сияқты күйлерді әлі күнге шейін Қалидың өзіндей ешкімде де тарта алмайды, десек өтірікші болмаймыз.Қалекен Құрманғазы атындағы консерваторияның домбыра класының тұңғыш мұғалімі.Осынау білім ордасында қызмет атқарған жылдарында Қалекен талай қырандардың топшысын қатайтты. Бұл күндері әрқайсысы қазақ өнерінің дара тұлғаларына айналған Н.Тілендиев , Ш.Қажығалиев, Е. Рахмадиев, Ә.Есқалиев, Қ.Ахмедияров, А.Тоқтағанов, Т.Шәмелов, Ш.Әбілтаевтар Қалекеннен дәріс алып, тәлім тәрбиесін көрді. 2002 жылдың мамыр айының басында дүлдүл домбырашының 100 жылдық тойы Алматы қаласында, өзінің алтын ұясы Құрманғазы атындағы академиялық –халық аспаптар оркестірінің үлкен концертімен басталды. Қалекен арналған кешті ашқан КСРО халық артисі, ақиық азамат Ерғали Рахмадиев талғамды ойларын ортаға салып, ұлы Қалекенге ұлағатты сөзін арнады. Қалекен жөнінде – «Күйші Қали» атты жинақ жарық көрді. Бұл күндері Қали бабамыз атындағы саз мектебі және аудандық мәдениет үйі алдында, күйші кесенесіне күй алыбының ескерткіштері бой көтерді. Мәңгілік мазары заманауи талабына сәйкес жаңартылды. Қалекен –мәңгілік тұлға. Қазақ жұрты , қазақ өнері барда Қалекен де жасай бермек. Ал қазақ жұрты, қазақ өнері ыдүние тұрғанша тұра береріне күмән жоқ.

Қоғамға, өмірге жаңашыл көзбен қарасақ қазақтың ең соңғы және өркениетті ханы Жәңгір де осы аймақты билеген.Қазақта тұңғыш рет мектеп ашқан, генерал атағын алып, Қазан университетінің құрметті профессоры атанған, бірнеше тілді меңгерген Жәңгір хан елін жақсылыққа, ілім- білімге бағыттаған қайраткерлердің бірі.Осы өлкеден дәулескер домбырашылар Мәмен, Қали, Оқаптардың шыққанын, қазақ өнерін дүние жүзіне танытқан Шамғон сынды шандоздың, Тұяқ Шәмелов сияқты сан қырлы талант иесінің Жаңақала өңірінен екенін жерлестері әрдайым мақтан етеді. Өткен ғасырдың алғашқы оң жылдығында аудан көлемінде Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан қайраткерлердің есімдері ұрпақ жадына тарих тақтасында қалды. Көрнекті мемлекет қайраткерлері С.Меңдешов, Н.Залиевтер осы

өңірге жаңа өмір орнату жолында белсенді еңбек етсе, Б.Қарменов, Л.Бектілеуов, Ж.Үмбеталиев, Д.Демесінов, Т.Қиламбеков сынды жерлестеріміз ақ гвардияшылармен қарумен айқасты.

Киелі де қасиетті өлкеден көптеген мемлекет қайраткерлері ұлы өмірге қанат қақты. Атақты М.Бутин, Ғ.Шоланов, І. Еділбаев, А.Дауылбаев, Х. Бақауов, Қ.Байғанин сынды ірі қоғам және мемлекет қайраткерлері де Жаңақала түлектері.

Тарихқа Ұлы Отан соғысы деген атаумен енген неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте Отанын жанқиярлықпен қорғаған ер жүрек Жаңақалалықтардың есімдері ешуақытта ұмтылмақ емес. Жаңақалалық жауынгерлер Б.Шайхимов, Ә.Молдағалиев, Қ.Бектасов, М.Жаданов, Т.Сертеков, М.Мирманов, Қ.Сәркенов, Т.Жетпісов, К.Ешкалиев, Н.Тілепов, Х.Ғабдушев, Н.Тілепбергенов, Е.Исмурзин, тағы басқаларының да ерлік майдан шежіресіне мәңгілік жазылады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс фашист басқыншыларына қарсы ұрыста жаңақалалық жауынгерлер де ерлікпен шайқасты. Соғыс жаңақалалықтарға да қайғы –қасірет әкеліп, қаншама жүректерге жазылмас жара салды. Майданға Жаңақала өңірінен 4000-нан астам боздақ аттанса, соның тең жартысына жуығы оралған жоқ. Жауға қарсы бір үйден бірнеше адам аттанып, қаншама жастың желегі түспеген жары жесір қалды десеңші. Ұмтыл ауылындағы Хайруллиндер әулетінен ағайынды Ғазез, Мажит, уыздай жас жігіттер Никас Қалышев, Қайырғали Есжанов соғыс басталған күннің ертесіне майданға аттанды. Буденный атындағы ұжымшардың мүшесі Х.Жақашева әжей Жангерей, Хангерей, Әділгерей, Сәлімгерей атты төрт ұлын майданға өз қолымен аттандырды. Майданға аттанған ағайынды Әділ, Сафи, Салық, Баденттерден ең кішісі Бадент қана елге жараланып оралып, қалған үшеуі ерліпен қаза тапты. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы ұрыста А.Ахметов, Ә.Молдағалиев, Н.Қалышев, Ә.Мұқтаров, Х.Ғабдуллин, Т.Сертеков, Қ. Сәркенов, Қ.Досанов, М.Жаданов, Қ.Жәрдемөв, С.Сапаров, Қ.Бектасов, Х.Жумин, Т.Жақыпов, Х.Әбуғалиева, С.Айтқұлов, С.Жақсығұлов, М.Жүнісов, Е. Орақбаев, Б.Шайхимов, сынды жүздеген жерлестеріміз ерлікпен шайқасты. Осылардың ішінен С.Айтқұлов,

С. Жақсығұлов, М. Жүнісов, Е. Орақбаев Кеңес Одағы батыры атағына ие болды. Сондай-ақ, С.Ахмедияров, Д. Қаражумин, М.Мұстафин сынды жерлестеріміз жау тылына ерлік көрсетті. Ауданнан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, кезінде «Қазақстанның ақсақалы» атанған С.Меңдешевтен бастап көптеген дарынды адамдар шықты. Олар: Ахмет Дауылбаев-қаржы, ауыл шаруашылығы министрі, М.Сапағалиев – Қазақ КСР МИнистрлер Кеңес төрағасының орынбасары, кейін министр, заң ғылымының докторы, Махбуза Нұрымбаева – Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Мәжкен Бутин-Қазақ КСР тамақ өнеркәсібінің министрі, экономика ғылымының докторы, Ғабдолла Шоланов-Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, М.Құлманов-медицина ғылымының докторы, Хамит Маданов-тарих ғылымының докторы, Әбілхамит Нарымбетов-филология ғылымының докторы, т.б. Сонымен бірге І.Еділбаев, Х.Бақауов, А.Жұбанов, Е.Өтеуов, С.Жаданов сияқты қайраткерлер шықты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл еңбеккерлері де жанқиярлықпен еңбек етіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға зор үлес қосты. Сол жылдары ауданды М.Дайыров, Қ.Баймұханбетов, Ниязғалиева, Д.Ақмурзин, Б.Уәлиев деген адамдар басқарып, халықты ортақ іске жұмылдыруда көп істер атқарды. Тыл еңбеккерлері майданға азық-түлік, киім кешек жіберді. Сондай-ақ, майдан қажеті үшін трактор, автомобиль, жылқы жіберуді ұйымдастырды. Ауданның Буденный, Ворошилов атындағы ұжымшарлары мен «Пятимар» жылқы зауытынан жылқы іріктеліп алынды. Тек «Пятимар» жылқы зауытынан 2000-ға жуық соғыс қажеті үшін жіберілді. Буденный атындағы ұжымшардың мүшесі Кадырова Ақбөпе «Батыс Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасақтауға 60 мың сом ақша беріп, Бас қолбасшыдан алғыс алды, Аудан еңбеккерлері осы бастаманы қызу қолдап, «Батыс Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасауға 1020 мың сом ақша, 300 мың пұт астық жинап берді. Осындай жанқиярлық еңбек жоғары бағаланып, қоғамдық мал шаруашылығын дамытуға жетістіктері үшін аудан 1944 жылы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туына

жеңіп алды. Мал шаруашылығын дамытуды шебер ұйымдастырып және осы салада қажырлы еңбек еткен Л.Имашев, Е.Құтқожин, Ж.Иманғалиева, М.Беркітов, Д.Суханов, Ғ.Майхин, Қ.Темірғалиев, Ш.Ізбасаров, А.Жантөрин, Ш.Шалиевтер, Отанның ең жоғары наградасы Ленин Орденімен марапатталды. Ал М.Мирманов, Б.Кенжеғұлов, Т.Жұмағұлов, Н.Ақыналиев, Н.Қалиев, Қ.Жанарыстанов, Ә.Меңдібаев, Ж.Баймұханова, Ж.Әсепенбетов, А.Бисалиев, А.Үмбеталиев, Қ.Шәкімов, М.Қадырғалиев секілді еңбек өрендері Социалистік Еңбек Ері деген ең жоғарғы атаққа ие болып, Ленин ордені мен Орақ пен Балға Алтын медалімен марапатталған. Соғыстан кейін ауданда білім, мәдениет, денсаулық, басқа да салалар орасан зор қарқынмен дамыды. Соның ішінде экономиканың қайнар көзі-мал шаруашылығының өркендетуге жеке мән берілді. 1962 жылы аудан ажыратылғанда ауданның 8 ұжымшарына 27468 ірі қара, 275546 қой, 11683 бас жылқы, 2531 түйе малы болған. Ал 1952 жылы ауданда 3 клуб, 6 кітапхана, 5 қызыл отау, 2 тұрақты киноқондырғы, 1 аурухана, 1 санитарлық-эпидемиологиялық станса, 3 дәрігерлік участок, 11 фельдшерлік пункт жұмыс істеген. Еліміздегі тың игеру жылдары бірқатар еңбек адамдарын елге танымал етіп қана қоймай ауыл шаруашылығын жаңа технологиямен жабдықтауға да ықпал етті. Осы жылдарда А.Сариев, Д.Сұпығалиев, Қ.Нәубетов, Т.Қадыралиевтермен бірге Қ. Шоқабаева, С.Ниетқалиева, Б.Кареева, З.Ниханова сынды механизатор әйелдердің есімдері елге танымал болды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазастанды бәсекеге қабілетті, дамыған 50 елдің қатарына қосу үшін бар күш –жігерін жұмсап жүрсе оған ұлтжанды елдің ұлтарактай бір бөлігі Жаңақала ауданының еңбеккерлері де өз үлестерін қосатынына сенім мол.

Әдебиеттер:

1. Мерғалиев Т.Т. Жаңақала ауданының тарихи-танымдық анықтамалығы. - Орал, 2009. - 14-176
2. З.С. Жүсіпқалиұлы. Қамыс-Самар-Жаңақала Штом. - Уральск: изд. «Полиграфсервис», 2018. - 457-458 б
3. З.Сисенғали. Тоқсанның төрінде Жаңақала. – Уральск: изд. «Полиграфсервис», 175-178б

4.3. Сисенғали, Т. Жанболатов. Жаңақала ауданы-Алматы: «Арыс» баспасы, 2016.-19-20 б

5.3. С. Жүсіпқалиұлы. Қамыс-Самар-Жаңақала I том.- Уральск: изд. «Полиграфсервис», 2018.-579-581 б

УДК 323.2 (574.1)

СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПЕДАГОГТАР

Зулкарова Т.Н.

М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: tursnai_93@mail.ru

Қазіргі кезеңде заман талабына сай ұлт тарихының ұлттық сана мен ұлттық рухты жоғары деңгейде дамытуға қызмет көрсетуі заңдылыққа айналып отыр. Ұлттың бірегейлігі мен біртұтас келбетін сомдайтын тарих ғылымы болып табылады. Сондықтан да, тарихшылардың тарих алдында уақыт арқалатқан жауапкершілігі зор. Ұрпақ арасындағы білім мен біліктілікке негізделген тарихи сабақтастықты жалғастыру және дамыту арқылы ұлттың рухы биіктей түседі. Кеңестік қоғам тұсындағы ұлт мүддесінің аяқ асты болған тұстарын объективті түрде зерттеп, шынайы зерделеу, тәуелсіздік жылдарында қазақ зерттеушілерінің басты нысанына айналды. Өйткені, кеңестік кезеңде қазақ халқының қайғы-қасіретке толы болған тарих беттерін ашуға мүмкіндік болған жоқ.

XX ғасырдың бірінші жартысында жазықсыз қудаланған қазақстандық зиялы қауымның тағдыры кеңестік кезеңде айтылмады және жазылмады, оның себебі қазіргі уақытта баршамызға мәлім. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін бұл мәселені зерттеу қолға алынды, алайда әлі де зерттеуді қажет етеді. XX ғасырдың басындағы қуғын-сүргін шаралары ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген зиялылар үшін өте ауыр болып, олар рухани жағынан адам айтып түсіндіре алмас зардап шекті.

Ең алғашқы кезекте социалистік бастамаларға қарсы бағыттаған кез-келген сыни көзқарастарды жоюға қарсы бағытталған қатал жазалау шаралары жүзеге асырылды. Елге танымал көптеген қазақ ғалымдары мен зиялылары кеңестік құрылыстың жауларына айналды. Қабілетті ұлт өкілдері «ұлтшылдық», «панисламшылдық» және партияның «келіспеушілігі» үшін айыптап, қудалау кеңес үкіметінің бүкіл өмір сүрген жылдарында жалғасын тапты.

Қазіргі кезде ұлт зиялыларының тәуелсіздік жолындағы күресі мен қызметінің мәнін ашу, оның ортасындағы сабақтастықты көрсету тарихи таным үшін маңызды болып табылады [1; 5 б.]

1937-1938 жылдары Қазақстанда жүз мыңнан астам адам сотталып, олардың жиырма бес мыңы түрлі желеумен ешқандай сотсыз-тергеусіз атылған. Солардың арасында педагогтер қауымының көптеген өкілі, білім беру жүйесінің ұйымдастырушылары мен жетекшілері, мектеп, медресе ұстаздары, жоғары оқу орындарының оқытушылары болған». Қуғынға ұшырағандар қатарында біздің Батыс Қазақстан өңірінің педагогтары жетерлік.

Облыстық архив құжаттарында 1937 жылы Тайпақ ауданының мұғалімдері кезінде Алаш Орда үкіметін қолдағаны үшін жұмыстан босатылған. А.Муслажанов байдың ұлы, ұлтшыл болғандығы және аттесттау кезінде Алаш Орда үкіметімен байланысы болғандығын жасырған, Башенов мұғалім- Алаш Орда үкіметінің әскері қатарында болған, оқушыларға антисоветтік тәрбие берген, К.Есенбаев мұғалім болуға дайындығы жоқ, Алаш Орда үкіметінің құрамында белсенді үгіттеуші болып жұмыс жасаған, Қ.Айтжанов бастауыш мектеп мұғалімі, Алаш Орда үкіметі құрамында болған, колхозшылар арасында теріс үндеу таратқан деп түрлі айыптаулар тағылып, жұмыстан босатылған [2; 124 п.].

Сонымен қатар, облыстық партия комитеті мектеп бөлімдері және облыстық ағарту бөлімінің меңгерушілеріне өте құпия хат жіберген. Хатта бірнеше мұғалімдердің есімдері берілген. Хатта ағарту саласында кезіндегі Алаш Орданың белсенділері, бұрынғы

молдалар бар. Олар біздің арамызда жүрген «Халық жаулары», біз оларға мұқият болуымыз және жұмыстан алу керек делінген.

Олар Г.Абилов Сасықкөл орталау мектебінің мұғалімі. Әкесі өмір бойы мешіт ұстаған. Мешіті Елтай ауылында, осы күнге дейін бар деп көрсетілген. Абилов Алаш Орданың әскери сотының мүшесі болған. Қазір де халық дұшпаны болып отыр, Кеңес үкіметіне қарсы адамдардың бірі делінген. Абилов орта мектепте оқытушы болып жүріп, оқушыларды дұрыс оқытпаған. Бір жазу жұмысын бермеген. Ауылда арақ ішіп, карта ойнауды ұйымдастырған деп жалған айыптар таққан [2; 84 п.].

Г.Абилов 1938 жылы 13 ақпанда ұсталып, 15 ақпанда ең жоғары айып тағылған. 1958 жылы 13 қыркүйекте дәлелдердің жеткіліксіздігінен ақталып шыққан [3].

О.Калшеев Арал колхозы орталау мектебінің оқытушысы. Жымпитының ең атақты саудагері Өтештің немересі. Өз әкесі де бай болған.

1934 жылы Орал педтехникумына оқуға түскен. Бірақ оқудан және комсомолдан қуылған. Оқудан қуылғасын облыстық ағарту бөлімінен қағаз алып келіп, оқытушы болған 1936-1937 оқу жылында «Арал» мектебінде мектеп меңгерушісі бола жүріп, мектептің отынын ұрлап, өзі жаққан деген айыптар тағылған. Айыптар нәтижесінде жұмыстан шығарылған.

Даваров Хасан бұрын молда болған. Қаратөбеде ру мәселелеріне қатысқан. Сол үшін партиядан қуылған. 1933 жылы облыстық ағарту бөлімінен келіп, мұғалім болып орналасқан. Сонымен қатар адвокат болып, бірнеше сотталған адамдарға арыз жазуды үйретіп, 1934-1935 оқу жылында 15 күн оқуды тоқтатқан.

Маркс ауылында тұрып 1937 жылы мамыр айында мас болып, төбелес шығарған, жай шаруалардың балаларын сабаған.

Халық жауы Бекен мен бір пікірлес, тілектес болған. 1937 жылы сәуір айында оқытушылар конференциясында «Бекенді жамандап сөйлегендерге қарсы шығып» сендер Бекенді жамандауларыңыз бекер, оның сіңірген еңбегі мол деп көрсеткен. Осы конференцияда ашықтан ашық Маркс ауылының партия советімен жұмыс істей алмайтындығын айтқан.

Даваров Хасанды да жұмыстан алып тастауын өтінген.

Шнаров Жымпиты орта мектебінің оқытушысы. Ірі байдың баласы. 2000 қойы, 1000 жылқысы болған.

1937-1938 жылғы оқу жылында орта мектепте тәрбиеші болған. Сонда тұрмысы нашарлығынан 2 жетім бала қашып кетеді. Ол баланы шығарып қашырады. Бала жазда Облыстық НКВД қарауынан табылады. Шнаров тәрбиелеп тұрған балалар Ақ-қызыл болып соғысып(ақтарға жеңгізіп) ойнайды. Сондықтан оны жұмыстан шығару керек деп негізсіз айыптаулар тағып, жұмыстан шығаруды өтінеді.

Бейбитов Жымпиты орта мектебінің география пәнінің мұғалімі. Халық жауы Бекенмен тілектес, сырлас адам. Местиком қаржысынан 1975 сомды орынсыз жұмсаған. Оның ішінде 300 сомды «Халық жауы» Бекеннің әйелін емдеуге берген. Сондықтан оны жұмыстан шығаруды өтінеді [2; 85-86 п.].

Архив құжаттарын қарай отырып батыс қазақстандық мұғалімдерге түрлі негізсіз айыптаулар тағылғанын көруге болады.

Сөз жоқ, моральдық-адамгершілік ойлары, ізгі көзқарастары мен сенімдері үшін зардап шеккендердің ауыр салмағы, негізінен білім беру саласының өкілдеріне түскен. Себебі білімді, еркін көзқарастағы зиялы қауым өкілдерінен коммунистік билік қатты қауіптенген. Әрине, өткен ғасыр басындағы жаңа қоғам болашағы жайлы прогрессивтік пікірлерімен, өздерінің қалыптасқан этикалық-моральдық сенімдерімен ұлттық сана-сезімнің оянуына тікелей ықпал ететін алаштық идеядағы зиялы қауымның өздеріне үлкен қарсылас болатындығын сол уақыттағы билік басында отырғандар жақсы түсінді. Ол жөнінде: «Кеңестік жүйе сол замандағы қазақ зиялы қауымының қалың армиясынан халық ағарту жұмыстарын сауатты түрде ұйымдастыра алатын, сөйтіп тек қазақ халқын ғана емес, бүкіл Орталық Азия халықтарын біріктіре алатын қуатты күшті көрді» деп көрсетті.

Қазақ зиялыларының алысты көздеген демократиялық көзқарастары большевиктердің түпкілікті мақсаттарымен түбірінен сәйкес келмейтін. Сол кезеңдегі билік саясаты қазақ зиялыларын, олардың арқа сүйер қалың қауымы алдыңғы қатарлы өкілдері мұғалімдерді алдымен құртуға мақсатты түрде барған.

Қуғындалған мұғалімдер мен олардың трагедиялық тағдырлары арқылы қазақ халқының еркін ойлы болмысының ұлттық тәуелсіздікке жетуде қандай «тар жол, тайғақ кешуден» өткенін көруге болады. Сонымен бірге ол қоғамдық-саяси ауыр жағдайларға, әр адамның басындағы трагедиялық ауыр тағдырларына, жиырмамыншы ғасырдың бірінші жартысындағы қоғам үшін драмалық оқиғаларға қарамастан, ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі құндылықтарының өзегі бұзылмағанын атап көрсетеді. Осының өзінен-ақ қазақ халқының тауқыметті тарихы мен темірдей мықты ұлттық болмыс-бітімі айқын танылады [4;].

Әдебиеттер:

1. С.У. Бақтыөразов Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі саяси-қуғын сүргін: тағдырлар қасіреті: монография – Алматы «Тоганай Т», 2017- 344 б.
2. Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві, № 786 қор, № 1мізімдеме, іс № 175, бума № 19
3. <https://ru.openlist.wiki/>
4. К.Матыжанов. Қуғын сүргінге ұшыраған ұстаздар // Егемен Қазақстан. – 2020. 5 қазан.

УДК 321.1824

1824 ЖЫЛҒЫ РЕФОРМА ЖӘНЕ БИЛІК ИНСТИТУТТАРЫ

Нұрбай М.Ә.

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ., Қазақстан

E-mail: aidanagybay@mail.ru

XIX ғасырдың алғашқы жылдарынан Ресей әкімшілігі қазақ жерін өзіне қосудың түрлі амалдарын қарастырады. Соның ішінде, қазақ жерін, билік жүйесін Ресей империясының заңдарына сәйкес біріктіру басталады. Ресей әкімшілігінің басты мақсаты қазақ жерінде хандық билікті жойып, территорияларды өзінің ықпалында ұстау болатын. 1822 жылы Орта жүзге

байланысты «Сібір қырғыздары туралы жарғы» мен 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» Орта жүз бен Кіші жүзде дәстүрлі әкімшілік, аймақтық басқару жүйесін өзгертті.

1823 жылдың 4 желтоқсанында «Орынбор қазақтары туралы жарғы Ресей сыртқы істер министрі К.В.Нессельродеге ұсынылды. Кіші жүздегі бұл реформаны дайындаушы Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссен болатын. 1824 жылдың 31 қаңтарында Азия комитеті «Орынбор қазақтары туралы» жарғыны қарастырды. 1824 жылдың 31 наурызында министр К.В.Нессельроде Ресей Императорының жарғысына мақұлдағанын хабарлады. [1, 52б.]

Бұл реформа бойынша Кіші жүз территориясы үш бөлікке бөлінді: Батыс, Орта, Шығыс. Әрбір бөлік ауылдарға бөлінетін болды. Ауылдар 50-100 түтіннен тұратын болған. Кіші жүзде хандық билік жойылды. Реформаның құрылымы бойынша жаңа әкімшілік жүйе пайда болды. Кіші жүздегі билік жүйесі өзгеріп, жаңа билік институттары пайда болды. 1824 жылдың тамызында әр бөлікті басқаратын сұлтан-правительдер тағайындалды. Реформа бойынша сұлтан-правительдер Кіші жүздің билік жүйесіндегі ең жоғарғы топта болды.

Жаңа басқару жүйесі бойынша Кіші жүз қазақтарын басқару Орынбор шекара комиссиясына жүктелген. Сонымен қатар, 1824 жылғы реформа бойынша жоғарғы басқару органы болып Орынбор Азия басқармасы құрылады. Басқарманың құрамына төраға, 2 кеңесші, 2 ассессор, қазақтардан 4 депутат тағайындалып отырған. Бұл мекеменің негізгі міндеттеріне келетін болсақ Кіші жүз территориясына бақылау орнату болатын. Орынбор Азия басқармасы Ресей империясының сыртқы істер министрлігіне бағынды. [2, 40б.]

Тарихшы С. Мәшімбаев өз еңбегінде 1824 жылғы реформа туралы мынадай пікір айтқан болатын: «Кіші жүз жерін үшке бөліп, ішкі басқару ісінде хандықты жойғанымен 1824 жылы басқару жүйесі жергілікті ұлт өкілдерінің қолында қалды. Дегенмен бірқатар жаңа жүйе Кіші жүз қазақтарын Орынбор Шекара Комиссиясы арқылы басқаруды күшейтті. [2, 36б.] С.Мәшімбаев көрсеткендей Кіші жүздегі басқару жүйесі қазақтардың қолында қалды. Сонымен қатар, жаңа әкімшілік

жүйе қазақтардың дәстүрлі рулық жүйесі өзгеріссіз қалды. Бірақ, сұлтан-правительдер Орынбор әкімшілігінің бақылауында және оларға бағынышты болатын.

Сұлтан-правительдер Ресей әкімшілігі тарапынан қолдау көрді. Оларға майор шені беріліп, Ресей империясының шенеунігі ретінде саналды. Сұлтан-правительдерге жылына 1200 күміс рубль жалақы және қызметінен босатылған жағдайда зейнетақы тағайындалды. Сұлтан-правительдерге казак отрядтары бағынышты болды. Олардың саны 100-200 шамасында болды. Сұлтан-правительдер билігінің символы ретінде оларға император таңбасы бар жалау, алтын қанжар және нұсқаулықтар жиынтығы табысталған. [3, 87-88б.] Сұлтан-правительдердің негізгі қызметтерінің бірі ел аралап, салық жинау болған. Олар ал аралап болғаннан кейін рапорт жазып, Орынбор әкімшілігіне есеп беріп отыраған. Мысалы, «Сұлтандар салықтың дұрыс жиналуын тексеріп, түтін саны, халықтың саны, ауыл саны, ауыл, бөлімшелер туралы мәлімет алуы керек» - делінген. [2,40б.]

Жалпы, Ресей империясы қазақтарды билікке жүйесіне қатыстыра отырып отарлық саясатты жүргізді деуге болады. 1824 жылғы реформа бойынша сұлтан-правительдердің негізгі міндеттері былай анықталады: «Қырғыздардың іс-әрекетін бақылау, халықтың санын анықтап, түтін санын, мал санын әр уақытта біліп отыру, үкімет нұсқауларын орындау. Қазақтар арасындағы барымтаға жол бермеу. [2, 39б.]

Кіші жүздің батыс бөлігіне сұлтан-правитель болып Қаратай Нұралыұлы, шығыс бөлікке Жұма Құдаймендіұлы, орта бөлікке Темір Ералыұлы бекітілді. [4, 69б.] Жалпы, 1824-1869 жылдар аралығында 16 адам сұлтан-правитель қызметінде болған. Алғашқы жылдары сұлтан-правительдер жиі ауысып отырған. Орынбор әкімшілігі жиі ауысудың себебі сұлтандардың бұйрықтар мен өз міндеттерін дұрыс атқармауынан деп көрсеткен. Кейін бұл үрдіс тоқтап, сұлтан-правительдер өз қызметін тұрақты атқаратын болды. 1841 жылы Шығыс бөліктің сұлтан-правителі Шотай Бақтыгерейұлы өз қызметінен босатылған. Кейбір деректерде Шотай Бақтыгерейұлының қызметтен босатылуының негізгі себебі Шығыс бөлікте Кенесары Қасымұлы бастаған жасақтың белсенді болуы деп айтылады.

Яғни, орыс әкімшілігі Шотай Бақтыгерейұлына сенімсіздік танытқан. Ал тарихшы С. Мәшімбаевтың дерегінше Шотай Бақтыгерейұлы пара алғаны және міндетін атқармағаны үшін қызметіне босатылған. [2, 46б.]

XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап бір әулеттен шыққан сұлтандардың билеуші болып тағайындалуы жиілей бастады. Мысалы, Баймұхамбет Айшуақов Батыс бөліктің билеушісі болса, ұлы М.Баймұхамедов Орта бөліктің билеушісі болды. [3, 90б.] Кіші жүздегі Қайып хан әулеті Шығыс бөлікте ықпалды болды.

Шығыс бөліктің сұлтан-правителі Ахмет Жантөрин (1810-1851) өте ықпалды билеушілердің бірі болды. Оның Орынбор әкімшілінің және өзіне бағынышты рулар арасында беделі зор болған деген деректер бар. [3, 90б.] Мысалы, Ахмет Жантөрин туралы мынадай пікір бар: «орыс әліпбиін үйренді, орыс кітаптарын оқыды, ол өзінің тайпаластары арасында зор беделге ие болды, оның арманы қырғыздарды (қазақтар) орыс мәдениетіне үйрету болатын». [5, 396-397б.]

40 жылдан астам уақыт қызмет еткен сұлтан-правительдер институты 1868 жылдың 21 қазанындағы «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарын басқару туралы» жарғысы бойынша жойылды. Көптеген сұлтан-правительдер зейнетке шықты, ал кейбір сұлтандар басқа қызметке ауысты. Мысалы, Батыс бөліктің билеушісі болған А.Сейдалин Николаев уезінің соты қызметіне ауысты. [3, 91б.]

Жалпы, сұлтан-правительдер институты 1824 жылғы жарғының Кіші жүзде орындалуының басты инструменттерінің бірі болды. Сұлтандар Ресей әкімшілігі мен қазақ қоғамы арасындағы байланыстырушы фактор болды деуге негіз бар.

1824 жылғы жарғыдағы кейбір кемшіліктер бірқатар өзгерістерді талап етті. Мысалы, шекаралық аймақтардағы тұрғындар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас шиеліністі болатын. Осыған байланысты, 1831 жылы Орынбор губернаторы П.П.Сухтелен (1830-1833) Кіші жүзде «дистанциялық басқару» жүйесін енгізді.

Реформаға сәйкес Кіші жүздегі Батыс, Орта, Шығыс бөліктер шекаралық және далалық аймақтарға бөлініп, аймақтар

дистанцияларға бөлінді. Орта бөлікте 13 дистанция құрылса, Батыста 8 дистанция құрылды, ал Шығыста 21 дистанция құрылды. [5, 210б.] 1844 жылға қарай барлық дистанциялардың саны 52-ге жетті. Дистанциялардағы халық саны әртүрлі болды. Кейбір дистанцияларда түгін саны 100-ге жетсе, кейбірінде 1000-ға дейін жетті. [1, 55б.]

Дистанциялық жүйенің құрылуы жана қызметтердің пайда болуына әкелді. Дистанцияларды басқару үшін дистанция бастықтары тағайындалды. Дистанция бастықтарының негізгі міндеті халық саны, түгін саны туралы есеп беру. Сонымен қатар, өзінің аймағының тыныштығын бақылау болды. Жалпы, дистанциялық басқару жүйесі шекаралық аймақтарды бақылау үшін, әкімшілікке қарсы түрлі «заң бұзушылықтарды» болдырмау үшін құрылған болатын.

Дистанция бастықтары сұлтан-правительдерге бағынышты болды. Дистанция бастығына үміткерлерді сұлтандар Орынбор шекара комиссиясына ұсынып отырды. Тізімнен лайықты адамдар таңдалып, қызметке тағайындалып отырды. [6, 75б.]

Дистанциялық басқару жүйесі енген уақытта Батыс бөлікте сұлтан-правитель болып Баймұхамед Айшуақов (1830-1847 жж.), Орта бөлікте Арыстан Жантөрин (1841-1855жж.), Шығыс бөлікте Шотай Бақтыгерейұлы (1835-1841жж.) басқарды. [2, 41б.]

Әрбір дистанция басшысы қызметіне қарай мемлекеттен жалақы алып отырған.


I дәрежелі басшы – жылына 75 сом күміс ақша.

II дәрежелі басшы – жылына 50 сом күміс ақша.

III дәрежелі басшы – жылына 30 сом күміс ақша [2, 43б.]

Бірақ, сұлтан-правительдермен салыстырғанда дистанция бастықтарына өмірлік зейнетақы тағайындалмаған. Архив құжаттарында 9-дистанция басшысы Тәуке Айшуақовтың Батыс бөліктің сұлтан-правителі Баймұхамед Айшуақовқа хат жазып өзіне зейнетақы тағайындауын өтінген. Бұл өтініште Тәуке Айшуақов өзінің 1831-жылдан бері дистанция басшысы екендігін, жасының 60-тан асқандығын, үлкен отбасын асырауға қаржысының жетпейтіндігін жазады. [7, 14б.]

Кіші жүз қазақтарын басқарудың 1831 жылғы жүйесі мынадай болды:



Дистанциялық жүйе қазақтардың рулық негізін есепке алған жоқ. Яғни, дистанциялар жер жағдайына қарай бөлінген болатын. Осылайша, Кіші жүз рулары бір-бірімен тығыз араласа бастады.

Сұлтан-правительдерден бөлек дистанция бастықтары, ауыл старшындары әкімшілік тарапынан марапаттаулар алып отырған. Құжаттарда көптеген дистанция бастықтары, старшындардың қызметтеріне байланысты марапатқа ұсынылатындығы жайлы жазылған. Мысалы, 19-дистанция бастығы Турмамбет Күнбасов 1839 жылғы Хиуа экспедиция барысында көмектескені үшін әкімшілік тарапынан марапатталған. [7, 216.] Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс барысында орыс әскеріне көмектескені үшін көптеген сұлтандар, дистанция бастықтары марапатталған.

Шекаралық шептерді басқару үшін құрылған дистанциялық басқару жүйесі 1868 жылғы реформа бойынша жойылды. Дистанциялық басқару жүйесі Орынбор әкімшілігіне шекаралық шептерде орналасқан қазақтарды бақылауға, далалық аймақтардағы қазақтарды басқарып, бақылауға жағдай туғызды.

Дистанциялар өз ішінде ауылдарға бөлінді. Ауылдарды басқару үшін ауыл старшыны тағайындалып отырды. Ауыл старшынына үміткерлерді ауыл тұрғындары дистанция бастықтарына ұсынып отырды. Дистанция бастықтары ауыл старшынын үміткерлер арасында іріктеп, тағайындап отырды. Ауыл старшыны дистанция бастықтарына бағынышты болды.

XIX ғасырда Ресей әкімшілігі Қазақ даласын басқаруға арналған бірнеше әкімшілік реформалар жасады. 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғысы» бойынша жаңа басқару

жүйесі, жаңа басқару қызметтері пайда болды. Бұл реформалар нәтижесінде сұлтан-правительдер, дистанция бастықтары, ауыл старшындары т.б. қызметтер пайда болды. Ресей әкімшілігі басқарудың жаңа жүйесін ойлап табу арқылы қазақ жүздерін өзіне бағынышты еткісі келді. Ал, қазақ элитасы бұл реформалар арқылы өздерінің орнын, ықпалын сақтап қалғысы келді. Сол себепті, кейбір сұлтандар жаңа басқару жүйесіне үйренді. Сол арқылы өздеріне бағынышты руларға ықпалын сақтады. Дегенмен Ресей әкімшілігі сұлтан-правительдер, дистанция бастықтарын қатаң бақылауда ұстады, қызметтерін тексеріп отырды. Яғни, қызметке тәртіпті, әкімшілікке адал адамдар алынды. Осы басқару жүйесінде көптеген қазақтар Ресей әкімшілік басқару жүйесінде төменнен жоғары қызметке дейін көтеріліп отырды. XIX ғасырдың ортасына қарай билік институттары толық қалыптасты деуге болады. 1824 жылғы реформа бойынша жасалған билік институттары 1869 жылы жойылып, жаңа басқару жүйесі қалыптасты.

Әдебиеттер:

1. Избасарова Г.Б. *Политика Российской империи в казахской степи первой половине XIX в. // Вестн. Моск. Ун-та. Серия 8. История. 2017. №2. // ғылыми электронды кітапхана «cyberleninka.ru»*
2. Мәшімбаев С. *Патшалық Ресейдің отарлық саясаты (оқулық). – Алматы, «Санат», 1994. – 136б.*
3. Султанғалиева Г. *Казахское чиновничество Оренбургского ведомства: формирование направление деятельности (XIX) // Acta Slavica Laponica, Tomus 27, 77-101б.*
4. Избасарова Г.Б. *Принципы функционирования властной элиты степи в политической организации Российской империи (на примере службы султана Ахмет Джантюрин)* // Вест. Моск. Ун-та. Серия 8. История. 2015. №5/6 // ғылыми электронды кітапхана «cyberleninka.ru»
5. Добросмыслов А.И. *Тургайская область. Исторический очерк. Актобе, 2010 // электронды кітапхана «Twirpx.com»*

6. *Национальные окраины Российской империи: становление и развитие системы управления. Москва, 1997. // электронды кітапхана «Тwіrрх.com»*
7. *История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. Алматы, 2006. 959б. XVIII том, часть 2.*

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Нургалиева А.М.

СОВМЕСТНАЯ РАБОТА НАУЧНЫХ СООБЩЕСТВ И ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ КАЗАХСТАНА И РОССИИ ПО СОЗДАНИЮ КУЛЬТУРНО-ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ПОЯСА СВЯТЫНЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....3

Гумарова А.Е.

НАПРАВЛЕНИЯ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В АСТРАХАНСКОЙ ОБЛАСТИ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ.....9

Макабаева А.М.

УВИДЕТЬ В КАМНЕ ГРАЦИЮ К 25-ЛЕТИЮ СО ДНЯ ОТКРЫТИЯ МАВЗОЛЕЯ КУРМАНГАЗЫ.....11

Калиева Ж.А.

РЕСЕЙ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ САКРАЛЬДІ ГЕОГРАФИЯҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУРАЛЫ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ.....15

СЕКЦИЯ 1

«ЕСТЕ САҚТАУ ОРЫНДАРЫ: ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕСІ»/«МЕСТА ПАМЯТИ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»

Тукешева Н.М. Ташай К.К.

КОМПЛЕКСНОЕ ИЗУЧЕНИЕ САКРАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....26

Мырзабаева Б.М.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ МӘДЕНИ ҚАТЫНАСТАРЫ.....33

Рыскалиев Т.Х., Саркулова Г.С.

ЖИЗНЕННЫЕ КОРНИ КАЗАХСКОЙ ФИЛОСОФИИ.....36

Есенгалиева В. А.

РОЛЬ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА В ПЕРЕХОДНЫЙ ПЕРИОД СТАНОВЛЕНИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА.....47

Айткулова А.Е.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫ.....53

Джакупова А.Г.

РОЛЬ ЖАНГИР ХАНА В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....56

Балжанова Г. Ж.

ХАСАН НҰРМҰХАМЕДОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ.....61

Әділгереева Н.А.

ОРАЛДАҒЫ ШЕШЕН ДИАСПОРАСЫ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ.....66

Жексенов А.Б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГАЗ ӨНДІРІСІНІҢ ТАРИХЫ.....73

Ғұбай А.С.

АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЕҢІСІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....80

СЕКЦИЯ 2
**«МӘДЕНИ ЕСТЕЛІКТЕРДІ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТТЕ,
МЕМУАРИСТИКАДА, КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ ҚҰЖАТТЫҚ ЖАНРДА САҚТАУ
МӘСЕЛЕСІ»/ «ПРОБЛЕМА СОХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНОЙ ПАМЯТИ В
ИСТОРИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ, МЕМУАРИСТИКЕ, ХУДОЖЕСТВЕННЫХ
И ДОКУМЕНТАЛЬНЫХ ЖАНРАХ»**

Науанова К.М., Есеева Г.Н.	
Приграничное сотрудничество Казахстана и России в области культуры.....	91
Тастаева Ж.К.	
Краеведческая работа с учащимися в школе как метод пропаганды знаний об истории родного края.....	106
Аюпова М.В.	
Қаратөбе ақ құм қазынасы.....	110
Жвыкова Е.А.	
Приграничное сотрудничество в области культуры Западно-Казахстанской области и Оренбургской области.....	115
Калиева Н.Б.	
Білім мен ғылым саласындағы шекаралық байланыстар.....	123
Басанбаев А.М.	
Шекаралық ынтымақтастықтағы Жайық өзенінің ролі.....	127
Махамбетова М.А.	
Қазіргі таңдағы қазақстан-түрік қатынастарының даму динамикасы.....	109
Саркулова Г.С., Әмен А.Ж.	
Жад (естелік) орындарының тарих ғылымы жүйесіндегі орны.....	135
Әмен А.Ж.	
Ұлы даланың көкке самғаған қыраны. Н.Майданов хақында.....	141
Шамурادова Г.Ж.	
Бекет ата мешітінің тарихы оғыланды жеріндегі Бекет ата жерасты мешіті (XVIII-XIX ғғ.).....	146
Кадешова А.К.	
Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова –қазақ әйелдерінен шыққан тұңғыш мұғалім.....	158
Зинуллина Н.М.	
Ахмет Мәметұлының еңбектеріндегі саяси-әлеуметтік көзқарастары.....	162
Хайруллин А.С.	
Жаңақала ауданынан шыққан тұлғалар.....	170
Зулпқарова Т.Н.	
Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған батыс қазақстандық педагогтар.....	175
Нұрбай М.Ә.	
1824 жылғы реформа және билік институттары.....	179

**«ҚАЗАҚТАРДЫҢ РУХАНИ ҚАСИЕТТІ ОРЫНДАРЫ ТУРАЛЫ БІЛІМДІ ЗЕРТТЕУ
МЕН НАСИХАТТАУДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ»**

тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической онлайн конференции

**«ПРИГРАНИЧНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В ИЗУЧЕНИИ И ПРОПАГАНДЕ ЗНАНИЙ
О ДУХОВНЫХ СВЯТЫНЯХ КАЗАХОВ»**

**АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ
ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ**

Көлемі 11,8 б.т. Таралымы 150 дана. Тапсырыс № 5.
Объем 11,8 п.л. Тираж 150 экз. Заказ № 5.

Западно-Казакстанский университет им. М.Утемисова, 2021.
090000, Уральск, пр. Н.Назарбаева, 162.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазакстан университеті, 2021.
090000, Орал, Н.Назарбаев даңғылы, 162.